

Жәмбек С.Н.,
Бөкен Г.С.



XIX ҒАСЫРДАҒЫ ҚАЗАҚ ӘДЕБИЕТІ

Оқу кұралы



Жәмбек С.Н., Бөкен Г.С.

XIX ҒАСЫРДАҒЫ ҚАЗАҚ ӘДЕБИЕТІ

Оқу құралы



ЭВЕРО
Алматы, 2023

ӘОЖ 616.34-022-053.2 (075.8)

ББЖ 57.335.14 я 73

Б 42

Баспаға Ш.Уәлиханов атындағы Көкшетау университетінің жанындағы Оқу-әдістемелік кеңес (№9, 30.06.2020) ұсынған.

Пікір жазғандар:

ф.ғ.д., проф. **Тұрысбек Р.**, Л.Гумилев атындағы ЕҰУ.

Нұр-Сұлтан қ.

ф.ғ.д., проф. **Жұмағұлов С.Б.**, Л.Гумилев атындағы ЕҰУ.

Нұр-Сұлтан қ.

ф.ғ.к., доц. **Смағұлова Н.Қ.**, «Ш.Уәлиханов атындағы КУ».

КеАҚ Көкшетау қ.

Жәмбек С.Н., Бөкен Г.С.

Б 42 XIX ғасырдағы қазақ әдебиеті: Оқу құралы. – Алматы:

Эверо, 2023. – 144 б.

ISBN 978-601-352-011-7

«XIX ғасырдағы қазақ әдебиеті» атты оқу құралында XIX ғасырдағы қазақ әдебиеті дамуының мазмұнындағы реализм, романтизм тәрізді көркемдік әдістердің көріністері, ауызша және жазбаша ақындық дәстүр табиғаты, жыраулық поэзия сілемдерінің сақталуы, ежелгі түркілік, шығыстық жазба әдебиетімен сабақтастық мәселелері қарастырылады. Кітап студенттер мен магистранттар, докторанттарға әдебиетші ұстаздарға, жалпы өлкенің әдебиеті мен рухани мұрасына қызығушылық танытатын қалың оқырман қауымға арналады.

ӘОЖ 616.34-022-053.2 (075.8)

ББЖ 57.335.14 я 73

ISBN 978-601-352-011-7

© Жәмбек С.Н., Бөкен Г.С., 2023

© Эверо баспасы, 2023

ДӘРИС МӘТІНДЕРІ

Дәріс №1 XIX ҒАСЫРДАҒЫ ТАРИХИ – ӘЛЕУМЕТТІК ЖАҒДАЙ ЖӘНЕ ҚАЗАҚ ӘДЕБИЕТІ

XIX ғасырда экономика, өнеркәсіп, мәдениет дами түсті. Ресей патшалығы қазақ елін билеу ісіне тікелей араласты. Қазақ хандығын жойып, аға сұлтандардың балаларына ауысып келетін хан билігі орнына сайланып қойылатын өкімшілік орнатылды. Бұл тәртіп қазақтың әкім-билерін патша ұлықтарының өзіне тәуелді етіп өз қолдарында ұстауына мүмкіндік берді. Ұлықтардың келісімінсіз, ұйғарымынсыз ешбір сұлтан әкімшілік өз бетінше дербес іс жүргізе алмады. Ақсүйек, төре тұқымдары хан атағын сақтауға тырысты, ұлықтар ішінара болса да санасуға тырысты. Мысалы, Жәңгір хан өле-өлгенінше Бөкей ордасының ханы болып есептелді. Басқа жүздің хандарынаң айырықша құрмет көрсетіп, қазақ даласына ықпал етудің қолшақпарына айналдырды. Еділ мен Жайықты мекендеген кіші жүздер сырт елдермен көп байланыс жасай алмады. Тек Ресеймен тікелей байланыс жасап, өз хандығының экономикасын нығайтуды, патшаға адал қызмет атқаруды ойлады. Бөкей ордасына қарасты құнарлы жер шонжарлардың меншігіне беріледі... Шаруалар жер қысымына тап болады. Шұрайлы жер феодалдардың иелігінде болды... Жерді пайдаланғаны үшін феодалдарға ақшалай, малмен, өніммен ақы төлеуге мәжбүр болды. Жәңгір ханның тұсында халықтың берекесі қашты, алым-салық көбейді. Ханның салық жинаушылары қарулы жасауылмен шығып, қолма-қол жинап отырды. Ішкі Орда шаруалары жер қысымына қатты ұшырады... Беріш руынан Исатай Тайманұлы мен М.Өтемісұлы сияқты өжет ерлер көтеріліп халық кегін алу үшін ханға қарсы атой салды.

1836-1837 жылдары көтеріліс шарықтау шегіне жетті-халық қаһарының, ел намысының іште қайнаған ыза-кегі жалынша лаулап жалпақ елді шарпыды... Сол кездегі қазақ арасындағы Ресей патшалығына деген наразылықты Орта Азия хандықтары өз мүдделеріне пайдаланып қалуға тырысты... Оңтүстік Қазақстан жеріне сұқтанған Қоқан Хиуа бектері, өз хандықтарына шектес жерлерін басып алып, өздерінің әмірлерін жүргізуге әрекеттенді. Хиуа ханы Кіші жүздің Ресейге наразы төре-сұлтандарымен байланыс жасап, оларға қару-жарақ беріп, елден зекет жинатты.

Қоқан ханы Оңтүстік өлкені өзіне қаратып, ауыр алым-салық жинатты. 1821 ж. Қоқан басқыншыларына қарсы Тентек төре бастағап қозғалыс басталды, бірақ қазақ бай-манаптарының берекесіздігінен көтеріліс сәтсіз аяқталды. Бұдан кейін 40-шы жылдары Кенесары Қасымов бастаған көтеріліс келіп жетті... Қалың қазақ бұқарасы орыс халқына қол ұсынып, айналасына топтасты... жер өңдеу, сауда-саттық, отырықшылдық тұрмыс, оқу, мәдениет әсерін тигізді... Кіші жүз Әбілқайыр... Хандық мақсаттағы қозғалыстар феодалдық идеологияны күшейтті. (Х.С.) Бірақ халық оларды түсінді, ел намысын қорғап жүрген ардагерлер етіп көрсетуге: Байтөк, Жанұзақ, Нысанбай, Досқожалар Жәңгір, Кенесары, Наурызбайларды дәріптеді...

XIX ғасырда екі түрлі идеялық ағым қалыптасты. Еңбекші халықтың мүддесін көздеген бұқарашыл әдебиет (Махамбет, Шернияз, Арыстан, Сүйінбай т.б.). Екіншісі-феодалдық идеядағы ескішіл әдебиет ағымы. XIX ғасыр әдебиетінің негізгі бітім болмысы саяси-тарихи жағдайлары Халел Досмұхамбетұлы, М. Әуезов, С. Мұқанов, Қ. Жұмалиев, Ы. Дүйсенбаев, Ә. Қоңыратбаев, Б. Кенжебаев, Х. Сүйінішәлиев, С. Қирабаев, Т. Кәкішев, Р. Бердібаев, М. Мырзахметов, М. Мағауин, А. Жақсылықов т.б. ғалымдар еңбегінде жан-жақты қарастырылды.

Дулат Бабатайұлы (1802-1874) поэзиясы және сол кезеңдегі
тарихи дәуір болмысы

1. Дулат қазақ әдебиетіндегі алғаш мысал жазған ақын.
2. Дулат шығармаларындағы оқу-өнер,білім тақырыбы.
3. «Еспембет» дастанының фольклорлық сипаты, композициясы, тілі.

1. Дулат қазақ әдебиетінде алғаш мысал жазған ақын.

Дулат қазақ әдебиеті тарихында алғаш мысал жазған ақын. Оның бізге жеткен төрт-бес мысалы бар. Бұл жағынан оны әдебиетке жаңа бір форма әкелуші, жаңалық енгізуші деп қараған жөн. Дулаттың мысал ретінде жазған шығармалары үлгі, өнеге беру, ақыл айту ретінде келіп отырады. Онда кішіпейілділік, бірлік, әділеттік жақталып, мақтаншақтық, менмендік, бейшаралық, орынсыз пысықтық сыналады. Адамдағы абзал қасиеттерді ардақтаған, адамгершілікті жоғары тұтқан ақынның бұл мысал өлеңдерінің тәрбиелік мәні күні бүгінге дейін жойылған жоқ. **«Сары шымшық»** атты мысал өлеңінде таңдайы кеуіп шөлдеген жаман шымшық қып- қып етіп, қорқа-қорқа басып, көлден су ішсе сап зытады.Қайтып келіп басқа шымшықтарға мақтанады: «Барсам көлде дүйім құс тұр. Ортада аққу. Көл қорыған қызғыштар. Айламды асырып, соның бәріне сездірмей, ұрлап су іштім, әбден шомылдым. Бір кезде қалықтап қаршыға келіп қалды. Қаз қамысқа тығылды, аққулар есінен адасты, сұқсырлар суға сүнгіді. Мен ғана тырп етпей отыра бердім. Қаршыға менен қаймығып, көлге қонбады. Ақыры саңғыттым да, көлдің суын арамдап жөніме кете бардым.», - деп бөседі. Сонда бір шымшық қас сөйлеп, ана бір көлдің түбінде балалар құрған тұзақ бар,айналасы арпа, бидай, айлаңды асырып, тұзаққа түспей, сол жемді теріп же, бұл сенің қолыңнан келеді, -деп арандатады. «Қаршығадан қорықпаған тұзақтан қорқам ба?»,-деп мықтымсып барған сары шымшық тұзаққа түсіп, мерт болады.

Ендігі бір **«Қара қарға»** деген мысалында: Қара қарға жем іздеп жүріп,

өлген үйрек тауып алады. Өзі жемей балапандарына әкеліп береді. Олар бұл тәтті жемді қалай қолға түсірдің деп сұрайды

анасынан. «Қайратты шешен қамысты көлден іліп әкетті» деп мақтанады қарға. Ата – бабамыз үйрек іліп көрген жоқ еді, -деп күдіктенеді балапандар.Осының бәрін естіп, көріп тұрған бір сауысқан қарғаға келеді де, қаршығаның теуіп түсірген үйрегін жоғалтып алып, іздеп келе жатқанын айтады.

«Қырғиды да жұмсапты,
Кім де болса алғанның
Сол жерде мойнын қи депті,
Жемімді алған ұрыға
Өлімнен тарт сый депті», - дейді.

Қарғаның зәресі ұшады, ішкен жегенін қайта құсады.Балапандарын шулатып тұра қашады.Үйректің қалған жемтігін сауысқан сүйрей жөнеледі.

Дулаттың мысал стилінде жазылған тағы бір шығармасы «**Шаштараз**».Бұл да қысқа сюжетке құрылған өнегелі, өрнекті туынды.Оның да оқушысына тәлім берерлік әлі күнге мәні бар аңыз бойынша, Ескендірдің басында қос мүйізі болыпты-мыс.Патша оны жасырып жүріпті.Шашын қиып, тарап, күтіп тұру үшін сыр шашпайтын, аузына берік шаштараз таптырып, одан ант алып,сұрағанын беріп, шашын алғызып жүреді. Шаштараз уәдесін біраз ұстап жүргенмен, күндердің күнінде уәдесін бұзып алады. Қанша айтпайын деп жүрсе де, ол ішін кернеген сырды жасыра алмай, ақыры далаға оңаша шығып, жерге етбетінен жатып, патшаның басында мүйізі бар деп қалады. Аузынан құпияның шығуы мұң екен,жел естіп, желден ел естіп тарап кетеді.Бейшара шаштараз аузына ие бола алмай, басынан айрылады. Ақынның бұл мысалы да адамгершілік тәлім береді.Уағыдаға берік, ұстамды бол дейді. Дулат мысалдарының ғибрат аларлық жақтары өте мол, өнегелі туындылар.

2. Дулат шығармаларындағы оқу,өнер-білім тақырыбы. Ақын шығармаларынан орын алатын маңызды мәселенің бірі- **оқу, өнер-білім**. Дулат та басқа ақындар сияқты надандыққа, әдепсіздікке қарсы шығып, қазақ қоғамындағы адамгершілікке жат қылықтардың өріс алу себебі – осы надандық індетінің салдары деп түсінген. Сондықтан оқып білім алған адамдардың қоғам өмірінен алатын орындары өзгеше деп бағалаған. Адам бойындағы даналық пен жақсылық- бәрі тәрбиенің, оқудың нәтижесі. Елді оқыған тәрбиелі, білімді адам басқарса, зұлымдық пен озбырлық дегендерге

жол берілмес еді,- деп түйген. Жалпы адамның «жақсы», «жаман» деп бөлінуі де сол парасаттылығында: ойлы, ұстамды, білімді, өнерлі болуы, ақылының өсуі-бәрі оның ізденіп тапқанына, содан соң бойына дарытқанына байланысты.

«Өнер, білім оқып біл» өлеңі.

Өнер, білім оқып біл,

Өнер алды қызыл тіл,

Оқып алса керек сөз,

Алтынға құйған бал мен тең,-

деп, өнер,білімнің оқу арқылы табылатынын, көп ізденуді, аянбай еңбектенуі керек екенін ескертеді. Ал білімсіздік надандыққа, жөн білместікке апарар тегіс жол деп, барлық жөнсіздік пен жүгенсіздік надандықтан туындайтынын айтады.

Адам жаратылысында бірдей болып тұрмайды, әр адам өзіне ғана тән қасиет, қабілеттерімен ерекшеленеді , оның бірі дана ,бірі залым боп өмірден алған бағытына қарай қалыптасатыны осыған байланысты деп түсінеді.

3.«Еспембет» дастанының фольклорлық сипаты, композициясы, тілі.

«Еспембет» Дулат шығармаларының ең бір биік бәйтерегі ,бәйтеректің шыңы іспеттес.Бұл шығарма қазақ әдебиеті тарихында елеулі орын алатын қысқа сюжетке құрылған дастан.Сонымен қатар,патриоттық маңызы зор, батырлар жыры үлгісінде жазылған.Бұл жырлардың басым бөлігі-Отанды сүю,басқыншы жаудан ел қорғау, халық үшін ерлік еңбек ету идеясынан туған.Олай болса, Еспембет дастаны да осындай мақсатпен жазылған шығармалардың қатарынан орын алады.Жалпы халықтық батырлар жырында оқиғаның басталуы әр түрлі болып келеді.Кейбір жырлар кейіпкерлердің дүниеге келмей тұрған шағынан суреттейтін болса,енді бірде батырлардың іс-әрекетке көшуінен басталады.Ал «Еспембет» дастанында басты кейіпкердің ер жетіп,есейген кезінен,содан былайғы ерлік істерін сипаттаудан басталған.Шарықтау шегіде ,шешуі де шебер құрылған.Өзінің айтпақ болған идеясына лайықты және шарықтау шегінің жеткен жерінде оқиға тез аяқталады.Мысалы:«Бәрін айт та ,бірін айт, Еспембеттей ер қай Еспембеттей ер туса, Ер күтетін ел қайда?» дей отырып,елін қорғап ел үшін жауына оқ ататын батыр туса,елге қорған ер туса деген арманмен аяқталады. Дулат Еспембеттің ел

қорғаудағы ісін жастарға үлгі етеді, келешек ұрпақты өз елін, туған жерін, отанын сүйеге, қорғауға, адал халқына қызмет етуге шақырады. Поэма 4 бөлімнен тұрады. 1-ші бөлім - «Беташар» - 6 жол, 2-ші бөлім - «Таныстыру» - 38 жол, 3-ші бөлім - «Нағашы жұртында» - 187 жол, 4-ші бөлім - «Туған елде», «Соғыс» - 315 жол.

Бірінші кіріспе бөлімінде:

«Тіл біткеннің шешені, а

Топта бермес есені а

Үлгі айтса көшелі

Жауға шапса көсемі. а

Ұйқасы -а,-а, -а,-а үлгісінде берілген, бірыңғай 7 буынды болып келеді.

Таныстыру орнындағы 2-ші бөлімінде -7 шумақтан, 38 тармақтан тұрады. 1-ші шумақ 6- жол, 2-ші шумақ -4 жол, 3-ші шумақ -9 жол, 4-ші шумақ -7 жол, 5-7 шумақ -4 жол. Кезекті ұйқасқа құрылған.

Нағашысы уақта, а

Ер Қосайдай ер өткен. б

Жетім қалып Еспембет в

Қолында соның ер жеткен. б

Еспембет дастанының композициялық құрылымындағы үлкен ерекшелік - ақын шығарманы шумаққа құрылған өлең жолдарымен беруді мақсат еткен. Негізгі басым шумақ түрі - төрт жолды шумақ, 103 шумақтың 53 шумағы 4 жолды болып келген. Сонымен қатар 7-8 буынды, 2-3 буынақтан құралып, ұйқастың басым бөлігін қамтыған. Дастанның екінші ерекшелігі тілінде. Дулат қазақтың тіл байлығын өте жақсы меңгерген. Оның сөздері мағыналы, өте терең, әрі көркем. Дулат өлеңдерінің тілі таза, көркем де шешен. Ол, ол ма әдебиеттің көркемдегіш құралдарын (теңеу, метонимия, метафора, эпитет, қайталау, арнау т.б.) өте шебер қолданған.

«Еспембет» дастанында көңіл аударатын және бір қызық қолданыс - **теңеу** түрін пайдалануы. Шығармада теңеу сөздер әрі көлемі жағынан, әрі түрі жағынан көп. Мысалы:

Нағашысы уақта

Ер Қосайдай ер өткен

Жетім қалып Еспембет

Қолында соның ер жеткен.

Шығармада екінші образ-Қосай. Дулат Қосайды жасы тоқсанға келіп, туғаннан түскен батырдың бейнесінде сомдайды, яғни «ерге» теңейді. Сонымен қатар, қалмақтың батырын бейнелегенде Дулат талай теңеулерді орынды қолданған. Бізге белгілі теңеу поэтикалық тілдің ең бай түрі. Дулат дастанында теңеудің жиырмаға жуығы кездеседі. «Еспембет» дастанындағы теңеулер -тай,-тей,-дай,-дей, -ша,-ше жұрнақтары арқылы жасалған. Шығармада метафоралық мағынада жұмсалған сөздер біршама. Дулатта **метафораның** тәуелдік жалғаулар арқылы жасалған түрі кездеседі. «Бақ құсы қонып басына, Еспембет келді еліне» Сонымен бірге, бір нәрсені бірнеше нәрсеге балау арқылы жасалған **эпитеттік метафораны** кездестіреміз.

«Жөңкерілген қалың қол

Жүйткіген желге ұқсайды

Көрінісі кей кезде

Толқыған көлге ұқсайды;

Мұнар түнеп, бұлт көшке

Асқар белге ұқсайды;

Кенетінен ду етсе,

Тас қопарып, тау бұзған

Аққан селге ұқсайды».

Мұнда қалың қосты «желге», «көлге», «белге», «селге», қысқасы, бірнеше нәрсеге балап тұр. Дастанның ерекшелігі тек батырдың жеке тұлғасын суреттеп қоймай, сонымен бірге халық бейнесін қоса суреттеуде. Үлкен шабытпен жырлау Дулат толғауларының ерекшелігі.

Метафораның үшінші түрі «бейне» деген сөздің көмегімен жасалған.

«Сыр бермейді сырттансып,

Кежегесі тартып тұр.

Бейне арыстан түлегі.»

Дастанда метонимиялық мағынада жасалған сөздер бар:

«Қарт бура қарсы шабынса, Қас батыр қару тағынса.» Еспембет дастанында **эпитеттің** тұрақты түрі өте көп. Мысалы: алмас қылыш ақ найза, сар садақ, қораш құл, алтын бел, ақ отау, ақ маңдай, аппақ жол, қарт батыр, асқар бел, толқыған көл, қас батыр, қара жер және т.б. Қазақ халқының өлеңдерінде болсын, көркем қара сөздерінде болсын ерекше орын алатын фигураның түрі-**арнау**. Олай болса,

шығармада арнаудың қандай түрі берілген және қалай берілген, міне, осыған тоқталайық:

«Сырыңды айт маған, шөберем,

Сұлу сүйгің келе ме?

Сұңқар шүйгің келе ме?

Айдынды ала ту алып,

Жауға тигің келе ме?»/12,128/

Яғни, ақын жырға қосып отырған , адам өз ойын өзгеге арнап, сауал арқылы жеткізеді.

Дулат шығармаларында **қайталау** түрлері де кездеседі:

«Күндестік те еліңнен,

Міндестік те еліңнен,

Қамалау да еліңнен,

Табалау да еліңнен,

Өсіру де еліңнен.»

Алдыңғы сөзден соңғы сөзді, алдыңғы ойдан соңғы ойды, алдыңғы құбылыстан соңғы құбылысты асыра, асқақтата түсетін фигураның бір түрі – **дамыту**. Фигураның бұл түрін екі батырдың майданда белдескен жерінен және Ақбөртеңің шабысын суреттеуде байқаймыз. Жалпы Еспембет дастанының қазақ әдебиеті тарихында маңызы өте зор.

Махамбет Өтемісұлы (1803 - 1846) қазақ әдебиетіндегі сыншыл реалистік, романтикалық толғаудың ақыны

1. Махамбет қазақ халқының сыншыл реалистік, романтикалық толғау ақыны.

2. Махамбет жырларындағы күрескерлік, жауынгерлік, азаматтық әуендер. («Ереуіл атқа ер салмай», «Атадан туған аруақты ер», «Ұл туса», «Күн қайда?»)

3. Махамбет өлеңдеріндегі жыраулық дәстүр

4. М.Өтемісұлы өлеңдерінің құрылысы мен стилі, ақынның тіл шеберлігі.

1. Махамбет қазақ халқының сыншыл реалистік, романтикалық толғау ақыны. Махамбет заман шындығынан бірден бір дұрыс қорытынды жасай білген реалист ақын. Оның реалистігін әрбір өлеңінен көреміз. Халық бақыты, ел мүддесі үшін күрескен Махамбеттей жалынды ақын өлеңі өмір шындығынан аулық болуы мүмкін емес еді. Махамбеттің «Соғыс» өлеңі де сол замандағы ұрыс құралы мен қаруланған патша үкіметінің Гекке патша әскерімен қанды шайқасқа түскен шешуші айқасты бейнелейді. Исатайдың қалың қолы осы жерде топтасқан. Айбарлы жасақ жауына оқ болып атылуға әзір. Сол сәтті ақын:

Әскер жиып аттандық

Бекетай еді тұғырым

Айғайлап жауға тигенде

Ағатай Беріш ұраным

Бекетай құмға ел қонып

Байбақты Жүніс аттанды,-

деп бейнелейді. Бекетай құмындағы ұрыста ол барынша реалистілікпен көрсеткен. Көз алдында қанды майдан, қырғын өлім. Өрттей лаулаған жау. Ол мейірімсіз. «мылтығын қардай боратып», қамалды бұзып жауар бұлттай түйіле, найзағайдай атыла сөйлейді, ерлік мінезінен қайтпайды. Ақынның «Баймағанбет сұлтанға» деген толғауы ешбір бүкпесіз өзінің нағыз шын сыры ретінде реалистік тебіреніспен суреттеледі.

Хан-сұлтанның торына түсіп алданып, қапы қалғанын, сөйтсе де өзінің бас имейтінін, алған бетінен қайтпайтынын именбей

айтқан. Махамбет өлеңдері жігерлі де асқақ романтикаға толы. Ақын өзінің «Жалған дүние», «Шашылу», «Қайда бар», «Тар қамау», «Қаршыға деген бір құс бар», «Жалғыздық», «Адыра қалған Нарында», «Шегініс» деген өлеңдерінде романтизм элементі жиі кездеседі. Бірақ бұл- көпшілікті күреске шақырған оптимистік, прогресшіл романтизм. Прогресшіл романтикалық сарындағы Махамбет өлеңдерінің інішде әсіресе ерекше орын алатыны- «Бағаналы терек жарылса» атты өлеңінде:

Бағаналы терек жарылса
Бақыраш жамап болар ма?
Қарағайға қарсы бұтақ біткенше
Еменге иір бұтақ бітсейші,
Қыранға тұғыр қыларға.

Демек Махамбет, өлеңдеріндегі романтизм, болашақтан жақсылық күткен және елді күреске шақырған прогресшіл романтизм. Махамбет сөздері- «Жалаулы найза қолға алып» жау тоқтататын сөздер. (7,49-53)

2. Махамбет жырларындағы күрескерлік, жауынгерлік, азаматтық әуендер. («Ереуіл атқа ер салмай», «Атадан туған аруақты ер», «Ұл туса», «Күн қайда»).

Күрескер жауынгер ақын Махамбеттің өлеңдерінің өн бойында оның өмірлік мақсаты, жоғары күрескерлік рухы, ел мен жердің қамын, өшпес ерліктің мәні тізбектелген. Бұған дәлелдің бірі «Ереуіл атқа ер салмай» өлеңі.

Ереуіл атқа ер салмай
Егеулі найза қолға алмай,
Еңку – еңку жер шалмай
Қоңыр салқын төске алмай, ...

Ерлердің ісі бітер ме? - деп жауға аттану үшін батырға не қажет екенін айтады. Яғни ерлерге ең алдымен ереуіл ат, егеулі найза және жер шалу, қоңыр салқын төске алу қажет болса керек. Сондай-ақ,

Ат үстінде күн көрмей,
Ашаршылық, шөл көрмей, /1,53/

Өзегі талып ет жемей ...-деген жолдардан батырларға керек қажеттіліктен басқа жауынгерлік өмірдің тауқыметін көруге болады. Бұл өлеңде ер адамға сұрақ қойып, сол арқылы талап та қояды. Осы талаптардың барлығына сай адам ғана ер болмақ деген идея айтады. Көп жылдар күресті басынан өткізген ақын, өмір

құбылысын, тартыстар тәжірибесін бақылай келіп, «Атадан туған аруақты ер» -деген өлеңінде қорытынды шығарады.

Атадан туған аруақты ер

Жауды көрсе жапырар,

Үдей сокқан дауылдай.

Жамандарға қарасаң

Малын көрер жанындай ...

Айтып-айтпай немеңе,

Егер халық қозғалса, /1,36/

Тұра алмайды хан тағында-ай – деп өзінің халық күшіне бері сенетінін көрсетеді. Хан, сұлтан, би-феодалдар қаншама мықтысынып, қара халықты қанаса да, күш халықта деген идеяны кейінгілерге өсиет есебінде қалдырады. Өздері жете алмай кеткен ұлы армандарын, келешек ұрпақтың орындайтынына сенеді және халық үшін күрескерлердің қандай сипаты болуы керек деген сұраққа да өз жауабын беріп кетті.

«Ұл туса» деген өлеңінде, қолына найза алып, ата жолын қуарлық ұлдың қандай болатынын көрсетеді.

Асылдан болат ұл туса,

Екі жақ болып келгенде,

Егескен жерде шарт кетер.

Жауырынан өтіп алса да, /1,76/

Жамандарға жалынбас, - дейді.

Қандай қиын, қандай трагедиялық жағдайды басынан кешірсе де, ол пессимизмге салынған жоқ, өле - өлгенше келешекке сенумен болды да, ұрпақтарын халық кегі үшін күреске шақырады. Көп уақыт күрес тауқыметін тартқан ақын өзінің жабыңқы көңіл- күйін «Күн қайда» деген өлеңінен анық көрсетеді.

.... Шалғынға бие біз байлап,

Орнықты қара сабадан.

Бозбаламен күліп ойнап,

Қымыз ішер күн қайда? -деп өмірдегі қарапайым болса да жанға жылулық тыныштық беретін өмір қажеттіліктерін аңсау сарыны бар. Ақын өмірден түңілмейді, риторикалық сұрақ түрінде кешегі күрес күндерін аңсайды. Әлде болса ақын «Алты құлаш ақ найза қолға алып, ұсынып шаншуға» әзір тұрғанын көрсетеді. Өмірдегі әр құбылысты, әр істі аңсаған нағыз ер, батырға тән аңсау басым. Сол аңсауларға деген талпыныс сезім жатқан сияқты.

3. Махамбет өлеңдеріндегі жыраулық дәстүр жалғастығының белгілері:

Махамбеттің кейбір өлеңдері мысалы; «Жалған дүние», «Арғымаққа оқ тиді», сияқты толғауларынан жыраулық дәстүр жалғастығын айқын аңғаруға болады.

Оның «Жалған дүние» толғауында:

Қоғалы көлдер, құм сулар.

Кімдерге қоныс болмаған

Саздауға біткен құба тал

Кімдерге сайғақ болмаған,- бұл үзіндіден Махамбеттің риторикалық сұрау арнау түрінде айта келе, өмірге өзінше қорытынды жасайды. Шалкиіз жырауда да осы идея сөз болады.

Тағы бір мысал «Арғымаққа оқ тиді» өлеңінде:

Арғымаққа оқ тиді,

Қыл мықынның түбінен

Ер жігітке оқ тиді

Ауыз омыртқаның түбінен

Қайтейін енді дүние -ай!

Жалғыз да кетіп барамын,

Қасымда көмектің кемінен,- деген бұл үзінді Доспанбет жырау толғауында да бар.

Махамбет жыраулардың толғауларың өз шығармаларына негіз етіп алып, оған қосымша өзіндік қолтума ерекшеліктерін енгізген.

4. Өлеңдерінің құрылысы мен стилі, ақынның тіл шеберлігі. Құрылысы жағынан Махамбет өлеңдері, негізінде жыр ағымы, яғни 7-8 буынды өлеңдер болып келеді. Қара өлең ұйқысымен келетін 11 буынды өлеңдер бірен-саран. Бұл өлеңдерінің тақырыбы, суреттемелік оқиғасы идеялық мазмұнымен байланысты. Махамбет поэзиясының алдына қойған мақсаты-халықты күреске шақыру, ерлік қимылдарды жыр ету. Өлең құрылысы жыр ағымымен келуі осы жайларымен де байланысты. 11 буынды өлеңнен гөрі 7-8 буынды өлең түрі Махамбет тақырыбына қолайлы. Махамбет өлеңдері туралы соңғы жылдары жазылған кейбір мақала еңбектерінде Махамбеттің өлеңінің құрылысын «байыту», «түр санын көбейту», мақсатымен шумақ, буын туралы «жаңа пікірлер» кездесіп жүр. Бұл ізденулер- жаңа бір материалдар тауып, соның негізінде жаңалық ашу емес, жұқалап айтқанда, жалған қиялдың көрінісі. Жалпы өлең құрылысы, оның шумағы,

бунақ-буыны, ұйқасы бәрі де белгілі бір заңдылыққа негізделеді. Өлеңге тән ол заңдылық бұзылса өлең-өлең болмайды. Сондықтан шумақты, не буынды, ұйқасты әркім өзінше бұрмалап, өзінше құрастырып, оның негізінде «жаналық ашуға» болмайды. Бірнеше жолдар ішкі логикалық мағына жағынан байланысып, дыбыс үйлестігі, (ұйқасы) жағынан қиюласа, біткен бір синтаксистік ойды білдіреді.

Қазақ өлең құрылысында шумақ екі жолдан бастап, төрт, алты, сегіз, он одан да көп жолдардан құралуы мүмкін. Мысалы, Махамбеттің «Ереуіл атқа ер салмай» деп басталатын өлеңі 19 жол, соның бәрі бірақ құрмалас сөйлем.

«Ереуіл атқа ер салмай», - өлеңінде:

Ереуіл атқа ер салмай

Ерлердің ісі бітер ме?

Егеулі найза қолға алмай

Ерлердің ісі бітер ме?-деп, ең аяғы «ерлердің ісі бітер ме? » деген жолына шейін ой бітпейді. Осы өлеңінің әр жолы құрмалас сөйлемнің компоненті ретінде айтылады. Ой толқынының қарқын күшін әлсіретпей, бір тыныспен бітіру, сол арқылы тындаушыға өлеңнің әсерін күшейту мақсатынан туған.

Өлеңнің буынын талдау да ерекше мұқияттылықты керек етеді. Бұл әсіресе жыр ағымымен жазылған 7-8 буындар аралас келетін өлеңдерін талдасақ. Мысалы: Махамбеттің:

Еменнің⁵ түбі // сары³ бал,

Еріскен⁵ көңіл // бәрі³ бал.

Жоғарыдан⁶ төмен // төгейін³

Керегінді⁴ // теріп³ ал,

Қасыма⁴ ерген // жолдастар³,

Антың⁴ бұзып // айрылма⁴,

Зейініңді⁴ // бермен сал³,

- деген өлеңін алсақ, 7-8 буын араласып, жыр ағымына жататын өлең екендігін көрсетеді. Бірақ жыр ағымы дегенде тек 7-8 буынның араласып келу ғана деп, осымен шектелсек дұрыс болмас еді. Бұл- Махамбет өлеңінің негізгі түрі.

Оның кейбір өлеңдері 7-8 буынды тармақтар болып келеді де, кейбір тармақтардың буын сандары 8-ден де асып кетеді.

Толарсақтан⁴ // саз кешіп³

Тоқтамай⁵ тартып // шығарға³

Қас үлектен⁶ туған // кәтепті³

Қара нар⁵ керек // біздің бұл⁵ іске,- деген шумақтың соңғы екі жолдарының 9-10болып келетін буын сандары,7-8 буынды жолдарының ішінен кездеседі. Махамбет өлеңдерінде не бары төрт түрлі ұйқас бар. Қара өлең ұйқасы (а-а-в-а) шұбартпалы ұйқас (а-аааа), кезекті ұйқас (а-в-б-в), ерікті ұйқас.

Махамбет шығармаларының тілі әрі көркем, әрі өткір, әрі күшті болумен қатар, әр сөзі орынды, әр жағдайдың өзіне лайықты да сәйкес, соған тән болып келеді. Махамбет өлеңдерінде көркем тілге тән өрнек – айшықтың қай түрін болсын кездестіреміз. Өз мағынасында қолданылатын сөздер, троптың түрлері, фигура, оның алуан түрлері т.б. Оның поэтик тіліне тән және бір ерекшелік – нұсқалылығы. Не қазақ поэзиясында бұрын қолданылмаған, не өте сирек кездесетін образдар. Сөздерінің саралылығы, образдарының үздіктігі жағынан өзінен бұрында, өз кезінде де Махамбетпен тең келетін ақын болған емес.

Махамбет халық көңілінің тұнығындағы су асылы еркіндікті, теңдікті, жақсы тұрмысты аңсаған арманшыл ата жауына деген қаны қатқан өшімен кегін, азаматтық антқа берік адалдығы мен арыстандай ерлігін көкке көтере мадақтады. Ақының қызыл оттай қызулы, қылыштай өткір, селдей серпінді сөздері қараңғыда алдан жарық күнді қармаған қалың қазақтың ақ жүрегіне толқу салды, ер көңіліне жел берді.

Махамбет жырларын оқыған адам тез тұтанып, Исатай сарбаздарының сарынды айқасқа кіргендей, жеңіс қуанышын, жеңіліс күйігін бірге кешкендей сезінеді. Ақының құдіретті сөзінің күні бүгінге дейін сыры кеткен жоқ. Махамбет жырлары халқымыздың мәдени мұраларының рухани ең асылынан саналады. «... Шындықты тура айтатын абайламай Дарига-ай Махамбеттер, Абылайлар-ай»-деп ақын Мұқағали жырлағандай Махамбет құдай берген таланттың арқасында аз ғұмырында өзі басынан кешкен өмірді өлеңге айналдырып, ащы шындықты ашық айтып, сол рухты жырларын, ерлік ұрандарын ұрпақтан-ұрпаққа тірілердің бәріне-бәрімізге жаттатып кеткен. Махамбеттің жалынды жырлары ұрпақтың патриоттық сезімін оятып, намыс қылышын берік ұстауға тәрбиелеуші мұра.

Шернияз Жарылғасұлының (1807-1867) толғау – термелеріндегі өмірдің қайшылықтары

1. Шернияз Жарылғасұлының термелеріндегі өмірдің қайшылықтары.

2. Шернияз шығармаларындағы Исатай-Махамбет көтерілісіне байланысты туған өлеңдерінің мәні.

1. Шернияз Жарылғасұлының термелеріндегі өмірдің қайшылықтары. Шәйіп Нұржігітұлының қолжазбасында Шернияздың бұрын жұртқа мәлім емес екі термесі және бірнеше қысқа өлеңдері бар. Термесінің бірі “Өмір туралы” деп, екіншісі тек “Терме” деп аталады. Бұл термелер Шернияздың тек жай ғана ақын емес, өмірді кеңінен шолып, оған өзінше баға бермек болған, өзінше қорытынды пікір айтуға ұмтылған ақын екендігін көрсетеді:

Аттан аттың несі кем,

өзін төрпан көк болса?

Ерден ердің несі кем,

Айтқан сөзі берік болса?

Хандардан ханның несі кем,

Халыққа әділ, ерік болса, - деген сықылды риторикалық сұраумен термелеп келеді де, өзінің бақылауынша кейбір жерлерінде қорытынды ретінде пікір де айтады.

Ай, жігіттер, жігіттер,

Жердің жүзін қарасаң,

Мұнша неге кең болған.

Жеті мүше денеміз

Бір-біріне тең болған.

Төрт аяқты айуандар,

Неге адамнан кем болған? 4 //136-137//

Өмірдің әрдайым өзгеріп отырғандығын аңғару ауыз әдебиетінде де Бұхар тағы басқа ақындардың шығармаларында да кездеседі. Бұл мәселені біз Шерниязбен байланысты тек факт ретінде ғана айтып отырмыз.

Ақын:

Болжапты күн болған соң,

Бұл дүниеден кім қалған?

*Батыр өткен шабынған,
Жүйрік өткен шабылған.
Сұлу өткен жағынған
Кербез өткен қағынған,
Не жайсаңдар өтпеген,
Озаған жүйрік табынған? – дейді.*

Бірақ табиғат және өмір құбылыстарында әр түрлі өзгерістер болып жатқандықтан ақын тұрпайы түрде болғанмен дұрыс түсінсе де, әлеумет өмірінің кейбір негізгі мәселелерін мүлде теріс түсінеді:

Мысалы:

*Бәрімізге айтпақ,
Қайырлы болса бай ортақ,
Жақсы болса би ортақ, -*

деген сөздерді алсақ, “Қайырлы бай”, “Жақсы би”, “Жақсы хан” болады-мыс дейтін нағыз ұсақ байшылдық көзқарастары дәріптейтіндігін көреміз. “Жақсы хан”, “Жақсы патша” болады, елді солар бастаса, тұрмыс түзелер еді, рухани көтерілісінің негізгі бір әлсіздігі, негізгі бір қайшылығы осында. Демек, бұл әлсіздік пен қайшылық шаруалар көтерілісінің әрі қатысушысы, әрі жыршысының бірі болған Шернияз өлеңдерінде кездеспеуі мүмкін емес.

Ақын халықты жақсылыққа, адамгершілікке үндеп отырады. Ол әр уақытта әділетті өмірді аңсаумен болады. Ел-жұрттың бірлігін, тату әділетті өмірді аңсаумен болады, жайлы тұрмыс құруын, хан билердің қадірлігін, олардың ақылмен іс қылып, халық қамын ойлаумен, ел дәулетін молайтуға күні салуын аңсайды.

*Жұрт теңгеріп тұруға
Әділ төре хан керек.
Ханның көркін сұрасаң,
Қора орман ел керек.
Жұрт жабылып ішетін
Айдын шалқар көл керек.*

Ақын халық көптің күніне, халық ісіне сенеді. Жалғыз адам көздеген мақсатына, мұратына жете алмайды, ел арманы үшін қам жасап, әуір өніп орнату үшін көпшілік ісі нәтижесіне беруге тиіс, деп ойлайды.

2. Шернияз шығармаларындағы Исатай-Махамбет көтерілісіне байланысты туған өлеңдерінің мәні. Исатай мен Махамбет өлеңдеріне байланысты туған мәнділігі оның өнерге деген ұштарлық, дарындығын оятады. Шернияздың Исатай мен тілдесуі көтеріліс кезін, айкастың ең қызған шағын, батырдың өлімін баяндайтын жырлар болса, Шернияз сөзі деп айтылған жәмет жырау берген. т.б. материалдар ақын шығармашылығын толтыра түсерлік құнды деректер. 1. //506//.

Шернияз хандардың көтерілістен кейін халық басына түсірген қайғылы кезеңін ақын “азған заман” деп бағалайды. Ақын қандай ауыр жағдайға кезіксе де Исатайдан айнымайды. Оны хан алдында тұрып-ақ дәріптейді. Исатайды ол әрі батыр, әрі әділ қазы, әрі ел қамқоры, қайырымды, адал жан етіп көрсетеді. Шернияз Исатай бейнесін үнемі Баймағанбетке қарама-қарсы қоя суреттейді. Ақын бейнелеуінде Исатай – халық елден шыққан асыл тас, нағыз сарбаз, ел ермесі, ер жігіт, өзіндей достарына алатындай құнды адам, жан рақатын беретін жарқын жан, елдің алмас алтын сапты қолбасшы, арқа сүйер тынысы... Ақын Исатайды ең алдымен, халқына қызмет еткен ардагер азамат болған үшін дәріптейді, ел мүддесі үшін керек адам деп аңсайды.

*“Сағынам аузыма алсам Исатайды,
Ер тумас ел бағына ондай жайлы.
Қарадан халық сүйіп “ханым” деген,
Жігіт ед төрт тұрманы түгел сайлы.”*

Исатайдың мінезін де ақын сүйсіне суреттейді: “Мінезі толқушы еді туған айдай” деп батыр мінезіндегі ерекшелікті бір жүйеде де, оның адамгершілігі жоғары, кең пейілді адам болғанын атап көрсетеді. Осындай асыл қасиеттермен ел құрметіне бөлінген Исатайдың өліміне себепкер болған Баймағанбетті ақын қатты қайғырады.

*“Кешегі Исатайдай бауырласты,
Өлтірдің Кіші жүзде асыл тасты.
Өлтіріп бірге туған бауырласты
Хан неден сені мұндай қара басты?...
Өлтірген Исатайды оңар ма екен,
Дәурені я болғандай болар ма екен?
Ұшып кетті қолымнан дәулет құсым,
Енді айналып тұғырыма қонар ма екен?”*

Шернияз Баймағанбетке деген халық лағнетін осылай жеткізеді. 1//508-509//. Ақын ел бар жерде ер тұмақ, ер бар жерде ізгі де абзал іс болмау, халық қамы үнемі күрескен ерді ел еш ұмытпас емес дей келіп, Исатайда елді пана асқар тауға теңейді, оны күндеп қудалаған ел жауын сол асқар таудың бауырынан ін қазған тышқан әрекетіне ұқсатады, оның опасыздық ісін ашу -ызамен сөгеді.

Шернияз Исатайды шын жүрегінен сүйіп жер-көкке көтере мақтайды. Оны дәулетті, мейрімді адам деп сүйсіне суреттейді. Мұнда ақынның ішкі сезімінің, жүрек лебізінің хан жағында емес, халық сүйген ер жағында болғаны бірдей байқалады.

*“Тұсында Исатайдың ойын көрдің,
Кемердеп белбеу берді шарпа белдік...
Басымда жүз теңеліп қамшат бөрік,
Інімде қос ауызды, пистон мылтық.
Мен сонда жібек баулы тұйғын тұттым,
Қылғанын Исатайдың әркім көрді,
Исатайдай көрмедік жомарт ерді,”*

деп Шернияз жан жолдасы Исатайға шаң жуытпайды, оны елге ерте үлгі етіп көрсетеді. 1//514//.

Ал А.М. Жүсіп мақаласын талдап қарайтын болсақ Исатай мен Махамбет өлеңдеріне қатысты мәнін түсіндіреді. Қазақтың ауызша айтқан өлеңі, жоқтауы, жұмбағы, айтысы- рухани тарихтың, ойдың, шаңырақ кереге уығындай мүшесі. Ел тарихы ауыз айтқан әдебиетсіз томағасы түгел жазылмайды. Қазақ жұртының мәдениетін түгел жазуға ауыз әдебиет қораға қалаған кірпіш болды.

Профессор А. Жұмашевтың пайымдауынша: Исатай өліп, көтеріліс басылғаннан кейін хан сұлтандар елге қатты-қатты шаралар қолданды, айдатты, дүре соқтырды, төрін талқан, есігін ойран етті.

Осындай ел бейбітшілігін бұзған Орынбордан шыққан патша әскерін көтерілісшілерге өзі бастап әкеліп, Исатайдың өліміне ортақ, көтерілістің жеңілуіне себепші болған Баймағанбетке мұз боп қатқан ескі кен Шерниязды шыдатпайды. өзі өлім ауызында тұрса да, ақын батыл түрде Баймағанбеттің халыққа істеген жауыздығын бетке басады.

*“Па, шіркін, Исатайдай сарбаз тумас,
Қас етсең, қасыңа да адам жуымас
Ел ұстап, жұрт бейлейтін қылығың жоқ,*

Хан емес, қас қатынсың мұндар қу бас”, - деп ел сүйген батыр ұлға Баймағанбетті қарама-қарсы қояды. 4 //33-131//.

Қорыта келгенде Исатай қозғалысына байланысты поэзия Шернияз шығармашылығымен ғана шектелмейді. Бұл қозғалысты жыраушылар елде көп болған. Бірақ хан- сұлтандар тегеуріндері олардың үнін өшіруге мейлінше күш салды. Сондықтан ондай жырлар кезінде елге тарап кете алмай кермеуде қалып отырды. Кейінгі кезде ескеріліп, зерттеліп жүрген Алмажан Азаматқызының “Жетім қыз” дастаны күә.

Осылайша, халықтың хан өктемдігіне қарсы айбында, қозғалысы үздіксіз жырланып, оны бастаған батырлардың ерлігі істері әдебиетімізде өзінің лайықты орнын тапты.

Дәріс № 5

Шортанбай Қанайұлы (1818 - 1881)-патшалық отарлау саясатын әшкерлеуде реалистікпен жырлаған сыншыл, ойлы суреткер ақын

1. Шортанбай Қанайұлы (1818-1881) шығармаларындағы көркемдік ерекшеліктері.
2. Шортанбай Қанайұлы – реалист, сыншыл ойлы суреткер ақын («Зар заман», «Бала зары», «Алдаушы жалған» т.б.)
3. Шортанбай жыраудың дін, құдай тақырыбындағы толғаулар.

1. Шортанбай Қанайұлы (1818-1881) шығармаларындағы көркемдік ерекшеліктері. Шортанбайдың “Тар заман”, “Бала зары” замана жайын, адамның мінез-құлықтарын, дін жайын сөз ететін, оларға өз көзқарасын аңғартарлық лирикалық толғаулар түріне жатады. Бұл мәселеде оның басқа жыраулардан айырым жағы – діни көзқарасының басымдығы.

Шортанбай ақының тым қысқа өмірбаянына қарағанда, ол – жасынан діншілдікті емес, өлеңді күйттеген кісі. Бірақ дін, “о дүние, бұ дүние” Шортанбайда көбірек сөз болады. Олай болу себебі реакцияшыл поэзияның оңтүстік ақындарына тигізген зиянды діншіл әсерлерімен байланысты еді.

Екінші, XIX ғасырдағы Қазан, Уфа қалаларында татар буржуазиясын байыту мақсатымен құрылған баспа орындарында көбірек басылған діни кітаптардың қазақ даласына кең жайылулары да Шортанбайға ықпал тигізуі мүмкін.

Үшінші, Шортанбай – феодалдық көзқарасты аңсаушы ақын. Бұл кездер ол аңсаған ескіліктің іргесі сөгіліп, қазақ даласына әр түрлі жаңалықтар қанат жайып, олар өздерінің келешегінің мығымдығын таныта бастаған кезі еді десек, бұл жағдайлар феодал табының жыршысы Шортанбайды шошытады, келешегі күңгірттікке айналады.

Шортанбайдың дарыны онша үлкен адам емес, құба төбел ғана ақын. Оны ел аузында сақтатып, тарихқа іліктіріп келе жатқан – оның өз кезіндегі актуалды мәселелерді көтеруі, аз да болса сол кездің өмір шындығын көрсете алғандығы. өзіне дейінгі қазақ өлең құрлысына еңгізген Шортанбайдың жаңалығы жоқ.

аз-ақ алдында өткен Дулатпен салыстырсақ, оған тең келмейді. Дулат қазақтың бай тілін толық меңгерген, халықтың сарқылмас, мол қазынасынан ең асылдарын таңдап ала білген және оларды өз өлеңдеріне шебер қолданған ақын дедік. Әсіресе, Дулаттың бір ерекшелігі - өзіне дейінгі әдеби нұсқаларда кездеспейтін, әрі ешкім қолданбаған, әрі көркем, әрі үздік образдарды поэзия тіліне енгізуі. Солар арқылы Дулат халқымыздың тіл байлығының молдығын танытты. Соны іздеп, тере білсе, талай тамаша образ, көркем сөздер табуға болатындығын көрсетіп, өз өлеңдеріне ондай сөздердің үлгілерін қалдырды. Ал Шортанбайда өзіне дейінгі ақындарда қолданылмаған, не аз қолданылған сөз образдары өте сирек кездеседі. Мысалы:

Нар түйенің жақсысы –
Бауыры сүтті маясы.

Өлшеулі күннің жеткен соң,
Бұйрық дәмің біткен соң,
Төсектей қазған бір жерге
Қырыңнан кіріп сиғаның.

Құбылып тұрған қызыл гүл
Қураса кетер мәнері.

Он екі құрық, қырық шалғы,
Қияда сұнқар таранды.

Атты кердең өсірген
Арқаның тарал шобі екен.

Жігітті кердең өсірген
Ат пен малдың демі екен. т.б
Бірақ мұндай сөз тіркестері Шортанбай ақын өлеңдерінде аз. Көпшілігіне ақын өзінің айтатын деген ой-пікірлерін жай образ, көпшілікке түсінікті сөз тіркестерімен береді. Бірақ ақын көркем сөз, жаңа образдарды көп қолдануды машық етпесе де, жұртшылыққа мәлім сөз образдарынан өзінің айтайын деген ойларын, суреттемек, сынамақ, нәрселерін, өмір құбылыстарын дәл айтып беруге керекті сөздерді табуға, оларды құрастыруға шебер.

Мысалы:

Қолында тұрып ұрлығы,
Мойнында тұрып зорлығы,
Ойында тұрып жалғаны, -

деген үзіндіні алсақ, поэтикалық тіл тұғысынан тартымдылық тұғызарлық үш рет қайталанып тұр деген сөзден басқа образдылық қызмет атқарып тұрған еш сөз жоқ. Бірақ сол жай сөздердің өздері өлеңнің контекстінде көркемдік роль атқарады. Өйткені, өлең молдалар туралы. Мұндай мінез, іс-әрекеттер оларға тән. Демек, ол жолдардың көркемдігі сөз қайталауында емес, шындығында.

Екінші бір жерінде:

Қожа, молда көбейіп,
Отырар төрде шөмейіп, -

дейді. Бұл үзіндідегі көсемше етіс арқылы жасалған эпитет, шарта жүгініп, төрде отырған молдалардың кескін, келбеттерін ғана көзге елестетіп қоймайды, олар туралы оқырмандарын да жексұрын-ақ екен дегендей сезімде қалдырады. Олар болса, шөмейіп деген эпитет, қарапайымдығына қарамастан, дұрыс қолданылған және тап осы үзіндіде ол суреттеу құралы міндетін толық атқарып тұр. Сонымен қатар, шөмейіп деген сөздің астарлы мағынасында мысқыл, кекесін жатқандығы да аңғарылады.

Дәл осы мысқылды сөз тіркестері, мысқылдай сөйлеу саудагерлерді суреттеген өлеңінде де жиі кездеседі:

Шолақ иттей діңкілдеп,

Бір – біріне жетім деп,

Алас ұрып өліп тұр.

Шортанбай жырларында поэтикалық тілдердің басқа түрлері де сол өзінің қарапайым қалпында кездеседі және сол тұрғысында өз міндеттерін атқарады да. Әрине, ол – Шортанбайдың басқалардан ерекшелігі емес.

Мысалы:


Шөп сұйылды жердегі,

Құс таусылды көлдегі...

Биттей нәрсе қалсайшы

Бұрынғы заманнан ырымға, -

деген жолдардағы әсірелеу, литоталар фольклормен байланысты жатқандығы өзінен-өзі айқын.



Ескі феодалдық салт-сананың өз кезінде құлдырай бастағанын көрсету үшін әсірелеу, литоталық сөз тіркестерін әдейі қолданған. Өз пікіріне оқырмандарын сендіру үшін асыра суреттейді. Шортанбай Қанайұлы өмір сүрген кезде десек те, оның қалдықтары ой-санадан мүлде арылуы былай тұрсын, әлі күшті болатын. Жыраудың өзі де – сол ескі салт-сананың құрбандықтарының бірі. Кезіндегі көп ақындармен салыстырғанда, Шортанбай ақын нақыл сөздерге шебер. Бұл жағынан оның көп өлеңдері жырау сөздерінің үлгілерінде болып келеді. Халықтың оны Шортанбай жырау деп атаулары да кездейсоқ емес. Мысалы, “Бала зары” толғауының үзіндісін келтірсек:

Ауылдың малы бұралқы,
Ақылы жоқ жаманға.
Жан екен деп тыңдамас,
Насихат айтсаң наданға.

Бұл сөздер түгелдей афоризм – нақыл сөздер – тобына жатады. Өйткені әрқайсысында үлкен мағына, өмір шындығы жатыр. Бұл – ақынның өмір құбылыстарын бақылауынан алынған, өмір туралы пікір қорытындылары. Сонымен қатар, адамның мінез-құлқын жөндеуде, неден кашу, неге ұмтылуға бағыт сілтеген мәні зор, жүйелі пікірі бар.

Шортанбай жыраудың тілін сөз еткенде, айтылуға тиісті және бір мәселе – оның шығармаларындағы шетел сөздері. Біз жоғарыда Шортанбай ақын шығармаларының, әсіресе бір әлсіз жағы дін, дінді көбірек жырлау дедік. Ол жағдай оның шығармаларының тіліне де үлкен әсер етті. Дулат не басқа ақындармен салыстырғанда түрік, парсы, әсіресе араб сөздері Шортанбайда жиі кездеседі. Мысалы: ғайбат, бейіш, мұхмин, муфты, тәкбір, ғасима, сұбұхан алла, ғибрат, зекет, харам, гурзі, бәйт, суннет, парыз, хатым, пайғамбар; кісі аттары: Адам, Мұхаммат, Мустафа, Сүлеймен, Ибраһим т.б./2,172-177/

Шортанбай ақын шығармаларында қолданылатын көркемдік тәсілдеріне келер болсақ, онда көне түркі әдебиетінен келе жатқан дыбыс қуалау (аллитерация, ассонанс) көп кездесіп жатады. Мысалы, “Зар заман” толғауы:

Бір пара жанды малды қып,
Бір пара жанды малсыз қып,
Бір пара жанды ғалым қып,

Бір пара жанды залым қып,
Бір пара жанды дінді қып,
Бір пара жанды дінсіз қып...
... Зар заман, зар заман,
Зарлап өткен бір заман...

Ара-тұра сөздің, алғашқы буынның қайталануы, өлең тармағы буынға ғана емес, екпінге де негізделіп құрылатын сәттері де аз кездеспейді.

Шортанбай жыраудың ақындық айналымында троптардың орны айрықша бөлек. “Текеметтің түріндей құбылған заман”, “орыс – бүркіт, біз түлкі”, “ұстараның жүзіндей аударылған дүние”, “сусыз жерге су түсіп, сусылдап келіп қу түсіп”, “ұзын аққан Сарысу”, “Арқаның жазы бейіш-ті”, “құбақан сағым бел, самалды шалқар көл”, “арғымақ ат тасырқап, тағалы болған замана”, “көп – жалғыздың саясы”, “жарысқа кірген жақсылар”, “сауысқан, ала қарға құстың құлы” деген теңеу, кейіптеу, бейнелеулер жыр ажарын кіргізіп, өлеңді тірілте түседі. Жалпы, Шортанбай Қанайұлы поэзиясының екпіндеп, түйреп, ашынып отыру ерекшелігі сөз қолданысындағы аса мол, көбіне тек өзіндік өрнектерге, оралымдарға байланысып жатады.

Шортанбай ақын өлең сөздің бейнелеу құралдарын мейлінше мол пайдаланады. Алайда Шортанбай жырау өлеңінің сезім қуаты, көркемдік күші бейнелі көркем тілі ғана емес; Шортанбай Қанайұлы өлеңінде поэзиялық сәуле түсіріп тұрған – наразылық, жаттың ісінен іш жию, ұрпағын жамандықтан сақтаудағы жанұшыру сезімі. Ақынның тіл кестесінде ежелгі дәстүрлі қолданыстармен бірге өзіндік, өз заманының ерекшелігін жеткізер тіл айшықтары аз емес. Бір ғана заман ұғымы ақын қолданыстарында зар заман, тар заман, асылық азған заман, ақыр заман арғымақ ат тасырқап, тағалы болған заман, т.б түрленіп сипатталады.

Қазақ поэзиясының кейіптеу тілі, теңеу тілі зар заман дәуірінде басқа сипатқа енді. Ашынып, кектеніп, жек көріп, айбаттанып, сес көрсете сөйлеу поэзия тіліне жаңа айшықтар әкелді. Махамбет Жәңгірді қасқырға, жыланға, шаянға, т.б. теңеді. Дулат сол шығармаларындағы ел мінезін, атқамінерлердің болмысын ашу – қазақ поэзиясына жаңа қырлар енгізді. Зар заман ағымы халық поэзиясындағы дәстүрлі кейіптеу, бейнелеу құралдарын молайтты,

түрлендірді, өзгертті. Шортанбай жыраудың тілі – сол өзгерген, нақтылана түскен, өткірі, өтімі өскен өлеңінің тілі. Әрбір өзгерген қалыптың, тіршілік дамуының жаңа сөз тудырып отыратыны белгілі. Зар заманның өз сөзі болды.

Ғалым М.Мырзахметов “Отаршылдық дәуір әдебиеті” атты зерттеуінде ел билеудің жаңа жүйесі туғызған сұлтан правительдер мен билердің, старшиндардың бұрын-соңды болмаған образдар жүйесі жасалғанын, олардың халық атынан айыпталып, сыналуы сол тұстағы қазақ әдебиеті тарихына енген соны құбылыс екендігін айтып, Махамбет, Дулат шығармаларындағы ел билеушінің, елін сатқан атқамінерлердің бейнесіне тоқталып өтеді. Орыс отаршылдығын 3 кезеңге бөліп, сол тұста туған, жасаған көркем шығарма атаулының бәріне тән ортақ сарын отаршылдыққа қарсылықтан туған құбылыс екендігін тұжырымдауы зар заман ағымының тарихи негіздерін бекіте түскен айғақтар.

Шортанбай өлеңінде ежелгі түркілік, шығыстық үлгі басым көрінеді. Озбырлыққа, зұлымдыққа, дүниеқорлық пен дүмшілікке Шортанбай ізгілік, имандылықты көлденең қойып отырып сөйлейді. Бұзылған заманды түйреп, сөгіп отырып, түпкі мұраттарды қосақабат өрістетеді. Орта ғасырлардағы түркі әдебиетінде ел билеушінің жағымды сипаты мен жағымсыз тұрпаты, жалпы ел басқарудың өнер, жауапкершілік негіздері де көп айтылған.

Шортанбай көне түркі, араб поэзиясының қыры мен сырын еркін меңгеріп, игерген ақын екендігі даусыз. Жалпы оның шығыс мәдениетімен, мұсылманшылық идеясымен астарласып жатқан қырларын ашу – келешектің шаруасы. Шортанбай баяғыны баяндап беруші емес, өз дәуірінің шындығын нақты көрініспен өлеңге өзіндік өрнекпен көшірген ірі дарын, ілгерідегі өлең дәстүрін дамытып, байытушы, заманға сай жаңа түске көшірген суреткер.

2. Шортанбай Қанайұлы – реалист, сыншыл ойлы суреткер ақын («Зар заман», «Бала зары», «Алдаушы жалған» т.б.)

Қазақ арасында етек алған жаңа топ – тілмаш, адвокат сияқты патшалық үкіметтің чиновниктері. Орыс мектебінен білім алған олар халықтың мұңын қолға алу орнына оған қарсы қанаушылар тобын құрап, әкімдерге қызмет етіп, елден алым алып, пара-пәлені көбейтіп, елге жексұрын атанып жүр. Олардың жымысқы екіжүзділіктері, халыққа қиянат жасап, қайғысын зорайтып жатқаны шебер бейнеленеді.

Шортанбайдың әрі кеңірек, әрі тереңірек жыр еткен тақырыбы көтерілген мәселелері – сол өз кезінде қазақ даласына қанат жа бастаған сауда капитализм элементтері және халықты қана мәселелері. Бұл тақырыптармен байланысты ақын көп шындықтардың бетін ашып, олардың негіздерінде кейбі шығармалар қалдырды. Солардың бірі “Зар заман” атты шығармасы /2,162/ Елді қанаушылардың жаңа тобының ақшалы байлар алыпсатар, саудагерлер екенін ақын суреттейді, оларды нағыз ел ырысын еміп, сездірмей сорып жатқан араны толмас алпауыттар деп бейнелейді. Ақшаға байланысты елде қайғы-қасіреттің “Зар заман” еңбегінде шынайы суреттейді.

Арам арсыз жан шықты,
Қайыры жоқ бай шықты.
Сауып ішер сүті жоқ,
Мініп көрер күші жоқ,
Ақша деген мал шықты.

Сонымен қатар Шортанбай ақынның “Бала зар” атты шығармасында жамандық пен жақсылық, адамдық пен арамдық арасын ажырата білуге, достық пен қастық, шындық пен жалғанды айырып, бірін жақтап, екіншісіне қарсы тұруға шақырады.

Шортанбайды заман жүгін көтерген жырау, айтыскер ақын десек те, қазақ өнерінің сүбелі саласы ән мен күйге де өлшеусіз үлес қосқан тұлға екендігіне жыр алыбы Жамбылдың өле-өлгенше Шортанбайдың күйін шертіп өткені толық дәлел бола алады. Сол сияқты композитор, музыка зерттеушісі І. Жақанұлы Шыңжан қазақтарының атақты әншісі Хамит Ысқақұлынан Шортанбайдың “Жиырма бес” әнін жазып алғаның, әрі олардың кезінде бұл әнді Ақмола жағынан үйренгенін айтады. І. Жақанұлы “осы “Жиырма бес” ән шумағы үзіліп түскен гауһардай әр кез оқыс айтылып та жүрді ғой. Ол сал-серінің толғанысына ұқсайды” – деп ой түйеді.

Шортанбай жырау елінің бас бостандығы мен тәуелсіздігі жолында күрескен батырларын төгілте жырлаған. Оған Ақжолтай батыр туралы дастаны куә.

Жыраудың ұлылығы оның айтқанының заманнан заманға ұласып жатуында, келер дәуірдің адамдарының пендешілік қарекеттерін күн ілгері сипаттауында болса керек. Шортанбайдың өткен ғасырда жазғаны бүгінгі және келер уақытқа да сай келгендей.

Мысалы, жырау әлеуметтік хал-ахуалды жырға былайша қосқан екен:

Қолында тұрып ұрлығы,
Мойында тұрып зорлығы,
Ойында тұрып жалғаны,
Баласын беріп моллаға
Көңілін беріп Аллаға,
Дүнияға көңіл жұбатты.

Бұл жолдарды оқи отырып та апыр-ай, осы біз туралы айтылған сөз-ау деген ойға да келесің.

Билер жейді параны,
Сақтап қойған сүрендей,
Заманың сенің құбылды,
Текеметтің түріндей.

Бұған не дерсің? Билері қазіргі біздің кей билеушілер емес пе? Бір басшының “ақшаң болса қандай қызметті де сатып аласың” дегенін естіп түңілгенім бар.

Шортанбай жыраудың туындыларында ерекше орын алатын тақырып бір Алла жаратқан әлемнің соңы, заман ақыр. Жыраудың “Заман ақыры” – адамзаттың моральдық деңгейінің құлдырауы, адамгершілік принциптерінің аяқ асты болуынан туындаған құтқармас бұғау. Жырау жырына іліккен құлдырау - азу-тозу қатерінің жалғасы тәрізді. Жырау еңбегінің құндылығы да сонда; бүгінгі таңда да оның шығармаларында айтылар ой ескірген, тозған жоқ./9,8/ Шортанбайдың көлем жағынан болсын, мазмұн жағынан болсын көрнекті шығармаларының бірі – “Зар заман”. “Зар заман” толғауы қырылымы жағынан бұзылған заманың кейпі, неге зар заман болу себептерін түйіндеу мазмұндағы бірнеше желіні қамтиды. Шартты түрде әр түйдекте бір мән деп қарастырсақ, бұл толғау 14 түйдектен тұрады, соған орай алуан түрлі жайды, мәнді алға тарта отырып, заман күйін таратады. “Сол себепті қорқамын” болып түйінделіп отырады.

Зар заманды толғап келіп, тоқтағанда айтары: заманың кетті баяғы, үлкенде билік жоқ, жарлы таяғына сүйеніп тұр, заман жауға кетті, жаттың қолында, ұлықсып ұл тұр, бұлықсып қыз тұр, жамандық жайлады. Жақсылар жақының ұмытып, кәпірмен ауыз жаласуда. Бұл дүниенің тұтқасы мал екен, соған кәпір, қазақ таласты. Бүкіл заманның саяси суреті түскен кейпі ащы, аяусыз өлу

бар құрдымға кеткен күй. Тұрмыстық, әлеуметтік жақтан тұтас қамтып, ұласа түскен езгі халықтың бейшара күйі. Қарсылық – абақтымен бітпек. Жалт беріп жағынан сатқан, жамандыққа мойын ұсынған жақсылық. Тұрмыс күйінде енген өзгешеліктер халықты жат пиғылға орап, әкетіп барады. Елдің атам заманғы өмірі жоғалды. Елдікті, ірілікті ұстап тұрған еңселі-еңселі ұстындар биік қасиеттер сұлап түсіп жатыр.

“Алдаушы жалған” толғауында ақын заман әлгідегі, енді бұл ақырзаман апатынан қалай шықпақ керек дегенді алға тартады. Жырау, халықты атам заманнан келе жатқан ізгіліктерге үндейді, алдаушы жалған дүниенің алдайтұғын бұлынан сақтап, биігінде қап, тазалыққа ұмтылдеген насихат айтады. Қазақ поэзиясындағы түү әріден келе жатқан ежелгі үлгілердің бірі. Халықтың өзін-өзі сақтау шарттарының бірі болған – насихат. Толғау афоризмге толы. Дәстірлі “үй менікі деменіз, үй артында ұры бар” дегендей қолданыстармен бірге ақынның өз сөз қолданысы ақпа-төкпе шешендік мірдің оғындай өткірлік өлеңін шырқай түседі.

- Сұғанақ болып ұмтылма,

Сабағын болса, тұрып ал!

- Асыл туған жақсының.

Құн жетпейтін пұлы бар,

Толғау негізінен шалыс ұйқаспен келіп отыр.

“Бала зары” толғауында жалпы жаратылыстың түп негізінен түсіндіруден бастап өтірік, ұрлық, ғайбат, зорлықтан аулақ болсан, залап көрмесің деген уағыз айтады. Алланын ақ жолын айтып отырып, жақсы мен жаманнан сапасын санамалайды. Өмірдене дұрыс, не бұрыс дегенге тоқтам жасап, адам баласының алға тартады. Дін – мұсылман парызы, адам баласының көрер жарығы сөніп, өшуі, өлімі сөз болады. Құдіретке көн, иманды ойла, ораза-намаз ұста, медресе, мешіт салдыр деген уәж айтылады. Осы ұзақ толғаудың ішінде бірнеше тіршілік қисындары жүр. Олардың кейде бөлек-бөлек шығарма ретінде жеке алынып берілуі де сондықтан болар. “Бала зары” толғауын мағыналық иірімге бөлгенде ұзаға бар, шағыны да бар – 18, жеке тұрса да мәнін жоғалтпас қысқа толғаулар шықты.

Шортанбай шығармалары өз заманының жай-күйін, отаршылдық саясат емін-еркін етек жайған қазақ даласының әлеуметтік қалпын бір қырынан ашты. Адамзаттың даму көшінде

басып өтер тар жол, тайғақ кешулердің қазақ халқының тарихына, тағдырына бұйырған аса мәнді кезең – XIX ғасырдың болмысы өзгеше болып еді. Соның бар қайшылық, бар шындығы Шортанбай ақының жүрегінен өтті. Өлең – тарих, өлең - өмір, өлең –шындық болып ұрпағына қалды. Шортанбай шығармашылығының басты сарын - әлеуметтік ой толғау, оянуға, тазаруға, ұл болып – ұяны бұзбай, ұл өсіріп, қыз өсіріп өркендеуге түсер жолға шақыру. Ел ішіне еніп алып, індетке ұласып бара жатқан жамандықтардан сақтандыру, экономикалық бетбұрыс, өзгерістің адам құлқын бұзар өктем күшкіне мәңгілік ізгілік мұраттары көлденен қою.

Шортанбай ақының оқиғалы эпикалық сарындағы шығармасы – “Ақжолтай батыр” дастаны. Ағыбай батыр, оның айналасы оларды соңына ерткен Кене ханы мал үшін ерлік қуып емес, жанды ортаға салғаны елдің қамы еді дегенді айтып басталады.

Атақты ер Ағыбай шұбыртпалы,
Белгілі сарбаздарын шұбыртқаны.
Ағыбай, Қашқарбай мен ер Бұқарбай,
Бұларды соңына ерткен Кене ханы.
Мал үшін ерлік құрған емес,
Салғаны жанжы ортаға елдің қамы.

Шығарма 11 буынды қара өлең үлгісінде жазылған, сөз кестес, ой қисындары, өлең үлгісі бұл дастанның жазбаша туған шығарма екеніне меңзейді. /7,303-305/

3. Шортанбай жыраудың дін, құдай тақырыбындағы толғаулар.

Сырт қарағанның өзінде бірден көзге түсетін айқын өзгешелік Шортанбай басқа ақындардай емес, не жөнінде айтса да, өзінің ойына, түпкі түсінігіне әрдайым дін қағидаларын берік тірек етіп, құдайды аузынан ешбір тастамайды. Мұнысы тек әншейін айта салған шығарып салды сөз емес, оның шын сенімі, өмірге болмысқа көзқарасының негізі. Ақын идеясының түп-төркіні қайда екенін осылайша кесіп айтсақ та, бұдан өмір құбылыстарын танудағы оның жақтарын бастан-аяқ мансұқ ету деген тар ұғым тумайды, қайта керісінше, құдайға сиынып, дінді берік тірек ете тұрса да, Шортанбай көп жағдайда қазақ даласының жаңа болмысындағы ұсқынсыз жақтарын көре де, шеней де білген. Мысалы, “Атамыз адам пайғамбар” деген ұзақ жырында Шортанбай көптеген мәселелерді қозғап, өзінің әр саладағы түсініктерін күмілжімей

ашық айтқан. Ақын өз заманының бұзылғанын: ұрлық-қорлық, алдау-арбау көбейгенін, әкені – бала, шешені – қыз тыңдамайтын болғанын, ағайын-туысқанның араздығы күшейе түскенін, дін жолын ұстаушылардың азайып бара жатқанын, демек олар құдайды ұмытып, малынан зекет бермей, ораза-намаздарын қаза етіп жүгенсіз кеткендерін санай отыра, толғауының кіріспе бөлімінде екі қортындыға келеді. Біріншісі: құдайдан мықты күш жоқ, оның әмірі екі болмақ емес. Екіншісі:

Қүдіреттің жарлығы

Биттей нәрсе қалсашы

Бұрынғы жаннан ырымға...

деп өткендегілерді өнеге тұта, олардан ырымға болсын ештеңе қалмағанына қайғырып, қатты қамығады. Осы екі сарын, бір жағы, дінге сүйену, құдайдың құдіретіне бас ию, сондай-ақ парқына бармай ескіліктің бәрін дәріптеу, шексіз сұқтану, ақыры соны сағынып торығу, Шортанбай шығармаларының лейтмотиві дерліктей. Сонымен қатар ақын осы үзіндіде литоталық тіркестерді қолданылған. Рас, ақын бұл жағдайлары көп қайталайды, өмірдегі болып жатқан сан алуан құбылыстарға баға бергенде де өзінің тар шеңберінен шыға алмай адасады, кейде өзінің дұрыс көріп, қатты шенеген жағымсыз көріністері жөнінде тиісті қорытындыға келмей дәрменсіздігін білдіреді. Осыдан барады да ақар заман жақындап қалды, енді еш нәрседен үміт жоқ деп зар шегеді, байбалам салады. Солай бола тұрса да қазақ даласына капитализмнің элементтері кеңінен ене бастауына байланысты пайда болған қайсыбір жаңалықтардың көлеңке жақтарын Шортанбайдың көре біліп, аяусыз сынға алғанын, би-болыстар мен старшиндардың және патша үкіметі чиновниктерінің озбырлық әрекеттерін мейлінше әшкерелегенін де естен шығармауымыз керек. Ақын творчествосының ең бір ұтымды жағы осы.

Шортанбай ақын - өз дәуірінің шынайы сыншысы. Шортанбай жырау кезінде елде атқа мінген тек болыс пен би Ұзақ жырдың өн бойында міне осылайша ақын екі ұдай түсіп отырады: өмірдің ұсқынсыз жақтарын көргенінде ол шыдай алмай қатты сынға дейін барады, әйтсе де алдағы болашақтан үміті кесілгендей болып, өзіне тиянақ-тірек іздегенде, амалсыздан діни ұғымға келіп тіріледі, ақыр заманның жақындап қалғанын айтып зар қағады. Әрине, бұл жағдай тек Шортанбайдың қара басының қасиетінен ғана туған кемшілік

емес, ол әр заманда, әр елде орын тепкен діншілік пессимизм, мистикаға берілуі, “ақыр заман төніп келеді” деген үрей түсініктен туған кертартпа ағымының әсері. /6,55-56/ ғана емес, ол кезде билік тізгінінің бір ұшы молдаларда болатын.

Шортанбай жырау бұл келтірілген “Қожа молда” атты шығармасындағы үзіндіде молдалардың, дін басшысы тақуалардың діні құрал етіп, елді теспей сорып отырғандығы, екі жүзділігі, қорқаулығы, халықты жеудегі айла-амалдары толық суреттелген. Сөйтіп, молдалардың көмбесіндегі жан түршіккендей шындықтың да бетін ашты. Олардан еш жақсылық, күтуге болмайды деген қорытынды шығарды. Болыс, би, қожа, молдалардың бәрі де азғын; елдің халі ауыр, ендеше, сол жағдайдан қалай шығудың өзінше жолын да қарастырады. Бірақ елді мына сықылды би, болыс басқарып отырғанда түзеуге еш мүмкіншіліктің жоқтығына көзі жетіп, түйткілге ұшырап, ақында торығу пайда болады.

Сүйінбай Аронұлының (1822 - 1895) толғауларының тақырыптық – идеялық мазмұны

1. Сүйінбай Аронұлының шығармашылығы.
2. Сүйінбай Аронұлы толғауларының тақырыптық идеялық мазмұны.

1. Сүйінбай Аронұлының шығармашылығы.

Сүйінбай Аронұлы поэзиясы XIX ғасырда жырланса да, оның толғаулары, өлеңдері біздің заманымызға дейін жетеді. Сол заманда бұқарашыл әдебиеттің пайда болуына, халық арасынан ақындар шығуына әрине, сол кездегі тарихи әлеуметтік жағдай әсер етпей қойған жоқ. Ханғали Сүйіншәлиев пікірі бойынша: «XIX ғасырдағы қазақ әдебиеті өзінің мазмұны мен идеясы жағынан біраз ілгерленген, қоғамдық мәні зорайып, әлеуметтік беті айқындала бастаған әдебиет», -деген. Осыдан барып XIX ғасыр әдебиетімізде дәуір көрінісі айқын бейнеленіп, заман сыры жан-жақты ашылып, қоғамдық ұлттың сананың ояна бастағаны, әлеуметтік теңсіздіктер қоғамдық қайшылықтар жырланып, қазақ ақындарының ел ісіне белсене араласып жатқан кезеңі танылады. Жыр дүлдүлі Сүйінбай ақын өзінің шығармаларында үнемі қалың еңбекші көптің атынан сөйлеп, қарапайым халықтың үміті мен мұрат-мақсатын бейнелейді. Сүйінбай Аронұлының «Ақиық» жинағына толғаулары, сын-сықақ өлеңдері мен арнаулары және айтыстары енген.

Сүйінбай ақын көбінесе елінің байлығын, барлығын мақтан етпейді. Өнерді, өлеңді мұрат тұтады. Бұл турасында Ілияс Жансүгіровте, ол: «Сүйінбай өлеңді кәсіп еткен, ұлы дүбірде жарысқа түскен, өлеңді ойдан желше соқтыра беретін жез таңдай ақын. Ел әуезінше айтсақ, «дарыған» ақын. Мұның өлеңдерінің өзгешелігі – көбінесе жырмен соққаны. Сүйінбай шұбыртып жырласа, төгіп жібереді, сипалап кетеді», -дейді ірі таланттың өзіндік мәнерін, стилін дәл тауып айтып Сүйінбай ақын шығармалары- образды сұлу суретті жырлар. Онда терең мазмұнға сай көркем бейне, сом тұлғалар дараланып, көркемдік шынға көтеріледі. Әсіресе үстемдер бейнесін жасауда олардың типтік мінездерін танытарлық суреттер қонымды бояулар арқылы реалистік өнер дәрежесінде тұлғаланды. Ал датқа, ұлық, болыс, би,

ояз сияқтыларды суреттеуде Сүйінбай Аронұлы Абай Құнанбаевтың «Болыс болдым мінекей!» сияқты классикалық шығармасы дәстүріне лайық, соған пікірлес стильде тамаша сатиралық туынды жасайды.

Адам мінезін жасауда Сүйінбай ақын өзі тұстас көркем сөз шеберлерімен бәсекеге түскендей. Махамбет Өтемісұлының Жәңгір ханға, Шернияз Жарылғасұлының Баймағанбет сұлтанға, Жанақ ақынның Рүстем төреге, Шөже Қаржаубайұлының Бәйтiкке айтқандары сияқты Сүйінбай ақынның төре-сұлтандар алдында айтқан тебіреністері-үндес те, мұңдас; түрі-тілі, стилі де бір қалыптас шығармалар. Сүйінбай Аронұлы-ел қанаған ақсүйек сұлтан, төрелерді әшкерелеп, оларға ерік беріп отырған феодалдық құрылысты сынаған. Ақынның ондай өлеңдерін «Төресің қанды қанға құйып жүрген», «Зар жылатып момынды», «Болмайсың жайлап айтсам», «Өзге төре өлсе де Сөк өлмейді», «Арамнан төре мал жинар» т.б. өлеңдері жатады. Ақынның төре сұлтандарды шенеген өлеңдерінде, көп аталып, жиі көрінетіндердің бірі-Ұлы жүздің аға сұлтаны Тезек Нұралыұлы Абылайханов. Төренің феодалдық заман билеушісіне лайық кескін-кейпін нақты өмір шындығы аясында сипаттап береді. Мәселен, «Төресің қанды қанға құйып жүрген» деген өлеңінде Тезектің айлакер қу мінезін, ел мазасын алған жайсыздығын көрсетеді. Ақынның «Зар жылатып момынды» атты толғауы бастан-аяқ Тезек төренің зұлымдығын, тойымы жоқ дүниеқоңыздылығын көрсетуге арналған.

Сүйінбай ақын заманынан озып шыққан халық қайраткері, сыншыл ақын. Ол әлдекімдер құсап, өлеңді өлең үшін айтпайды, өлеңді туған елнің тағдырына, болашағына байланыстырып айтады. Әлсіз, қорғансыз адамдарды жақтайды, солардың мұң-шерін жырлайды Еңбекші көптің үстем тап өкілдеріне қарсы күрескен қолдап, әділеттіліктің жебеуші жақтасы болған Сүйінбай Аронұлы-жер дауы, жесір дауы, ер құны тәрізді маңызды, мәнді, жауапты жиындарда халық атынан сөйлеп, өз шешімін өткізе алған ділмар-дипломат шешен. Өзі қатысқан мәміле-мәжілістерде ел билеген сұлтан, төрелерді, атқа мінер болыстарды шенеген. Әрқашан да елдің намысын жақтаушы уәкілімін деп санаған.

Сүйінбай ақын Бұқар жырау, Шернияз Жарылғасұлы, Дулат Бабатайұлы, Шал ақындар сияқты өзінің жас кезең, қартая бастаған шағын суреттейді. Сүйінбай Аронұлы өз өлеңдерінде көбінесе сын-

сықак, ащы сарказмді қолданған. Сүйінбай ақын көбінесе бай, төрелерге арнап мысқыл өлеңдер шығарған. Соның бірі «Өзге төре өлсе де Сөк төре өлмейді» өлеңі. Осы арнауында Сүйінбай ақын Сөк төренің елге жайсыз қанаушы екенін жиналған көп алдында көзіне айтып, жерге қаратады.

Бұл өлеңде Сөк төре секілді қара күшке ерік берген қанаушылардың күнкөріс тәсілі алынған. Сөк төредегі шектен шыққан асқақтық, айлалы айбар, өзімен-өзі болып дандайдасу сияқты қисық-қытымырық сыналған. Сыйымсыздығымен халық алдында қадірі кеткен төренің шын кейпі суреттелген.

Сүйінбай ақын бұдан басқа да шығармаларында ел билеп, сұлтандық, төремен құрған хан тұқымдарын ғана әшкерелеп қоймайды, сонымен бірге халыққа тізесі батқан бай, болыстарды, билерді, атқа мінер пысықтарды да аяусыз сынады. Оның «Тілеубердіге», «Сүліктен жаман», «Бойың биік болғанмен», «Төрт биге», «Сарыбайға» атты арнаулары мен толғаулары әлеуметтік мәні терең шығармалар.

2. Сүйінбай Аронұлы толғауларының тақырыптық идеялық мазмұны.

Ақиық ақын Сүйінбай Аронұлы-әлеуметтік мәні зор өлеңдерімен қатар ірі сюжетті толғау, жырлар тудырған поэзия алыбы. «Ақиық» жинағының бірінші бөлімінде Сүйінбай Аронұлының жиырма шақты толғау-жырлары жарияланған. Оның көпшілігі бұрын баспа бетін көрмеген, оқушы қауымға жете таныс емес шығармалар. Ақынның толғау, жырларында ХІХ ғасырда қазақ халқы басынан кешкен үлкен тарихи оқиғалар сипатталған. Өйткені, ол кезеңде қазақ жеріне солтүстіктен патша үкіметінің отарлау саясаты дендеп ене бастаса, оңтүстіктен Орта азиялық Қоқан, Хиуа, Бұқар хандықтары өз биліктерін әскери күшпен орнатуға кіріскен еді. Осындай күрделі қиын-қыстау заманда Сүйінбай ақын орыс халқымен арадағы достықты жақтайды, бірақ патшалық империяның қазақ халқына жасалған, саяси ауыртпалығын және оның әскери әкімшілік өктемдігінің теріс сипаттарын мақұлдамады. Ақын, әсіресе, қазақ жеріне көп тауқымет, феодалдық мешеулік пен қараңғы наным-сенімдер әкелген Қоқан хандығының үстемдігіне қарсы шықты.

Сүйінбай Аронұлы толғауларында көп аталатын Қоқан хандығы ХІХ ғасырда Орта Азия хандықтарының ішіндегі ірі феодалдық

шапқыншы мемлекет болып саналған. XIX ғасырдың 40-60 жылдарында Қоқан қолымен қазақ еңбекшілерінің бірнеше ұрыстары болып өтеді. Ол ұрыстарда енді феодал билеушілерге сенбеген халық өз ортасынан шыққан Сұраншы, Саурық сияқты қаһарман ел батырларының соңынан ереді.

Сүйінбай Аронұлы толғауларының тақырыптық идеясын ашпас бұрын біріншіден толғау және идея сөздерінің мәнін ашып алу керек. Толғау-ХҮ-ХІХ ғасырлардағы қазақ поэзиясында толғау ерекше өркендеп, өзінің ең жоғарғы даму сатысына жетті. Толғау тарихы жыраулық поэзияға тікелей қатысты. Толғауда маңызды қоғамдық-әлеуметтік, саяси-философиялық тақырыптар, азаматтық әуендер кеңінен орын алады. Шығармада айтылатын идеяны бүкіл өн бойынан, бүкіл мазмұн-мағынасынан, ондағы уақиғалардың немесе кейіпкер тағдырынан, барлық бейнелілік, суреттілік қасиетінен танимыз. Шығарманың идеясы тек дәлдеп сөзбен айтып берерлік түйін-пікір ғана емес, әдеби туындының барлық мазмұн-байлығы, көркемдік қасиеті арқылы күшті әсер ететін идеялық қуаттылығы.

Сүйінбай Аронұлының толғау, жырларында елді бірлікке, ерлікке шақыратыны суреттеледі. Мысалы: «Бөрілі менің байрағым» атты толғауы осындай азаматтық үні басым, патриоттық толғау болып саналады.

Жау тисе жапан далада,
Бөрілі найза атамыз,
Қарасайлап шабамыз,
Қызыл қанға батамыз.
Бөрілі байрақ астында
Ту түсіріп, жау алған,
Қазыбек, Қастек атамыз!

Сүйінбай ақын жау әскеріне қарсы күресте жауынгерлерге Қарасай, Қазыбек, Қастек сынды ХҮІ-ХҮІІІ ғасырларда жасаған халық батырларының қаһармандық жолдарын үлгі етеді. Жау әскерімен соғысып жатқан жауынгерлердің жан дүниесіне елеулі ықпал етіп, олардың жігерін жандырып, еңсесін, рухын көтеретін өте әсерлі леппен жеткізеді.

Бөрілі байрақ көтерсе,
Жоқты жонып табамыз.
Бөрілі байрақ астында

Ту түсіріп, жау алған
Шапырашты батыр бабамыз.
Бөрі басы-ұраным,
Бөрілі менің байрағым.
Бөрілі байрақ көтерсе,
Қозып кетер қайдағым!

-деген жолдарда асқақ қайратқа көтеретін пәрменді психологиялық ағыс, екпін бар. Осы толғауда ақын өз атынан сөйлеп, жеке адамның табанды жауыегрлік ерлік жолын көптің мұрат-мақсатымен үндестіреді. Бөрілі байрақ дегеніміз- қасқырдың бас суреті салынған Шапырашты батырдың жебелі туы мен найзасы. Бұл толғаудың идеясы қасқыр аңы секілді жауға қарсы шығып, оны жеңу және өз елін, жерін жауға бермей қорғау.

Қарасайлап шабамыз,
Қызыл қанға батамыз.

Бөрілі байрақ астында (3, 18)

Бұл үзіндіде батырларға рух, күш беріп тұрған сөздерді көреміз. Бұл толғауда бұрында ата-бабамыз құрмет еткен бөрінің (қасқыр) батырларға күш бергенін және де сол арқылы рухтанғанын көрсетеді. Бұл толғау ұран түрінде айтылған. Мұның идеялық мазмұны жер-дүниені сілкіндіріп жауға қарсы аттанып бара жатқан қазақ халқының қаһармандық бейнесі көрсетіліп, суреттелген.

Майлықожа Сұлтанқожаұлы (1835 - 1898) шығармаларының көркемдігі мен бейнелілігі

Майлықожа 1835 жылы Сырдария өзенінің бойында қазіргі Шымкент облысы Қызылқұм ауданында қарасты, Қожатоғай қаракөл қой совхозында туған. Майлықожа 14 жасқа толғанда әке- шешесі бірге дүниеден шығып, жеті жасар Есехан деген інісі екеуі жетім қалады. Жасынан Майлы жетімсіздікке бой алдырмай, басқа түскен ауыршылықтарға қарсы тұрып, күнкөріс қамын жасайды, бірақ қамқор қазақтағы жетімдердің аянышты тағдыры оған да ортақ болды. Сондықтан болса көрген ақын өзінің жетілу жолын еске алғанда былай дейді.

Әкеден жастай қалған жетім едім
Көп көріп таршылықта жетіп едім.
Жетім боп, он төртімде қалғанымда,
Амалым жоқ қылатын, өкінемін.
Есехан мен әркімге қызмет етіп,
Боп кетті ау пара құлдай кескіндерім.

Кешіре көр ер заманның ауыр азабын болашақ ақын өз басынан кешкен, оған қарсы алыса арпалыса өскені ақиқат жай әкең ер жете келе елде танылы, жаттап өлен айтып, өнер жолына белін белген байлау арқылы дегеніне жетерді. Ақынның өз сөздеріне қарағанда, ол жиырма жас жамасында сөзге араласып, өлең өнеріне беріле бастаған.

Ақынның әкесі Сұлтанқожа Атақожа баласы орта шаруалы, ұр мінезді тура сөзді кісі болыпты. Оның оқыс қылықтарын көрсететін ауыз әңгімелері ел ішінде осы күнге дейін сақталып қалған. Соның бірі былай айтылады: сәске түс кезінде шағын қараша үй алдынан өтіп бара жатқан Сұлтанқожа әлгі үйдің табалдырығынан асып, сыртқа шығып жатқан біреудің аяғын көреді. Жабанда аяқтан алып тысқа шығып шығарса салақпандай жігіт. Апалақтап қалған жігіттен жасын сұраса жиырма бестемін деп жауап беріпті. Сонда ол кісі соған қор болған қайдан жиырма бес деп қалыпты батырлата жөнеліпті. Қызметіне қырсыз, жалқау жан өз жазасын осылай тартыпты. Осындай оқиғалар салдарынан болса керек, ел-жұрт Сұлтанқожаның атын да өзгертіп алыпты.

Ақын әкеден ерте айрылады. Сүйінер сенері қалмаған ана он жасар Майлықожамен оданда жиі келеді. Көп ұзамай оның өзі де дүние салады. Нағашы жұртына келіннен келінге тұрмыс тәлкісінің қандай болғаны ақынның алғашқы өлеңдерінің бірінен алынған үзінділерден анықталады.

Кедейшіліктен кейде болмаған Майлықожа ағайын мұрағат жәрдемінен Абдрахман деген кісінің қызы Еркеайға үйленді. Сөйтіп өзінің туған жері Сырдария өзенінің бойынна тайпа көшіп барады. Мұнда келген соң нағашы жұртына жүргендігі өлен жыр айтатын әдетін тастамайды.

Күнкөріс қамының бұл тәсілін кейін ақын ретінде биік беделге не болған кезде де талай жерде ұлан ғайыр жиын тойларда ақын алдынан шығып, неге көлденең деп отырады. Бәдік айтыс үстінде шебер шешендігі, алғыр ақындығы арыс үлкен Абырай атаң алған нағашысы Мәделі Қожа сөз бәсекелесіне түскенде жиені Майлықожа өмірінің осы жағын қарай айтып барып жеңіске жетіп жүрген. Мұны осындай өлеңмен таныстыру кезінде Мәдиқожа айтқан мына сөзге ақын тарапынан жауап қайтпай қалғанына дәлелдей түссе керек.

Ақын Майлы, сен неғып бойлап жүрсің,

Қолға алып домбыраңды алып жүрсің?

Байы өлген қатынмен жоқтау жоқтап,

Сен-дағы өз пайдаңды ойлап жүрсің

Атыңды қамшылайсын желсе

Екен деп дүниені шақырасың келсе екен деп

Мысықтай ақын Майлы тілеуім бар-

Жірейсің малды адалды өлсе екен деп.

Жоқтайсын неге жоқтау басың анау

Көре алмас жорғалана аты шабан

Жоқтауды мен сен құрлы білмес пе дiң,

Нәпсіміз сенен гөрі болса жаман.

Жоқшылықтан көрген жәбір жанасын ақынның өзі де үнемі айтып, ызаланып отырады. Мұндай өмір бақыт жай күйлері көрсетуге арналған, кейін есейген күйінде де салт атты, сабау қашқыны қалпынан құтыла алмағанын, аузымен құс тістеген ақындығы арқылы қаншама мал тапқанымен сормандайлықтан арыла алмағанын баяндайтын Майлықожа шығармаларында бірталай. Қанша тарбандағанымен кедейлік қонтасын сыпырып

кете алмағанын ақын деген болыстың бәйбішесіне арнаған қысқа өлеңінде ашып айтады. Сол пай кісі еді деген өлеңін туу тарихы былай сиқым саиланған болыстың үйіне қона жатты. Майлықожа үш күн өлең айтыпты, мініп келген атының құбыршақ өрі шоқып тоқымы бар екен аттанар кезінде Қасынбектің бәйбішесі ақынның тартпасы мен жеңдігін тығып тастапты. Үй ішінің әр жерін бір түрткілеп соларды іздеп жүрсе, бәйбішесі тұрып: “Жігітің кесіпір қожа, үндемей іздей бергенше бір демен жоғалса алсайшы” депті. “Бір тартпамен жеңіп бар секілді еді. Сол табылмай тұр” депті ақын. Сонда бәйбіше: “Жоғалсын, қожа, жоғалсын. Сені күтеміз деп 3 күннен бері шашымыз сыпырғы, қолымыз көсеу болды. Бізді де бір ауыз өлеңге қоспадың. Ылғи Қасынбектің алдында қақсадың да отырдың”, - деп өкпе айтыпты.

Қазақты озған бұл жұрттың Майлысы едің

Бір өлеңін болмаса қай кісі деген?

Бес-алты ауыз өлеңді айтып беріп

Көңілін қан қылайын бәйбішенің

Жоғалмаса құрысын тартпа жеңдік

Бұрын қай бір ер тоқымын сай кісі едің?

дейтін өз өмірінің ащы өмірін шындығы ашқан өлеңінде. /Накыл 1, 1972. 118 бет/. Міне, осылай шығарған екен.

Ақын өмірін баяндағанда **“Сорымен айтысқаны”** деген өлеңіне тоқтамай кету де жөнсіз. Өйткені, аталған шығарма Майлықожа тұрмысының бар қыры мен сырын сыншыл кезінде шыққан сыншыл тілмен пайымдайды. Жасынан кетпей, бақытын атпай қойған сорына түре тиіскен ақын өз өмірінің болымсыз жай күйін уытты ызамен баяндап береді.

Майлықожа шығармашылары өзіне жұрт назарын ерте-ақ аударған. Ақын еңбектері тіпті Ұлы Октябрь қазақ халқына дос ниеттігі орыс зиялыларының қамқорлығы арқасында баспа бетін көргені соңғы кезде мәлім бодып отыр. Майлықожа жырларының бірталай адам өмірінің табиғат аясындағы күйлерін көрсетуге құрылғанын аңғарамыз. Табиғаттың ақын қалдырған кестелі суреттерінің ең биігі – **«Жылдың төрт мезгілі»** – Бұл өлеңнен халық ұғымындағы жыл мезгілдеріне тән негізгі белгілер молынан табылады. Ол бұлардың бәрі адамның күнделікті тіршілігімен берік бірлікте алынады.

Көп ретте Майлықожа өз басы мен тіршілік тұрмысының жеке бір мысалын өте қысқа өлеңге айналдырып, оған әлеуметтік астар беріп отырады. Бұларында адамдар арасындағы саяси теңсіздік те, заттық теңсіздік те көрініс табады.

Ақынның әулеттік бетін шынайы көрсететін шығармашылардың бір қарасы – елдің шынжыр балақ, шұбар төстерін сынап мінеуге арналғандары.

Мұндайда ақын нар кескен ақ алмастай қиналмай қиын түседі. Еттен өтіп, сүйекке жететін ащы мысқыл - сықағы тиген жерін күйдіреді.

Жалшы қазақ арасында, әсіресе ұлы жүз аймағында, әдетке айналған мына бір салт ақынның сын – сықақшылдық қабілетін қаймақтай жұмсауына мол мүмкіндік бергендей. Бұл салтқа сәйкес – ішкені алдында, ішпінгені артында болып дәулетіне асыққан ел жақсылары атақты ақындарға өздерін - өздері жамандатуды әдетке айналдырған ғой.

Майлықожа 1860 жылдары Сырдан Әулиетатаға келіп Сыпатай батыр дегеннің асында Сүйінбаймен кездесіп, онымен тіл қозғасқан

(**Майлықожа мен Сүйінбайдың айтысы**). Бұл айтысы бірінші рет 1929 жылы Жаңа әдебиет журналында басылды. Екінші рет Сүйінбай өлеңдерінің жинағында 1935 жылы басылды. Ақын Сыпатай асының бастаушысы боп жүрген Есім деген байдың құрметіне риза болмай, оны сынайды. өлеңнің жалпы көлемі 68 жол. Онда басқа рудан келген қонақтардың елеусіз, құрметтен тыс қалғаны сөз болады.

Майлы шығыс әдебиетімен танысып қана қоймай, оны қазақ тіліне аудару әрекетін де істеген. Діни хиссалар сюжетіне дастан жазуымен айналысқан. Зархұм үлгісінде Абдолла бала жырын шығарған.

Майқожаның кейбір толғаулары баспа бетін ерте көрген. 1883 жылы Ташкент қаласында басылған Қырғыз хрестоматиясы атты жинақта Майлықожаның бірнеше ұзақ толғаулары басылады. Олар – Рахымқұлға, Қоғай мырзаға, Үш жігіт, деп аталады. Ақынның бұл өлеңдерінің жалпы мазмұны діни ұғым аралас ғибрат сөздер.

Майлықожаның осы жинақтағы кейбір өлеңдерінде бай – болыстарды әжуә ету, мысқылдау мотиві де бар. Мықтылардың

елді зырлатып, сүлікше салып, түлкіше алдап, зұлымдық істеп жүргені әрекеттеледі.

Майлының Рахымқұлға деп аталатын жетпіс екі жолдан тұратын толғауында **«Рахымқұл толғауы»** Рахымқұл деген біреудің ұнамсыз қылығы жырланады. Ақын оның дүние қуып, сол дүние үшін өз ағаиыны Ақмолланы өлтірмек болғандығын айыптайды.

Майқожаның, әсіресе, **«Ноғай мырзаға»** деген ұзақ толғауының мазмұны көңіл аударлық. Ақын оны адал азамат болуға, адамгершілікке шақырады.

Майқожа елдің ауыр тұрмысын, халықтың басына түскен қиыншылықтарға, жұп болған ауыр жылдар қасіретіне істеген өлеңдер арнаған. әсіресе, қоян жылғы аштық пен қиыншылық, шаруалар күйзегіне ақынды мықтап толғантады.

Қоян жылы жаумады көктен жаңбыр,
Қабағы шаруалардың болды салбыр,
Қысты күні болғанда қар тынбады,
Айуанға өлім жетті аштан әрбір...
Қысы жұт, жазы қымбат арты болды,
Сұрағаны азықтың нарқы болды,
“Қайғың – қара тамағың” деген мақал,
Ашаршылық алаштың дерті болды.

Міне, осындай қиын – қыстау кезеңде халық қамын ойлау әрбір ел азаматының міндеті болса, бай мырза атанып жүргендер бұл міндетті атқара алмай, керісінше, енді жұтпен бірге қосылып талап, шаруаның титығына жетіп жатқанын көрсетеді.

Бай, мырзалар жегізді мерекесін,
Жақсы ауылға тоқтамай көре өтесің.
Үй басына үлесіп жеген пара,
Қысқартты қыдырлының берекесін.

Ақынның кейбір толғауларында дінді уағыздау сияқты теріс пікірлер де ұмырайды. Бұл, сөз жоқ, ақын өмір сүрген дәуір сырыны, оның өз бойындағы діни тәрбиенің салдары.

Өлеңдері.

Майлы өлеңдерінің біразы қазақтың би, болыстарын сынауға арналады. Мысалы, ол өзінің **“Ескі мырза, манантар,**

бей, салы” атты бір өлеңінде үстем тап өкілдерін өлтіре сынайды. Олардың ұрылар жұмсап, арам жеп, халықты аяусыз тонап жатқанын әшкерелейді.

Болыс, билердің өз құлқындарынан басқа ойы болмай, халықты аяусыз қанап, ел іреңін алып жатқанын, қара істі-ақ, ақ істі – қара етіп, параға батып жүргендерін батыл сынайды.

Бейбақтардың басына бақ қылып жүр,

Арам жеңіп, адалды жоқ қылып жүр,

Ақша беріп, билерді антқа салсаң,

Мөрін басып, қара істі – ақ қылып жүр.

Ел билерінің осындай жұғымсыз қылықтарын, пасықтығын шындық тұрғыдан таныта келіп, ақын адамгершілікке, әділеттілікке үндейді.

Ол адам тағдырын сөз етіп, тіршілік қамын ойлауды ұсынады. Дүние, дәулеттің өзгермелілігін тұспалдайды:

Мезгілді күн өткен соң,

Таулар да тұрмас құламай.

Азғындаса арықтап,

Арғымақ қалар жүре алмай.

Көлеңкелі бұлттай,

Көшпелі болған дүниенің.

Өмір қызығын тірлікте көру керектігін айтып, фани дүниеге сенбестік білдіреді.

Дүниеден өткен соң,

Екі жақ өмір келмегі,- дейді.

Бірақ дүниеге қызығып, арға тиер іс қылып, адамдықты жоюға болмайтынын да ескертеді. Әсіресе, құлық – сұмдық, өтірік - өсек, ұрлық сияқты жұғымсыз істерден сақтандырады.

Адал жүріп анық бас,

Біреудің алма инесін.

Қызықтырған түлкідей,

Дүние өтер бір күні...

Есерліктің белгісі –

Өтірік - өсек аяңды,

Іркілместен соғады.

Майлықожаның әдебиет тарихынан орын аларлық, заманның көрнекті ақыны екенін тану қиын емес.

Базар Оңдасұлының (1839 - 1911) шығармашылығындағы басты жанрлар, көркем нақыштар, бейнелік мәселелері

1.Базар Оңдасұлының шығармашылығындағы басты жанрлар, көркемдік нақыштар, бейнелік мәселелері.

2.Базар Оңдасұлының дастандарындағы фольклорлық сипаттар мен авторлық, реалистік көркемдік шешімдер

Базар Оңдасұлының (1839-1911) шығармашылығындағы басты жанрлар ,көркемдік нақыштар, бейнелік мәселелері.

Базар жыраудың әдеби әдісі Шортанбай, Дулаттарға ұқсайды. Бірақ стилі бөлек. Шортанбайда реалистік – сатиралық арна елеулі. Оның романтизмі әдеби тәсілінде емес, идеясында. Ал Базар жырауда романтикалық образдау мен идея бірлескен. Тілі мейлінше тартымды,ұғымды, көпшіл.

Метафоралары халық поэзиясына жақын. Ақын замана қайшылықтарын жинақтай отыра үлкен образ жасайды. Онысы заманды шенеу ғана емес, іздену , күрес, сарынымен де байланысты. Осы сипаттарына қарап біз Базар поэзиясы романтикалық толғаудың 19 ғасырдың аяғындағы өзгеше бір көрінісі дейміз.

Идея жағынан Базар жырау кейбір ескішіл бағыттағы ақындар секілді пайғамбар заманын аңсамайды. Өз дәуірінің үлкен аңғарын танып, сол қайшылықтан шығудың жолын іздейді , тулайды, бұлқынады.

Романтикалық толғаудың тіл мен мазмұн бірлігіне негізделген Базар шығармаларының шынайылығы, көркемдігі, образдылығы оның поэзиясының басты ерекшеліктерінің бірі. /1.183/.

Ақын өлеңіне бейнелілік пен суретшілік тән . Ол неше бір поэтик тілдерді әсірелеу, теңеу, эпитет, метафора қолданады. Адам тұлғасын, сырт пішін, кескін-келбетін суреттеуде болсын ақындық шабыт поэтик тіл айшықтары белес береді.

Азу тілі ақсиган,

Ор қояндай қақсиган.

Көзі ақықтай сүзілген,

Тісі ақ маржандай тізілген.

Келісті келген кер миық...

-деп сұлудың сырт пішінін – портретін танытқандай сөз тізбелейді /2.147/.

Базар ақын өз заманының кемеңгер ақыны.

Ақындар бойындағы ерекше шабыт пен таланттың көріністерін Базар өзіндік сөздер мен танытады. Ақын шабытын жүйріктер қимылдарына ұқсатады.

- Шабарына келгенде,

Қашаған қуған жүйріктей.

Оңды теріс оралған,

Озарына келгенде,

Қарадан шығын жоғалған.

Жыраудың өлеңдерінде Дулат, Шортанбай ақындар сарыны да, тіпті, кейде, Махамбет әуені де байқалып қалады.

Кейбір ақындарды сынға алып, олардың шығармаларындағы мәнсіздікті-дәлсіздікті осылай көрсетеді. Қажыған халық бойына қуат құяр нұрлы сөздер толғауды ұнатады. Өлген адамдарға жоқтау шығарады кәсіп ешіңкіреп жүретін Будабай сияқтыларға көңілі толмайды.

Базар, сөз жоқ, кезінің белді ақыны, дәуірінің әлеуметтік мәселелкеріне қоса білген, кең танысты жырау.

2. Базар Оңдасұлының дастандарындағы фольклорлық сипаттар мие авторлық, реалистік көркемдік шешімдер.

Жыраудың творчасыын айқындай түсетін дастандары: «Әминә қыз», «Айна –тарақ», Мақпал-Сегіз» және «Жүсіп –Ахмет».

«Әминә қыз» сиқыр күшке сенетін шығыс тақырыбына арналған шығарма. Бағдат шаһарындағы бір жігіт әкеден қалған мол байлықтың арқасында Әминә атты бір қызға үйленеді. Жігіт алған жарын қанша ықылас, кең пейіл көрсеткенімен кенет әйеліне тосын мінез пайда болып, ұйықтамайтын, тамақ ішпейтін күйге түскен. Мұның себебін білу үшін жігіт өтірік ұйықтаған болып, андып жатады. Әйелі түн ортасында орнынан тұрып, қаланың сыртына қарай жүре берген. Қаладан оқшауырақ көп бейіттің ішіне кіріп, жаңадан көмбеген бір өлікті алып жей бастайды. Бұл сұмдықты көрген жігіттің жаны түршігеді. Ертеңіне қызметкерлері пісіріп неше түрлі тәтті тағамдарды әкелгенде, әйелі дәм татпаған, сол кезде жігіт әйеліне түндегі көргендерін айтады.

Сөйтіп, жеті жыл ит болып, көп азап шегіп, ақыры бір қыздың жәрдемімен адам қалпына келіп, сол қызға қайта үйленген. Бұл әйел

дуамен Әминаны байтал бейнесіне айналдырып жіберген. Жігіт байталды мініп, күнде базарға барып, жол-жөнекей байталды шыңғыртып сабаумен болған. Айуанға қатты азар беретін жігіт туралы патшаға арыз түсіп, жігітті шақыртқан. Патшаға мән-жайды сұрағанда жігіт жоғарыдағы оқиғаны баяндап: «Жеті жыл ит болдғаным еске түседі, байталды ұратын себебім сол»-деп жауап береді.

Бұл шығарма халық ауыз әдебиетіне тән шығарма. Себебі сюжеті фольклорға тән құрылған. Мысалы Әмина қыздың байталға айналып кетуі. Бұл халық ауыз әдебиетіндегі қиял-ғажайып ертегілерде кездесетін құбылыс. Осыдан-ақ бұл дастаннан фольклорлық сипаттарды байқауға болады.

Ақын бұл шығармасында әділдік, адалдықты бірінші орынға қояды және шығармасын әділдік жеңеді деген шешіммен аяқтайды.

«Айна-тарақ» сюжеті шымыр құрылған шығарма. Бұл да шығыс тақырыбына арналған. Ағайынды үш жігіт бір қызға ғашық болады. Бірақ бірін-бірі білмейді. Үш жігіт мал саудасымен ұзақ жолға жүрмек болып, әрқайсысы жеке- жеке қызға келіп: «көңіліңе ұнаған нәрсеңді айт, әкеп беремін»- дейді. Қыз жігіттердің үлкеніне кілем алуды, ортаншысына айна, ең кішісінең тарақ әкелуді ұсынған. Бір ай жол жүріп Бұхара шаһарына жетіп, базарға айдап барған малдарын сатып болған соң, үлкен мың ділдәға кілем, ортаншысы мың ділдәға айна, кішісі үш мыңға тарақ сатып алады. Кілемді мініп алып ұшуға, айнаны биік жерге қойып дүниенің төрт бұрышын көруге, ал тарақты кеудесіне қойса үш күн бұрын өлген кісі тірілетін. Айнаның кереметін көру үшін биік жеге қойып, өз ауылдарына көз салады.

Үш жігіт кілемге мініп алып ұшып, жаназа тарқамай-ақ елге жеткен. Тарақты кеудесіне қойған кезде өлген қызға жан еніп, түрегелген. Тірілген қыз жігіттердің біреуіне ғана берілуі тиіс. Жігіттердің әрқайсысы өзінің алғанын орынды көріп, қызды бір-біріне қимай көп таласады Бұл таластың түйінін шешіді хан қазылар алқасына тапсырған.

«Айна тарақ» оқиғасы қызық. Жырдың жатық кезінде ел жыршыларының жаттап алып, көп жиналған жерлерде айтып жүргені анық. Бұл шығармадан да фольклорлық сипаттарды тануға болады. Бұл дастанда қиял-ғажайып оқиғаға құралған. Мысалы өлген қыздың қайта тіріліп, өмір сүруі.

Ақын шығарманың соңында болған шиеленісті оқиғаны дастандағы кейіпкерлердің яғни билердің шешуіне береді. Дастандағы оқиға жақсылықпен аяқталады. Бұл ақынның көркемдік шеберлігі.

«Мақпал-Сегіз» дастаны Базар дастандарының ішіндегі ең көркемі. Бұл жырдың тақырыбы жастардың бас бостандығы, махабат, сүйспеншілік. Феодалдық қоғамда сүйгеніне қосыла алмаған жастардың өмірін жыр етеді.

«Мақпал –Сегіз» негізінен халық жыры. Жырдың бірнеше нұсқасы бар, бәрінің тақырыбы бір болғанымен, оқиға желісі, даму жолдары, шығарманың шешілуі басқа-басқа. Бір нұсқасында Жабы мен Сегіз достасып, Мақпалды Сегіз алып, Сегіз өзінің қарындасын Жабыға қосады. Кейбір жырларда Жабыны қалмақ батыры етіп көрсетеді. Базар жырлаған нұсқада Жабы қарақалпақ батыры. Тұратын жері- Дәуқара. Ал Мақпал мен Сегіз Сыр бойын мекендеген елдердің қыз- жігіттері.

Халық жыры «Мақпал-Сегізді» Базар өзінше жырлайды. Бұл жырды оқып отырып, толау алыбы Базардың стилі, тіл ерекшелігінен көруге болады.

Жырда халықтың тұрмыс-тіршілігі кең суреттеліп, әсем бейнеленген. Жылқы айдап қырға отар кеткен Сегіз қайтіп келген ел ақтап қыз таңдаған қарақалпақ Жабы батыр қалың беріп қызды алмақшы боады. Қыз ағалары келісім берген. Жас шағынан бірге өсіп, бір-бірін сүйген Мақпал мен Сегіздің байласқан уәдесі бар. Мақпал –жалғыз.Тағдыр алдында әлсіз жол тауып, жөн сілтейтін жанашыры жоқ.

Қорыта келгенде, «Мақпал-Сегіз» жырында бас бостандығын ансаған екі жастың мөлдір махаббаты жырланған. Қызын теңіне бермей, малға берген кер заманның шыпдығы көркем бейнеленген.

Демек, Базар жырау тек толғауар ғана емес, көлемді дастандар да жырлаған ақын екеніне көз жеткізуге болады.

Мұрат Мөңкеұлының (1843 -1906) шығармаларындағы ойшылдық, философиялдық – азаматтық терендіктер

1. Мұрат Мөңкеұлының ақындығы.
2. Мұрат - жыраулық поэзияны насихаттаушы.

1. Мұрат Мөңкеұлының ақындығы.

Мұраттың ақындық мұраларының құнды бір саласы – арнау, хат,сын-сұхбат, ақыл-нақыл сарындас туындылары. Бұл салаға жататындар негізінен ақын өмір сүрген кезеңнің шындығын, дәуір адамдарын, олардың мінез-құлық іс-әрекеттерін бейнелейді. Дүние, әлем өзгерістері туралы өзінің ойларын түйіндейді. Дүниенің жалғандығын, тұрақсыздығын еске салады. Бақ-дәулет, биік дәреже билік бәрі өткінші. Оған Адам алданады, бой алдырады. Дүниеге келген адам өсіп, жетіліп дүние-мүлік жиып, қызық көріп, әр түрлі әрекеттер жасап жүреді. Ақыры өледі. Талай асыл армандар орындалмай қалады. Пенденің көзі еш нәрсеге тоймайды. Малдылар малына, билер билігіне, сұлулар көркіне, серілер сән-салтанатына, құлқынқұмарлар барына разы болмай қайран өмірді мәнсіз талас, күрестермен, баққұмарлықпен, өткізіп алады. Біріне-бірі адамшылық, қайы-рымдылық жасаудың орнына, барын көре алмай, жоғына жәрдем бере алмай тайталас, бәсекемен жүреді. Қазіргі қазақ елін бұзып, бүлдіріп жатқан болыс сайлауы ел арасына іріткі салып, қарсы партиялар бірінің дәулетін бірі шашып, ұлықтарға, көріне көзге, жем болып аласұрып, берекесіздікке беріледі. Мысалы Есенғали болысты ақын сараң өзімшіл, тегі төмен адам, елге қайыр болмас деп мазақ етеді. /2,227/

Мұрат – сұлулықты, көркемдікті бағалай білген эстетикалық талғамы жоғары ақын болған. Ол төкпе ақынның әрбір шығармасынан айқын көрінеді. Сүйкімді мінез, нәзік жан оны әр кезде-ақ қызықтырған. Жаны таза, ақылға дана,сырт пішіні көркем,салтанатты,салмақты қыз бейнесін танытарлық **лирикалық шығармалар** жазған. Жігіттерге арман боларлық сұлу қыздың образын көз алдыға елестетер **«Қыз»** деген өлеңі жеткен. Ақын қыз сұлулығын әр түрлі сымбаттылық бейнеде, ерекше шабытпен суреттей білген. Сұлудың сырт көрінісі, ақылы,

мінезі, іскерлігі, жүріс-тұрысы, киім киісі – түгел дерлік қамтылып, бір адам бойына жинақталып тұлғаланған.

Бұраңдап ақ моншақтай керілген қыз,

Оздырдың саятанатты еліңнен қыз.

Сәулесі ақ жүзіңнің жерге түссе,

Реңің сары алтындай көрінген қыз.

Мұрат сұлулық туралы арнайы термелеп, ұзақ толғаған. Оның арнайы жазған сұлулық туралы толғауы адамның асыл армандарын түгел термелеп, адамға жарасымды нәрселердің бәрін тізбектеген. Оның «Жалғаншы пәни жалғанды» - деп басталатын өлеңінде дүниедегі жарасымдылықтар ақын арманы ретті асқақ романтикамен ұштасқан. Онда сүйкімді жігіт, өнерлі ел азаматы, қыран құс, жүйрік ат, әдепті мінез, иманды жан, елге қорған болар батыр тағы басқахалық сүйсінер тұлғалар, тұрпатты бейнелер армандалады.

Соларға елдің зәру болып отырғаны айтылады. Халықтың өзінің сән-салтанаты да осыларға тығыз байланысты болатыны ескеріледі.

Елдің сәні жайлы қонысы,көк орай шалғынды жайлауы,қонды малы мен салтанатты тұрмысы деп дәріптеледі.

Қыз-бозбалаға тән мінез-құлық, іс-әрекеттерде өзіне жарасымдылық тапса ғана сәнді деп түйеді. Оларға да лайықты өмір құбылыстары ,керекті істер баршылық:

Қызды ауылды көргенде,

Ауыл жағын қамшылап...

Астына күрең ат мінсе,

Жібек те емес, жіп те емес,

Адам көрмес зат кісе.

Жиырма жасқа келгенде

Ол жігітке жарасар.

Халықтың ырысы мен дәулеті, адамдардың сәні мен сәулеті, азаматының адалдығы мен әділеттілігі қыз-бозбаланың сымбаты-сұлулығы,ақылы мен адалдығы түгел жарасым тапқан сәнді де мәнді келісімдіктерді көксейді ақын.

Адал жан армандар ізгілік деп әдемілік пен жарасымдылықты алға тартады. Әсіресе, әсемдік әлеміндегі құйындата құйқылжытқан сөз нөсерлері аспаннан төгілген меруерттей жарқын сұлудың сымбатын ол:

*Тал бойын қарасаң,
Сырдың біткен талындай.
Ауыздан аққан лебізі,
Кешкіқұрым ақ үйден,
Біргай басып көрінсе,
Қамзол бешпент делбегей.*

Ақын туған халқына осындай жарасым тапқан келісімдіктерді көксейді. Сол сияқты **«Аттан сұлу болар ма?» толғауын** оқыған адам әдеміліктің, ақындық тілдің сонны түрлеріне кезігіп, тілдің небір кереметтерін ашады.

«Арғымақ сайлап не керек?», «Ер өлмейді деменіз», «Дүниенің төрт бұрышы», «Мен белгілі жүйрікпін», «Сөйлеймін сөзді ерінбей», «Жалп-жалп ұшқан жапалақ», «Асқар асқар асқар тау» тағы басқа ақынның әсемді әлеміндегі көрінісін көркейте түсетін тамаша лирикалары. /5,175-176/

2. Мұрат - жыраулық поэзияны насихаттаушы

Жыраулық поэзияға тән ақпа-төкпе екпін, бірыңғай ұйқас, бір әріптен басталған ұзақ жолдар - жазба әдебиетке бергісіз тамаша ақындық табыстар. Тіл образдарын өз кезіне сай ерлік үлгіде, эпостық дәстүрде бейнелеуі, оларды асқақ эпитет, дәл теңеу, метафоралармен өрнектеулері – ақын поэзиясының құдіретті күші.

*Арғымақтың баласы,
Арыған сайын тың жортар,
Арқамнан қосын қалар деп.
Ақ дария толқын күшейтер,
Құйрығын күн шалмаған балығым,
Ортамнан ойран салар деп.*

Шешендік пен шеберлік үлгісі, образды сөздер қоймасы сияқты ақын толғаныстары бірінен-бірі өткен, төгіліп тұрған нұрлы сөздер:

*Ақсұңқар едім – мен ұштым,
Қауырсыным түлеген,
Қалыңды қалың көліммен
Дулығалы қара нар едім,
Қатарланып асын барамын.*

Мұрат ақын шығармаларының ең көлемдісі – **«Қарасай – Қази» жыры**. Бұл нағыз эпостық поэма. «Эпостық жырға жататын

шығармалардың негізгі өзгешелігі – мұнда қандай да бір оқиғаны, жәйт-жағдайды баяндап айту тәсілі қолданылады. Эпостық шығармада әртүрлі кейіпкерлердің іс-әрекетін, күй-жағдайын, мінез-қасиеттерін, өзара қарым – қатынастарын суреттеп көрсетуге мүмкіндік мол. Жазба әдебиетінде эпостық жанрдың роман, повесть, әңгіме, поэма сияқты үлгілері кеңінен дамып, өркендеп келеді.» /7,378/

Орақ батыр мен оның балалары Қарсай, Қазилардың жалғасып жатқан батырлық дәстүрлерін ардақтайтын ерлік эпос. Жыр сюжеті шағын желіге құрылған. « Жыр – қазақ халық поэзиясының жанрлық түрі, түпкі негізі мағынасында өлеңмен баяндалатын жырлап айтатын, уақиғалы, көлемді поэзиялық шығарма (батырлық жыры, эпостық ғашықтық жырлар). Сонымен бірге стильдік ерекшеліктері, өлең өрнегі жағынан оларға ұқсас толғау, терме секілді көлемі ықшамдау поэзиялық үлгілер де жыр деп аталған.» /7,159/

«Сюжет - өзара жалғасқан оқиғалардың тізбегі, біртұтас желісі. Сюжеттің негізі – өмірлік тартыс, конфликт, кейіпкерлердің қарым-қатынасындағы қақтығыс.» /7,311/

«Қарасай–Қази» жырындағы ең тартымды көрініс – Қараүлек қарияның азалы жоқтауы. «Жоқтау – қазақ халқының өмірі мен поэзиясында тарихи-мәдени мәні ерекше құбылыс, тұрмыс-салт жырларының бір саласы. Халықтың асыл перзенті, елдің құрметтісі, сүйіктісі, әр шаңырақтың «ақыл-аузы», «Арқан–қазығы» дүниеден өткенде өткенде шерлі, азалы әуенмен айтылады. Оның сүйегіне, тегін, мінезіне дарыған асыл қасиеттері, ел –жұртқа, бауыр-туысқанға жасаған жақсылықтары, үлгі-өнегесі, артына қалдырған өшпес іздері мен ақыл-нақыл сөздері көркем де мәнерлі тілмен жырланады.» /7,154/

Қараүлек қария баласын жоқтаған ананың сөзін айтып қоймайды. Соған қоса, өзі ел-жұртының анасы ретінде толғап, ел қамын жер азаматтың қазасы түгел елге ауыр тиген, жалпыға ортақ аза боды деп қайғылы Қараүлектің бейнесі – ел әжесінің кейпінде тұлғалы көрініс табады. Орақтың жоқтайтын сөздер – асқақ батырға сай жар, жақсы ана екеніне куәгер.

Жыр оқиғасының тағы бір шиеленіскен кезі негізгі кейіпкерлердің араласқан тұсы, Қарасай мен Қазидай Орақ ұландарының патриоттық іс-әрекеттерін бейнелеген көріністер.

Қарасай он жеті жасар жігіт бопқалған кезінде Орақтың өлгенін пайдаланып, оның жаулары –қалмақтар елге қауіп төндіреді. Жауға қарсы қол бастап, Алшы, Смайындар аттанады. Олардан жау қайм Батырдың ұлы бола тұра елде қалып, ата аруағын ақтамағанына өкінеді. Оны қайрап, былай дейді:

Атаңа тартып тумадың,
Беліңе садақ бумадың.
Не болды саған балаларым...

Бұдан кейін Қарасай мен он бес жасар Қазі жау алдында жолығысып тілдеседі. Қазиге кері қайт деген аға сөзі өтпейді. Не көрсек те бірге көремін деп қайсарланады. Ақыры сан мың қалмақтың қолын қырып, жеңіспен елге оралады. Жыр оқиғасы қуанышпен аяқталады.

«Қарасай– Қазі»жыры Мұраттың жыраулық өнерге жетік ақын екенін танытады. Ол Қарасай,Қазі оқиғасын үлкен эпосқа айналдырғаны анық./2,222-227/

Мұрат Мөңкеұлының жыраулық поэзияға тән ақпа-төкпе екпін, бірыңғай үйқас өлендері де көптеп кездеседі.Мәселен: «Мұраттың жалпыға айтқаны» өлеңі әуенді, дыбыстық ырғағы әлді күшті поэзия. Бірыңғай ассонанс болып келетін бірыңғай қатарда қолдану тыңдаушыға әсерлі , құлаққа жағымды болып естіледі.

*Елпең-елпең жүгірсе,
Ебелек отқа семірсе;
Емендей белі бүгілсе
Жібектей жалы төгілсе;
Күн-түн қатып желгенде
Жер адымын қуырса;
Жердің шаңын аспанға*

Жел құйындай суырса, – деген өлеңінде соңғы жолдарда аллитерация құбылысы да ап-айқын. Бұлай құрылған шығарма тіл жағынан оқырманды жалықтырмайды. Қазақтың өзіне тән теңеу, мета-форалары, эпитеттері қолданылады. Мысалы бірыңғай «Е» әрпінен басталатын ұзақ шумақты өлеңін қарастырсақ:

*Ертеңнен шапса, кешке озса,
Еңкүден салса, төсте озса,
Еңіреуден қара қайырса,
Елікті қақтан айырса;*

Бұндай өлең жолдары тек жыраулық поэзияға тән қасиеттер. Сондықтан да Мұрат ақынның жыраулық дәстүрді ұстана білгені ақиқат.

Ақын шығармашылығы мәңгілік көркем туындылар қатарында кең тарап, қанша қысым көрсе де ұмытылмай, ел аузында сақталады. Мұрат Мөңкеұлының өлеңдерінде өз дәуірінің, сол кездегі халқының өмір тіршілігін айқын көрсете білген. Мұрат Мөңкеұлының шығармашылығының бүгінгі ұрпақ үшін қажеттілігі де осында.

Шоқан (Мұхаммед - Қанапия) Шыңғысұлы Уәлиханов (1835-1865) – қазақ тарихы мен әдебиетін, фольклоры мен этнографиясын зерттеуші, ағартушы ұлы ғалым

1. Шоқан (Мұхаммед – Қанапия) Шыңғысұлы Уәлихановтың өмірі мен шығармашылығы.
2. Шоқан (Мұхаммед – Қанапия) Шыңғысұлы Уәлиханов (1835-1865) – қазақ тарихы мен әдебиетін, фольклоры мен этнографиясын зерттеуші, ағартушы ұлы ғалым.

I. Шоқан (Мұхаммед – Қанапия) Шыңғысұлы Уәлихановтың өмірі мен шығармашылығы.

Шоқан Шыңғысұлы Уәлиханов 1835 жылы Сырымбет даласында дүниеге келген. Оның шын аты Мұхаммед-Қанафия. Ел аузында қалған сөздерде оның азан шақырып қойған әуелгі атының Шоқан болып өзгергені де осы тұрғыдан байыпталады. Үлкендердің қасында тапжылмастан шоқиып отырып әңгіме тыңдайтын баланы ата-анасы: «Шоқиғаным, Шоқаным», - деп еркелетеді екен. Ақырында оны кейіннен бүкіл ағайын-туған, ел-жұрты да осылайша атап кетті.

Енді бір деректерде Шоқанды осылай атауға байланысты мынадай бір дерек келтіріледі: Шыңғыстан туған тұңғыш немересін – Мұхаммед-Қанафияны жақсы көрген Айғаным әжесі оны кішкентай жасында еркелетіп, оған бата-тілек ретінде «Құлыным, Шоқыдай биік, таудай асқақ болшы» дейді екен.

Шоқанның шыққан ортасы – қазақтың хан-сұлтан төре тобы. Әкесі – Шыңғыс - Омбы әскери училищесін бітірген, орысша сауатты, офицерлік чині бар (полковник болған) адам. Ал Шыңғыстың әкесі Уәли мен шешесі Айғаным да хандық құрған адамдар. Арғы аталары тарихқа белгілі – Абылай хан.

Шоқанның әкесі Шыңғыс Уәлиханов (1811-1895ж.ж.) орта жүздің ханы Уәлихан семьясында Қызылағаш жерінде (басқа мәліметтер бойынша Сырымбетте) дүниеге келген. Шыңғыс әкесінен 10 жасында жетім қалған. Жас кезінен Шыңғыс өте зерек болған, орыстармен араласқан, анасы Айғанымның қалауымен Омбы әскери училищесін бітірген. Омбы әскери училищесінде жеті жыл оқығаннан кейін ол бұдан ой-өрісі кеңейіп, ғылым мен

әдебиеттен, көркем өнерден, сондай-ақ тарих пен географиядан, өз елінің статистикасынан терең мағлұмат алып шығады. Шыңғыс орыс тілін жете меңгерген тұңғыш қазақтардың бірі еді және соның арқасында ол орыс мәдениетінің бай қазынасымен терең танысады.

Шоқан титтейінен алғыр, зейінді болып өсті. Тілі де ерте шығып, зеректігімен көзге түсті. Әсіресе ол сәби шағынан үлкендердің әңгімесіне ерекше қызығушылық танытар еді. Әдетте аға-сұлтан ордасына ат басын бұрар қонақ көп. Олардың арасында әкімшілік жайымен жүрген ел билеушілерімен қатар, ескі әңгімелерді мол білетін құйма құлақ қариялар, кезінде талай жорықтарды бастан өткерген кеуделі батырлар, сөзден өрнек өретін билер мен шешендер, жыраулар мен өнерпаздар да баршылық. Сондайда Шыңғыс шаңырағында нешеме қилы әңгімелер арнасының ағыл-тегіл ақтарылып жататын дағдысы бар. Ал оларды есі кете қызығып тыңдаушылардың бірі – сол үйдің кішкентайы Мұхаммед-Қанафия.

Екі жасқа келгенде бала Шоқанның сана-сезімі ерте оянып, рухани өсіп жетіле беруіне әсіресе әжесі Айғаным үлкен әсер еткен. Тумысынан сезімтал, дарынды балаға әжесі халық даналығының сарқылмас бұлағы болған. Ол Шоқанға қазақтың ескі аңыздары мен хикаяларын қызықты етіп әңгімелеп, күні кеше өзі басы-қасында болған оқиғаларды еске алып отырған. Халықтың озық дәстүрлері мен салтын бойына сіңірген әжесінің жарқын бейнесін Шоқан өмірінің аяғына дейін ұмытпай есінде сақтайды. Айғаным әжесі Шоқанға 5-6 жасынан елінің қисса-дастандарын оқытып, батырлық жырларын жатқа айтуға баулыған. Сырымбетте жүрген кезінде-ақ ол ел аузындағы «Ер Қосай», «Қозы Көрпеш – Баян сұлу», «Ер Көкше» сияқты дастандардың бірнеше нұсқасын жазып алған.

Шоқанның рухани, мәдени өсіп жетілуіне, оның ғылымға ден қоюына әжесімен қатар әкесінің алдыңғы қатарлы орыс интеллигенциясының өкілдерімен тығыз байланысты болуы үлкен әсер етеді. Академик А.И.Шренк, Сібір қазақтарынаң облыстық басқармасында қызмет істеген декабристер С.М.Семенов, В.И.Штейнгель, Н.В.Басаргин және Қазан университетінің студенттері С.Сотников, Н.Ф.Костылецкий, Т.Сейфуллин сияқты көптеген жоғары білімді адамдар Шыңғыстың ауылында талай рет болған. Сонымен қатар Шоқанның көңілдес достары, замандастары П.П.Семенов-Тяньшаньский, Ф.М.Достоевский, Н.Веселовский,

Г.Потанин, Н.М.Ядринцев, Н.Ф.Анненский тағы басқаларының Шоқанға деген ықылас-ниеттері ашық, жақсы ықпалдары мол болатын.

Шыңғыс үстем тап өкілі ретінде ел билеушілік қызметін атқара жүріп, өз ауылында қазақ мектебін ашады. Шыңғыстың өзі араласа жүріп ашқан ол мектеп Шоқан алғаш алған тәуір білім алған құтты отауға айналып еді. Онда шәкірттер қазақша таза оқып, жаза білуді, көне шағатай тілдеріндегі дүниелерді тануды, араб пен парсыша сөйлеу дағдыларын үйренді, шығыс ақындарының өлеңдерін жаттады, қазақтың халық эпостарымен танысты, тарих пен есеп пәндерін өтті. Осыған қарағанда байырғы дәстүр бойынша сұлтан балалары «жеті жұрттың тілін білу керек» деген талап Шоқанды оқыту барысында кәдімгідей жүзеге асқан сияқты.

1847жылдың күзінде әкесі Шыңғыс өзі алған әскери орысша білімді баласы Шоқан да алсын деген ниетпен оны Сібірдегі ең таңдаулы оқу орны болып саналатын Омбының кадет корпусына орналастырады. Осы кадет корпусы жайында А.Завалишин: «Омбы әскери Кадет корпусы ағартушылық пен патриотизмнің өркен жайған жері болатын», - деп айтып кеткен. Кадет корпусында жүрген пәндердің салалары мен сапасы жөнінде академик Ә.Х.Марғұлан: «Омбы кадет корпусында оқылған курстардан көрінгендей, ол әдеттегі үлгі орта оқу орындарынан көш жоғары тұрды. Ол шын мәніндегі білім ордасы болды. Оның оқу программасына тек арнаулы жоғары оқу орындарында ғана оқытылатын пәндер (Архитектура, Сызба геометрия, Топографиялық сызу және басқалар) енгізілген. Корпус Россияның шет аймақтары мұқтаж болған аса білікті және жан-жақты білімді адамдар даярлауды жүзеге асырды» - деп, мейлінше орынды әрі дәл баға Берген.

Мұнда Шоқан шығыстың ақын, ғұламаларын Науаи, Фердауси, Әл-Фарабиді оқыған, орыс, шетел әдебиетінен Пушкин, Гоголь, Лермонтов, Шекспир, Теккерейдің шығармаларымен танысты, В.Г.Белинскийдің, А.И.Герценнің, Ж.Ж.Руссоның, Т.Карлейльдің философиялық трактаттарын, әлеуметтік романдары мен сын мақалаларын оқыды.

Шоқанды өзінің орыс достары арқылы оқуға түсірем деп Шыңғыс Омбыға келгенде, корпус директоры генерал Шрамға өз ұлын Ресей армиясының офицерлігіне дайындайтын осы оқу

орнына беруге өзінің ықыласты екенін айтып, арнайы жолыққан еді. Сонда генерал қарсы болған жоқ. Бірақ Шыңғысқа мынадай бір ескерту жасаған: «Бізге түскен нұсқау бойынша, кадет корпусына қазақтардың өзіңіз сияқты қадірлі адамдардың балаларын алуға да рұқсат берілген. Сіздің балаңызды алайық, бірақ үлгеріп кете алмаса, ренжімейсіз, шығарып жібереміз», – деді. Әрине, ауыл мектебінде қазақша сауаттанып келгені болмаса, орысша білмейтін қазақ баласы Ресей армиясының болашақ офицерлерін дайындайтын, программасы біршама күрделі оқу орнына басқалармен қатар үлгеріп кете алар ма екен деген күдік әуелгі кезде көп мұғалімдер тарапынан туындаған да шығар. Алайда Шоқан олардың бәрін де таңдандырып, алғашқы жылдың өзінде-ақ орыс тілін бір кісідей үйреніп қана қоймай, сабағы жөнінен де алдыңғы қатардан көрінді. Құдайға шүкір, Шрамның Шыңғысқа жасаған ескертуі жүзеге аспады: Шоқан корпусстың алдыңғы қатарлы озық оқушыларының бірі болды. Шоқанмен бірге оқыған оның досы Григорий Потанин корпуста оқып жүрген шағынан өз естеліктерінде былай деп жазады: «Шоқанның санасы тез өсіп, өз қатарластарынан өте озық болған еді. Табиғи қабілеті және басқа да ерекшеліктері мол адам болатын...». Шоқанның зеректігін ол Кадет корпусында оқып жүрген кезінде-ақ жолдастары мен оқытушылары байқады. Осы орайда Г.Потанин: «Шоқан тез дамыды, өзінің орыс жолдастарынан басып озды. Оған көп адам ден қойып, зер салды, оның қабілеттілігі сондай, - оқу орнына түсуден бұрын да сурет салған еді» - деп Шоқанды еске алып жазады.

Жоғарыда айтылып кеткендей, дәстүр бойынша сұлтанның балаларына бірнеше шығыс тілдерін үйрену, яғни «жеті жұрттың тілін білу» парыз болған. Шоқан шығыстың араб, ұйғыр, түрік, монғол, парсы тілдерін меңгерумен қатар Еуропаның орыс, француз, неміс, ағылшын тілдерін білген. Қашқарияда Шоқан ұйғыр тілін тәп-тәуір үйреніп алады. Ғалымның архивінде оның Қашқарияда ұйғыр тілінде жазғандары сақталған.

Корпустың оқу программасында әскери пәндермен бірге жалпы география, Россия географиясы, жалпы тарих пен Россия тарихы, орыс және Батыс Еуропа әдебиеттері, философия негіздері, физика, химия, арифметика, алгебра, геометрия, тригонометрия пәндері де қамтылған және сонымен қатар сызу мен сурет салу сабақтары жүргізіліп, орыс, француз тілдері де оқытылған. Оның үстіне

корпуста шығыс тілдерінің класы да бар еді. Бұл класта француз тілінің орнына түрік, монғол, араб, парсы тілдерін оқытқан. Ал жоғары класс оқушыларына фехтование мен би сабақтары да арнайы өткізілді. Кадеттердің би кластарына Омбының ең тәуір деген бикештерінің келуіне рұқсат берілгендігінен-ақ аңғарылып жататын.

Осылардың бәрі: мәнді оқу программасы, мұғалімдердің білім сапасы, сол шақта революциялық-демократиялық идеялар рухында тыныстаған бір шоғыр ұстаздардың сергек тәлімі тумысынан зерек Шоқанға ерекше әсер еткендігіне дау жоқ. Ол екі-үш жыл ішінде-ақ алғырлығымен, жүйрік ойымен көзге түсіп, өзіне ерекше назар аудартты.

Кадет корпусында Шоқан 6 жыл оқыды. Корпусты 1953 жылы жақсы бітіріп шығысымен, Сібірдегі V әскери полкына алынған. Жыл өткен соң Батыс-Сібір генерал-губернаторының адъютанты қызметіне жоғарылайды.

2. Шоқан (Мұхаммед – Қанания) Шыңғысұлы Уәлиханов (1835-1865) – қазақ тирихы мен әдебиетін, фольклоры мен этнографиясын зерттеуші, азартушы ұлы ғалым.

Шоқан 1856 жылдан бастап ұлы саяхат сапарына шығады. Жас ғалымның ұлы сапарлары Орта Азиядан бастау алған. 1856, 1857 жылдары әскери экспедициямен қырғыз жерін аралап, әдет-ғұрпын, әдебиетін, өсімдіктер және хайуанаттар әлемін зерттей бастайды. Шоқан – қырғыз жерін, олардың «Манас» жырын ең алғаш зерттеп, Еуропаға әйгілеген ғалым. Сонымен қоса, өзбек, ұйғырлардың ғасырлар бойғы тарихын сан қырынан қажымай зерттеп, әлемге танытқан зерделі шығыстанушы. Шығыстың көптеген елдерінің тілін жақсы меңгергендіктен, парасатты ғалымға жергілікті халықпен араласу қиынға соқпаған. Осы жылы Құлжа қаласында үш ай жүріп, Ресей мен Қытай арасындағы сауда, достық қатынастарының жақсаруына зор ықпалын тигізеді. Әр сапарындағы құнды еңбектері әлемдік ғылым қазынасын толықтыра түсті.

1855-1856, 1862-1863 жылдары Қазақстанның түкпір-түкпірін аралайды. Туған халқының мәдениетін, өмір салтын, фольклорын, ескі сәулет ескерткіштерін, тасқа түскен көне жазбаларын асқан іждағаттылықпен зерттейді. Батырлар жырларын, ертегі-аңыздарды, өлең-жырларды, қазақтардың заң билігі жөніндегі мағлұматтарды

жинады. Тынымсыз тірнектенгенінің нәтижесінде «XVIII ғасырдағы батырлар жайындағы тарихи аңыздар», «Қазақ шежіресі», «Абылай», «Қазақтың ата-тегі» сияқты көптеген бағалы еңбектер жазған. Орасан істері лайықты бағаланып, 1857 жылы Петербордағы жағрафиялық қоғамның құрметті мүшесі болып сайланды.

1858 жылдың 1-қазанында Қашқарияға аттанған ол еліне алты айдан соң оралады. Бұл өте қауіпті сапар еді. Өйткені, содан бір жыл бұрын қашқар жеріне жасырын кірген неміс ғалымының басы шабылған болатын. Еуропа үшін беймәлім, жұмбақ елге Ресей үкіметінің арнайы тапсырмасымен саяси астыртын барлауға аттанған. Ол – қазақтан шыққан тұңғыш әскери барлаушы. Сезік тудырмау үшін бөтен елде жүріп, ештеңені де қағазға түртіп алуға болмайтын.

Шоқан көрген-білгенін жадында сақтап алып, қауіпті жағдайда күнделік жүргізіп отырды. Қашқар халқының өнеркәсібі мен саудасы, үкіметі, саяси жағдайы, жер жайы туралы жинап қайтқан бай мағлұматтарын Ресей әскери мақсатта пайдаланды. Қарындашпен салған суреттері де Қашқарияның тұрмыс-салтынан көп хабар берді. Зерделі ғалым бұл сапарға бел бұғандағы өз мақсатын ұмыт қалдырмады. Қашқарияның салт-дәстүрін, тарихын, мәдениетін зерттеп, сирек қолжазбаларды, тау жыныстарын, біршама деректік заттарды алып қайтқан. Бұл 1859 жылдың жаз, күз айлары болатын. Шоқан сол әкелген материалдарын сұрыптап, ретке келтірді де 1860 жылдың басында Петербургқа аттанады. Осы жылдары Шоқан көп ізденеді, қоғамдық өмірге мольна аралысады, көптеген шығармаларды оқып, газет-журнал материалдарын үзбей оқып жүреді. Ол жайында Шоқанның досы Н.М.Ядринцев былай дейді: «1860-шы жылдарда Уәлиханов орыс өмірінің беталысын, оның жаңаруын бақылап отырды. Ол таңдаулы журналдарды үзбей оқыды». Петербургта 1861-1862 жылдары болып, ғылыми комитеттің тапсырмасымен Орта Азия мен Шығыс Түркістанның карталарын құрастырады. Бірақ Петербургтың ылғалды ауасы жақпай, кадеттің тас қабырғалы үйлерінің сызынан пайда болған көкірек ауруы асқынып, Сырымбетке оралады. Ғұмырының қысқалығын сезгендей, емделумен бірге ғылыми зерттеулерін үзбей жалғастырумен болды.

Шоқан Уәлиханов 1864 жылы Черняев басқарған экспедицияға қатысады. «Әуелден экспедиция алдына қойылған басты мақсаттардың бірі – мүмкіндігі келгенше жергілікті халықты бейбіт жолмен қосып алуға саятын. Черняев Омбыға келгесін Дюгамельге осы жайды да жеткізіп, бұл мәселеде өзіне көмекші табылса дұрыс болар еді дегенді білдірген. Генерал-губернатордың есіне Уәлиханов түсе кетті...». Бірақ «осы экспедиция атымды шығаратын, генералдық атаққа тез жеткізетін жорық болса екен» деген ниетке бой алдырған даңққұмар, мансапқұмар, қанішер полковниктің халыққа жасаған озбырлығына наразы болып, Шоқан Тезек төренің ауылына кетіп қалады. Онда өмірінің соңын өткізген ғасырлық тұлға өмірден өтеді. Бұл 1865 жылдың 10 сәуірі (жана есептеу бойынша 22 сәуірі) болатын.

**Ыбырай (Ибраһим) Алтынсарин (1841 - 1889) ұлы ағартушы,
ұстаз-жазушы, ақын, этнограф, аудармашы**

1. Ыбырай Алтынсарин - ұлы ағартушы.
2. Ыбырай Алтынсарин өлеңдері мен әңгімелеріндегі тақырыптық үндестік.

1. Ы. Алтынсарин - ұлы ағартушы.

Аса талантты педагог, ағартушы, дарынды жазушы, тамаша ақын, жалынды публицист, көрнекті қоғам қайраткері Ы.Алтынсарин қазақ қоғамының мәдениет пен экономика жағынан мешеу кезінде өмір сүріп, халқымыздың демократиялық мәдениеті мен өнерінің бірсыпыра саласында жаңадан өсіп өркендеуіне айқын жол ашып, баянды негіз жасады. Жан – жақты талант иесі Ыбырайдың есімі қашанда уақыт сыныфнан мүдірмей өтіп, өз халқымен бірге жасап келеді. Оның өмірі өз отанын шексіз сүйіп, оған бүкіл жан – тәнімен қызмет етудің тамаша үлгілерінің бірі болып табылады. Ағартушының өнегелі өмірі мен өрісі биік таланты бір қазақ мәдениетінің тарихында айқын іздерін қалдырса, қазір де сол асыл да абзал ерекшеліктерін өз бойында толық сақтауда. Мұның өзі заңды да еді өйткені әрбір ұлы адамзатпен бірге жасайтын мәңгі өшпес, ескіrmес идеяларды көтереді. Сондықтан олар арада бірнеше ұрпақтың өткеніне қарамастан әрбір жаңа ұрпақ, жасқауымға алыстан қол созып, жол болсын айтып тұрғандай болады, уақыт өткен сайын биіктей, мән маңызы мен қадір қасиеті арта түседі. Мәдениетіміздің тарихында Ы. Алтынсарин дәл осындай үркердей санаулы саңлақтардың бірі болған еді, Ол өзінің бүкіл творчестволық өмірін бір ұлы мақсатқа арнады. Ол мақсат қазақ халқын ғасырлар бойы езіп келген надандық пен қараңғылықтың шырмауынан босатып, өнер–білімді, мәдениетті елдердің қатарына қосу еді.

Ыбырай Алтынсарин 1841 жылы 26-шы қазанда Николевск уезінің Арқақарағай болысында (қазіргі Қостанай облысы, Затабол ауданы) туды. Әкесі Алтынсары оқымаған өз еңбегімен тіршілік еткен, қарапайым шаруа адамы болған көрінеді, шешесі Айман арғын руының ішіндегі Шеген деген бидің қызы екен. Ыбырай 3-4 жасқа шыққанда, Алтынсары қайтыс болып, атасы Балғожа бидің

қолында болады, бүкіл балалық шағы сол атасының тәрбиесінде өтеді.

Ағартушының атасы – Балғожа Жаңбыршыұлы өз заманындағы ірі феодалдардың бірі. Дала өңірінде көп билікті өз қолында ұстаған Балғожа Орынбор шекара комиссиясының алдында да айырықша беделді адам болды. Қазақстанның Россияға қосылу процесі біржолата аяқталып келе жатқанын орынды аңғарған Балқожа қоғамдық маңызы өте үлкен бұл құбылысты батыл жақтады. Мұнда ол әрине, қазақ халқының өнерлі, мәдениетті елдердің қатарына қосылуын тілеген жоқ, Қазақстанның Россияға қосылуын шешілу кезеңіне жеткен енді мүлде болмай қоймайтын құбылыс ретінде таныды. Сондықтан да бұл оқиғаға қарсы шығудың ешқандай пайда бермейтіндігін ескеріп, алдағы уақытта оны өз мүддесі үшін пайдаланудың жолын іздеді. Балқожаның бұл мақсатта тапқаны – Ыбырайды Орынбор шекара комиссиясының ел билеу ісі бұдан былай орысша сауатты адамдардың қолына көшеді деп танып, немересі арқылы кейін де сол ел билеу ісін қолынан шығармау ниетін көздеген еді. Бұл мектеп 1850 жылы 22-ші тамызда ашылды. Оның табалдырығын алғаш аттаған 30 қазақ баласының бірі – 9 жасар Ыбырай еді. Ыбырай 1857 мектепті өте жақсы деген бағамен бітіріп шығып, содан 1859 жылы шілде айына дейін өзінің туған жерінде атасы Балқожаның қолында болды. Қазақ қоғамының көп жайларын көзімен көріп, өзіндік ой дүниесімен сезіне білудің бұл қысқа мерзімнің Ыбырайға көп пайдасы тиді.

1859 жылдың бірінші тамызынан бастап, ол Орынбордың облыстық басқармасында кіші тілмаш болып қызмет істеді. Осы кезде жас жігіт Ыбырайдың өз бетімен білім алуына Балғожа биді айырықша бағалаған, және сол үшін Алтынсаринді сүйе білген. В. В. Григорьевтің – Орынбор шекара комиссиясының 1852-1865 жылдардағы председателінің көп жәрдемі болды. В.В. Григорьев дала өміріндегі осындай үлкен қызмет дәрежесі мен қатар шығысты зерттеуші белгілі ғалымдардың бірі, Петербург университетінің профессоры еді. 1859 жылдың күзінен 1860 жылыдың мамыр айына дейінгі аз уақыттың ішінде В.В. Григорьевтің көмегімен өз бетінше қажымай ізденудің нәтижесінде едәуір білім алады, мектепте алған білім қорын көбейте түседі, орыстың әдебиеті мен мәдениетін тереңірек білуге ұмтылады. Сол кезде Орталық Россияда шығып тұрған әр түрлі бағыттағы журналдармен молырақ танысу арқылы

дүниеге көзқарасы қалыптаса бастайды, озық идеялардан нәр алады. Бұл жағдайлар Ыбырайды бірте –бірте халық игілігі үшін еңбек етуге ынталандырады, оның бойына ағартушылық көзқарасты сіңіре бастайды. 1860 жылы Орал сыртындағы қазақтар арасынан төрт бастауыш мектеп ашуға ұйғарылуы Ыбырайға зор қуаныш әкеледі. Ол өзі өтініп, Торғай қаласында сол бастауыш мектепті ашуға, балаларды оқытуға рұқсат алады. Сөйтіп 1850 жылдың маусым айынан бастап Ыбырай біржолата елге, ағарту жұмысына ауысады. Бұл жәйт Ыбырайдың 19 жасынан бастап-ақ атасы Балғожаның да, өзін оқытқан мектептің де әкім болу, патша өкіметінің қанаушылық саясатын дала тұрмысында аяусыз жүргізеді деген үміт –тілектерін ақтамай, нағыз демократиялық бағытқа айқын бет бұрғанын танытады. Бүкіл саналы өмірін халық игілігі жолындағы күреске ағартушылық ісіне арнаған Ыбырай 1889 жылы, 48 жасында, творчестволық күш – жігері жаңа кемеліне келіп, әбден толысқан шағында қайтыс болды. Тамаша ағартушы қара түнек заманда өмір сүріп, надандық пен қараңғылыққа қарсы күресте «мыңмен жалғыз алысты», соның нәтижесінде ойындағы ұлы арманының көбін іске асыра алмады. Алайда оның бізге мәлім әрбір ірілі – ұсақты ісі халқымыздың мәдени тарихында заңды мақтанышпен аталады, келешекте де сол үлкен маңызын жоймақ емес.

Ыбырайдың өмір сүрген заманында қазақ қоғамында ағартушының да, жалпы қоғам қайраткерінің де екі түрі болды. Оның бірінші яғни басым көпшілігі өздерінің бүкіл күш -жігері патша өкіметінің отаршылық саясатын дала өмірінде барынша кең жүргізу мәселесіне арнады. Бұл топтың адамдары елдегі билеушілер, орысша сауаттанған болыс –билер, Н.И. Ильминский сияқты жекелеген адамдар оларға керісінше, айқын демократиялық бағытта халыққа барынша қызмет ету талабында еңбек етті, қазақ халқын мәдениетті елдерді қатарына қосуды көздеді. Мұндай ізгі ниетті Ыбырайдың ағартушылық қызметі мен қоғамдық еңбегінен көрсек, әдеби мұрасынан да сондай айқын көруге болады.

Ыбырайдың әдеби мұрасы бізге негізінен «Қазақ хрестоматиясының» төңірегінде жетті. Сондықтан бұл хрестоматияның жазылу тарихы мен пайда болуын дайындаған жағдайларға соқпай өтуге болмайды. Өйткені хрестоматияның жазылу тарихы мен оның тууын дайындаған қоғамдық құбылыстар болып табылады.

«Қазақ хрестоматиясының» пайда болуы Ыбырайдың ағартушылық қызметімен тығыз байланысты. Хрестоматияның жаңа ашылған мектептер үшін арналып жазылуының өзі осыны дәлелдейді. Ыбырай бұл еңбегінде көркем шығармалары арқылы өзінің ағартушылық және педагогикалық идеяларын толық көрсете және насихаттай алды.

Ыбырай Алтынсарин жаңа типті мектептер үшін оқулық жасау мәселесімен 60 – жылдардың басында – ақ шұғылданды. Өйткені қазақ жастарына шын мәнінде білім мен тәрбие беру үшін жаңа оқулықсыз жұмыс жүргізу ешбір мүмкін емес еді. Мұның үстіне қазақ арасында діни оқудың кең орын алғандығы, діни кітаптардың көптігі Ыбырайды жаңа оқулық жасау мәселесіне үнемі тартып жетелеп отырады.

Сөйтіп 1879 жылы басылып жарыққа шыққан «Қазақ хрестоматиясының» принципіалдық негізін Ыбырай сол 60-жылдарда- ақ қарастыра, ойластыра түскен еді. 1862 жылғы бір хатында ол қазақтар үшін нағыз жақын нәрселерді үйрететін кітаптардың керектігін көрсете келіп, К.Д.Ушинскийдің «Детский мир» кітабын өзінің айырықша ұнататындығын және одан бірен – саран шығармалар аударып бастағанын мәлімдейді. Бұл сөз жоқ, Ыбырайдың 60-жылдардың басынан бастап –ақ жаңа оқулық жасау мәселесімен айрықша шұғылданғанын және оны тек К.Д.Ушинский сияқты озық ағартушылардың оқулықтары негізінде жасауды мақсат етіп қойғанын білдіреді.

Сөйтіп 1860-1876 жылдардың арасы Ыбырайдың көркем шығармаларының тууын дайындаған эволюциялық кезең болды. Бұл жылдарда жүргізілген ағартушылық бағыттағы жұмыстар ол шығармалардың идеялық бағыты мен негізгі мазмұнын белгілей, айқындай түсті.

Ағартушының халық өмірімен тікелей араласып, оның алуан түрлі жағдайларымен мейілінше таныс болуы да, халықтың рухани мұқтаждығын сезінуі де оның әдеби еңбектерінің тууын тездетіп, халықтық мәнін жетілдіре түскен жағдайлар болды. 1862 жылдан бастап халықтың ауыз әдебиеті нұсқаларын жинау, зерттеу мәселесі мен шұғылдану ағартушының көркемдік пен шеберлікке байланысты түсініктерін тереңдетіп, творчестволық қабілетін тәрбиелеп өсіріп отырды. / 7. 79 – 88 /.

2. Ыбырай Алтынсарин өлеңдері мен әңгімелеріндегі тақырыптық үндестік.

Халықтың Ыбырай тәрізді адал ұлдары алған білімдерін мәдениетке жетелеуге, ағарту ісін өркендетуге жұмсады. Ол кезде надандыққа белшесінен батқан елді оқуға, мәдениеттілікке шақыру тарихи іс еді. Сол бір тарихи кезеңде әлеуметтік мәні зор, үлкен іс, ауыр жүкті арқалаған адамның бірі Ыбырай Алтынсарин болды.

Ыбырай өзінің көптеген бір алуан өлең, әңгімелерін жастарды оқуға шақыруға арнады. Осы тақырыпқа арналған өлеңдерінің бірі Қазақ хрестоматиясының алғашқы бетіндегі "Кел балалар оқылық" өлеңі.

Кел балалар оқылық
Оқысаңыз балалар
Шамнан шырақ жағылар
Тілегенің алдыңнан
Іздемей- ақ табылар
Кел балалар оқылық
Оқығанды көңілге
Ықыласпен тоқылық

Кезінде бұл өлеңнің тарихи мәні айырықша зор болды. Ақын бір жағынан жастарды оқуға білім алуға шақырса, екінші жағынан, өмірдің бар қызығы тек байлықта деп ұғатын оқу - өнер, ғылым – білімге, оның жалпы халық үшін керектілігіне еш мән бермейтін ескі көзқарасқа соққы берді. Өмірдегі сарқылмайтын мол байлық білім екендігін айта келіп білімге адамның қолы жету үшін ерінбей оқу, қажымай еңбек ету керектігін түсіндірді. Ұлы педагог ақын өзінің өлеңдері арқылы оқудың өнер – білімнің маңызын түсіндіріп, надандыққа қарсы шықты. Ол қазақ балаларын білімге баулып, олардан болашақтың иелерін даярлауды бірінші мақсатымдеп санады.

Өнерлі білімді адамды надандарға қарама – қарсы қойып, ақын олардың біріне бірінің айырмашылықтарын тайға таңба басқандай бейнелейді. Өнерді ел бақыт, халықты мұратқа жеткізетін сенімді құрал шын мәніндегі адамгершіліктің, дүние танудың бірден бір анық жолы деп бағалады. Оқу мен ғылымның материалдық мүмкіншіліктерін де ақын терең түсінді. Адам бойындағы ең жақсы қасиет ақыл, мінез, дәулет тұрмысқа керектібұйым – бәрі де оқумен, білумен, ізденумен табылатын адам ақылының жемісі. Дүниедегі ең

ескірмейтін мұрат, өмірлік сенімді деп, ақын қазақтың мол байлығына өнер – білім байлығын жарстырады. Білім еш арымайды, жұтқа ұшырамайды ол мәңгі бақыт кілті деп танытады.

Ыбырай Алтынсариннің ұғындыруынша оқу, өнер қиындықсыз, оп – оңай түсер тегін нәрсе емес, оған адам төзімді күреспен қажырлы еңбек арқылы ғана жетеді. Сауысқан екеш сауысқан да өз тамағын еңбектеніп, шокуменен табады. Үстіне киер киім де еңбек жемісі, ол да токуменен табылған. Жалықпай ізденіп, ерінбей еңбек ету арқылы ғана өнерлі бақытты болмақшы. Адамға еңбек ету парыз. Еңбексіз еш нәрсе өнбейді, еңбек өміркілті, оқуға өнерге жеткізетін де осы еңбек. / 3. 852 –853 /.

Бүкіл ісін ағарту ісіне арнаған Ыбырай Қазақ хрестоматиясына кірген өлеңдерінде халық ағарту идеясын кең көтеру мен қатар сөйтіп, ел арасына кең жайылып жатталып кететін шығарма арқылы әсер етуді көздеді. Осындай мақсатта туған келесі өлеңнің бірі «Өнер білім бар жұрттар» атты өлеңі. Баланы жан – жақты түсінігі бар, айтқанды түсінген, тез ұғатын, қабілеті күшті азамат етіп шығару үшін, алдымен оқыту керек. Ол сонда ғана тәртіпке түсінетін, оған мойынсұнатын саналы азамат болып қалыптасады. Оқудың пайдасы, оқу арқылы баланың көп нәрсеге жетілетіні жайында Ыбырай шығараларында аз айтылмаған. Оқыған мәдениетті азаматтың өмір сүруі де, еңбектенуі де анағұрлым жеңіл және көңілді болатынын ескертеді. Бұл өлеңінде де өнер, білім техниканың пайдасын айта келіп, балаларды жас өспірімдерді мәдениетті ұлы орыс халқының қатарына қосылуға, соған жетуге, солардан үлгі - өнеге алуға шақырады. Ғылым табыстарын мадақтайды.

«Өнер – білім бар жұрттар
Тастан сарай салғызды
Айшылық алыс жерлерден
Көзіңді ашып – жұмғанша
Жылдам хабар алғызды.» - деп , радио, телефон, телеграфты айтса,

Мың шақырым жерлерге
Аты жоқ құр арбаны

Күн жарымда барғызды, - деп, поезд бен автомашинаны үлгі етіп көрсетті. Мұнда бұрын естімген, білмеген ұғымдар өмірге келді. Бұдан біз Ыбырай Алтынсарин қазақ баллар әдебиетіне

көркем творчествосының жаңа түрін енгізгенін байқаймыз. Бұл өлеңінен адамды таң – тамаша ететін, кісі қызығарлық, соған құштарлығынды арттыра түсетін техниканың болу дәрежесін оқу және үздіксіз оқу арқылы ғана жетуге болатынын оқымаған қараңғы халықтың жастарына дәлел етіп, үлгі етіп көрсетті. Ғылым адамды әр түрлі апаттан алып шығады, құтқарады.

Ыбырай Алтынсарин мейілінше қиын жағдайда жұмыс істеді талай беттерге кездесті. Өтірік арыз « Жаптым жала, жақтым күйенің» неше түріне кездесті. Бірақ ол күрестен қажыған жоқ. Себебі оның келешекке деген сенімі зор болды. Аңсаған армандарын өзі орындай алмаса да болашақ жастар орындайды деп білді. Елді қараңғыдан жарыққа шығаратын тек қана жастар деген қорытындыға келді. Өзін қоршаған қараңғылық надандықтарды шеней келіп;

Біз надан боп өсірдік,
Иектегі сақалды,
«Өнер – жігіт көркі» деп
Ескермедік мақалды.
Біз болмасақ, сіз барсыз,
Үміт еткен достарым,
Сіздерге бердім батамды, -дейді.

Қазақтың алдына өнері ілгері елдердің мәдени табыстарының көлденең тартып ол елдердің техникалық жетістіктері оқудың жемісі, оқыған адамға дүние кең, өмір сүру жеңіл, өйткені білімді адам отпен суды өзіне қызмет еткізеді, дүниенің рақаты мәдениетті өмір, жақсы тұрмыс, салтанат бәрі де өнер ақылы қол жеткен табыс. Біз де қарап жатпалық, басқа елдер жеткен өнерге ұмтылып, соған қол созайық -деп жастарды өнерге үндейді.

Желкілдеп шыққан көк шөптей,
Жаңа өспірім достарым,
Қатарың кетті ау алысқа –ай,
Ұмтылыңыз қалыспай.

Ол кезде мектеп, оқу оқыту мәселесіне әркім әр түрлі қарады. Қазақ ішінде мектептің, онда бала оқытудың пайдасын тез ұққандар да, баласын орысша оқытатын мектепке беруден тартынатындар да болды. Тіпті үстем тап өкілдерінің өздері де біріңғай болған жоқ. Ислам дініне берілушілер және ескілікті берік сақтағысы келгендер қадам оқуын қолдады. Кейбіреулері жаңаға қарай бейімделіп ел

билеу үшін де патша өкіметінің ұлықтарын жаңа мектептерге беруді мақұл көрді. Мұндайлар қазақтың әр губерния, әр уездерінен де табылды. Бұлардың жері басқа болса да, аңсаған арман, көздеген мақсаттары бір болтын.

Үміт еткен көзімнің нұры балам,
Жаныңа жәрдем берсін хақтағалам.
Атаң мұнда енеңмен есен – аман,
Сүйіп сәлем жазады бүгін саған
Атаңды сағындым деп асығарсың,
Оқуға көңіл берсең басыларсың,
Ата – анадан өнер білсең асырарсың,
Надан боп білмей қалсаң аһ ұрарсың
Шырағым, мұнда жүрсең не етер едің
Тентіреп екі ауылдың арасында

Жүргенмен не мұратқа жетер едің? – деп Балқожаның Ыбырайға жазған хаты, тек Балқожа ғана емес сол сықылдылардың бәрінің көздеген мақсатынан бәрі бір екендігін аңғартады. Балқожа мен Балқожа сияқтылардың баласын оқуға бергенде, оқы білім ал, өнер үйрен соған қолың жетсе ғана ата – анадан асырай аласың деп оқудағы мақсатты қара бастың қамына әкеліп тірейді. Бірақ сол 1850 жылы орыс қазақ мектебіне түскендердің бәрі бірдей «әкесінің баласы», халықтың баласы болып шыққандары да балды. Екінші жағынан олар патша өкіметінің қазақ балалары оқитын мектептер ашқандағы алдарына қойған мақсат – міндеттерін бас тартты. Ата – аналары, оқуың мен тек біз үшін қызмет ет десе миссионерлер біліміңді тек патша өкіметінің ықпалын қазақ даласында жүргізу үшін күш сал деді. Халықтың Ыбырай тәрізді адал ұлдары алған білімдерін өз елін мәдениетке жетелеуге, оқу ағарту ісін өркендетуге жұмсады. Ол кезде надандыққа белшесінен батып жатқан елді оқуға, білім алуға, мәдениетілікке шақыру тарихи іс еді. Сол бір тарихи кезеңде әлеуметтік мәні зор үлкен іс, ауыр жүкті арқалаған адамның бірі Ыбырай Алтынсарин болды. / 2. 228 – 229 /.

Ыбырай қазақ жастарын оқуға шақырумен қатар, адамгершілікке, махаббат достыққа, еңбекке, жігерлілікке, тапқырлыққа, халқын сүйшілікке шақырады. Былайша айтқанда, адам деген ардақты есімді ақтай алатын кісі болып шығуды насихаттап, жастарға дұрыс тәрбие бергенде ғана бұл міндеттерді іске асыруға болатындығын ол жақсы ұғынды. Сондықтан өзінің

оқытушылық, жазушылық, аудармашылық жұмыстарын осы мақсатқа бағындырды.

Балаға жастай дұрыс тәрбие беру бүкіл дүние жүзіндегі педогог ғалымдардың кәрі замандардан бері үлкен көңіл аударып, айырықша көтерген мәселенің бірі десек, XIX ғасырдың екінші жартысында қазақ даласынан оларға үн қосушы – бірінші қазақ педогогы Ыбырай Алтынсарин. Бұл мәселе жөнінде ол көптеген педогогтармен, әсіресе орыстың алдыңғы саптағы ұлы педогог ғалымдары К. Д. Ушинский, Л.Н. Толстой, Бунаковтармен пікірлес болды. Оның 1879 жылы басылған “Қазақ хрестоматиясын” алсақ, әрі мазмұны, әрі методика жағынан жастарға дұрыс тәрбие беруге лайықтыланып құрылғандығын көреміз. Кітаптың мақсаты татар тіліндегі әдебиеттер арқылы далаға кең тараған ислам діні мен оның зиянды әрекеттеріне қарсы шығу, оның орнына шын ғылым беретін жаңа принципті ұсыну және оны срыс алфавиті арқылы өзінің ана тілінде тарату болса, балалардың жастарына лайықты, ең керекті материалды теріп жинастыру еді.

Кітаптың мазмұны бірнеше тақырыпты қамтиды:

1. Бұл кітапқа балалар өмірі туралы орыс тіліндегі әр түрлі хрестоматия, көбіне Паульсанның хрестоматиясынан алынған әңгімелер, екі түрлі жастағы адамдардың өмірін суреттейтін әңгімелер, үш қазақ жырларының өлең, жырларынан үзінді, төрт қазақтың мақал, мәтелдері.

Жинастырған материалдарына да, құрастыруларына да автор мейлінше ұқыптылықпен қарап, тәрбиелік мәніне зор көңіл бөлген. И.И. Паульсанның “Книга для чтения и практических упражнениях в русском языке” хрестоматиясынан басқалары К.Д. Ушинскийдің “Детский мир”, “Родное слово”, Л.Н. Толстойдың балаларға арналған кітаптарынан алынған. Бұлардың көпшілігі – дәл аудармашылар да, бірқатары–ерікті аудармашылар. Кейбіреулерінің орышадан тек тақырып, сюжетін ғана алып, қазақтың өмірі мен тұрмыс – салтына жақындатып, өзінше жазған деуге болады. Қалай болғанда да жастарға дұрыс тәрбие беру үшін олардың дүние танушылық көзқарасын кеңейту үшін “Қазақ хрестоматиясының ” тек өз кезі ғана емес қазірдің өзінде де мәні зор. Сондықтан да ол талай жылдар, талай рет басылып, мектеп оқушыларына ұсынылып келді. Бұл кітапқа енгізілген әңгімелерінде еңбек сүюшілік, талаптылық, жігерлілік, іздемпаздық,

кішіпейілділік, махаббат қайырымдылық, адамгершілік, жинақтылық тағы басқа осылар тәрізді жақсы мінез – құлыққа тәрбиелеуге керекті мәселелерді қамтиды. Бұларға жалқаулықты, қиянатшылдықты, надандықты, сотқарлықты қарсы қойып жастардың мұндай әдеттерден аулақ болуына жол сілтейді. Мысалы: хрестоматияға енгізілген өлең, әңгімелердің балалардың жасына, сана – сезімдеріне лайықталып, педогогика ғылымының талап ететін мәселесінің берік сақталынуы өз алдына, сонымен қатар оқу, еңбек, талап, мейірімділік тақырыптарына лайықты әңгімелерді әдейі, саналы түрде таңдап алғандығын көреміз. Кітаптың бет ашары оқуға шақырудан басталып, оның әлеуметтік мәнін түсіндіру болса, сонымен қатар негізгі тақырыбының бірі еңбек мәселесі болды. “Өрмекші, құмырысқа, қарлығаш” әңгімесінде, ең кішкентай жәндіктердің де өмір, тіршілік үшін тыным таппай еңбек етін жүретінін көрсете келіп, оларды балаларға үлгі етеді.

Қарлығаш өрмекші құрлы жоқпысың, сен де еңбек ет, босқа жатпа дейді. Ал Ыбырай Алтынсариннің “Әке мен бала” деген шығармасында мынадай әңгіме айтылады. “Бір адам он жасар баласын ертіп, егістен жаяу келе жатса жолда қалған аттың тағасын көріп баласына айтады: “Анау тағаны, балам, ала жүр,”- деп. Бала әкесіне: Сынып қалған ескі тағаны не қыласың,”- деді. Әкесі үндемейді.

Тағаны өзі іліп алды да жүре берді. Қаланың шетінде темірші ұсталар бар екен, соған жеткен соң әкесі қайырылып тағаны соларға үш тиынға сатты. Одан біраз өткен соң, шие сатып отырғандардан үш тиынға бірталай шие сатып алады. Сонымен шиені орамалына түйіп, шетінен өзі бірлеп алып жеп, баласына қарамай, аяндап жүре береді. Біраз жер өткен соң, әкесінің қолынан бір шие жерге түседі. Артынан келе жатқан бала тым – ақ қызығып келеді екен. Жерге түскен шиені жалма – жан жерден алып, аузына салады. Біраздан соң және бір шие, сонымен әрбір шие тастаған жерге бір еңкейіп, шие теріп жеді.

Ең соңында әкесі тоқтап тұрып, баласына шиені орамалымен беріп тұрып айтты: көрдің бе, бағана тағаны жамансынып, жерден бір ғана иіліп көтеріп алуға еріндің. Енді сол тағаға алған шиенің жерге түскенін аламын деп, бір еңкеюдің орнына он еңкейдің. Бұдан былай есінде болсын: “Аз жұмысты қиынсынсаң, көп

жұмысқа тап боларсың, азға қанағат етпесең, көптен құр қаларсың,”- деді. Кейде сол нәрсені қомсынып, оған көңіл бөлмеушілік, аз жұмысты қиынсынып бойкүйездікке салынушылық өмірде көп кездесе. Бұл жақсы әдеттің нышаны емес. Сондықтан балаларды жастайынан – ақ бойкүйездікке, жалқаулыққа қарсы еңбекке тәрбиелеу мәселесіне Ыбырай Алтынсарин ерекше көңіл бөлген. Жастарды еңбек етуге дағдыландыруды үгіттеген оның басқа да әңгімелері аз емес.

Алтынсариннің тәрбие жөніндегі негізгі тақырыбының бірі – талап. Талпынса, адам баласы ешбір алға баспаған болар еді. «Талапты ерге нұр жауар» – деген халық мақалы да өмір тәжірибесінен туған. Жастық шақ жігер, қайраттың толы кезі Бойдағы жасырын талант, өнерлерін жарыққа шығарып қалатын кезде осы. Ол үшін талап керек. Әр нәрсені жігермен істе, өзіңнің не нәрсеге қабілетің, ыңғайың бар, қолыңнан не келеді, соңына түссең, әрі өзіне, әрі қоғамға пайда келтіре аласың, талапты да тандап ал дейді. Кейде талаптың, жігердің жоқтығынан жап – жақсы өнердің жарыққа шықпай кетуі де мүмкін. Сондықтан өз талабыңмен өрге шық дегенді айтады. Міне, Ыбырай Алтынсарин «Талаптың пайдасы» деген әңгімесінде осыны толық жеткізіп бере алады әңгіменің мазмұны мынадай;

Даңқты Петр шіркеуге барып ғибадат етіп тұрса, сурет салып жатқан бір баланы көреді де, оның не жасап жатқанын сұрады. Бала: «Сіздің салып жатырмын» – дейді. Петр суретті көрсе, мәз нәрсесі жоқ екен. Бірақ ақылды Петр патша ол баланың суретке талабы бар бала екенін аңғарып, сурет салуға үйрететін орнға бергізеді. Кейін сол бала үлкен суретші болады. Жазушының бұл арадағы көздегені Петрдің ақылдығын көрсету ғана емес, жас баланың талабын, сол талаптың арқасында неге қолы жеткендігін көрсету, кім талап етсе, сол мақсатына жеткендігін дәлелдеу. / 2. 230 – 234 /.

Махаббат, мейірімділік туралы әсіресе “Мейірбанды бала”, “Шеше мен бала”, “Аурудан аяған күштірек” деген үш әңгімесін алуға болады. Махаббат, мейірімділік ата мен ананың үй ішіне деген махаббатынан басталады. Адамгершілікті ту ғып көтерген ұлы адамдар да алдымен өз атасын, өз туғандарын сүйеді, олардың кейбіреулері өсе келе, тек атасының баласы болмай, адам баласы бола біледі. Тек өзіме ғана ғана болсын деген мешандық көз

қарасты атап өтіп, адам деген ардақты атқа ие болушылардың шын бақыты үшін қол созды.

“Мейірімді бала” әңгімесінде, 13 жасар қыз, патшаның үкімі бойынша қолы кесілуге бұйырылған әкесі үшін патшаға арыз етіп, өз қолын кесуге ұсынады. Қыз “Тақсыр жұмыс жасап бала шағаларын асырап отырған атамның қолын қалдырып, мына менің қолымды кесіңіз”, - дейді. Мұнда жас қыздың тек қана атасы емес, анасымен бауырларына деген де махаббаты суреттеледі.

Ананы қандай түрде бағалап, қалай сүюдің айқын үлгісін жазушы «Аурудан аяған күштірек» деген әңгімесінде айқын көрсеткен. Бұл әңгімеде аяғы сынған Сейіт деген бала жанына аяғының ауруы қанша батса да анасын ренжітпеу үшін қабак шытпағандығы айтылады.

Сейіт шын мәнінде мейірімді болып суреттеледі. Мұндай жастарда жалпы адамды сүйетін жақсы мінездің біртіндеп өсетіндігі сөзсіз. Бала кезінен әллпештеп өсірген анасының қадірін білген жастар алақанына салып аялап, тәлім – тәрбие беріп отырған ұлы анасы – Отанын сүйетін, ол үшін де өз жанының ауырғанына ыңқ етпейтін нағыз отаншыл болып шығады. Ыбырайдың бұл әңгімесінің идеясы осы. Бұл әңгіменің осылай түсінсек қана Сейіттің мейірімді мінезін дұрыс түсіне аламыз. Тәрбие мәселесін сөз қылғанда, ерекше тоқтап өтуге керекті мәселенің бірі Ыбырайдың еңбектерінде әр елдердің мәдениет майданындағы өз ара достық қарым – қатынастарын да бейнелеп отыратындығы. Ыбырай Алтынсарин балаларға басқа елдің жақсы адамдарын үлгі етуі оның жалпы адам баласының достық идеясын аңсағандығын көрсетеді. Бұл келтірілген мысалдардан басқа да Ыбырай Алтынсариннің аударған өзі жазған қысқа әңгімелерінің әрі тәрбиелік мәні үлкен, әрі өмір құбылысы мен адам өмірінің әр алуан жақтарын қамтиды. Солардың ішінде әсіресе оның «Бай баласы мен кедей баласы» ел өшіп кетіп, ойламаған жерден жұртта ұмытылып қалған екі баланың бастарынан кешірген бір тәуліктің оқиғасын суретке арналса да, тереңірек қараған адамға автордың ой түйінінде көптеген қыр жатқандығын аңғаруға болады. Бұл әңгіме сюжеті, құрылысы жағынан орыстың ұлы демократ жазушысы Салтыков Щедриннің «Бір шаруа генералды қалай асырады деген сатиралық ертегісіне ұқсайды «Бай баласы мен кедей баласы» атты Ыбырай Алтынсариннің әңгімесінде үлкен идея бар. Ғасырлар бойы

еңбекшілерді қанап, халықты қанауды ата мирасындай көріп, соның арқасында үлде мен бұлдеге оранып өскен бай баласының басына күн туғанда дәрменсіздігін суреттеу арқылы жазушы сол қоғам құрылысының тамыры шіріп, оның адамдары өмірдің жасаушысы күресушісі мен жастас балалардың бірі ақылдырақ, екіншісі ақылсыз болуы мүмкін екендігін көрсету болса, онда оларды екі таптың бейшарасы, үстемдік етуші таптың, яғни жауыздық пен қоярлықтың қапшығы, мүгедектің бейнесі деген қорытындыға келетін сияқты.

Шығарманың бас геройы етіп бай баласы мен кедей баласын алуының өзінде үлкен сыр жатыр. Егер оның көздегені тек Үсеннің ақылдылығы, Асанның ақылсыздығы, яғни жастас балалардың бірі ақылдырақ, екіншісі ақылсыз болуы мүмкін екендігін көрсету болса, онда оларды екі таптан шығарудың қажеті болмас еді. Жазушының бұл жерде көрсетейін дегені биологиялық және психологиялық мәселе емес, әлеуметтік мәселе. Асанның есі дұп – дұрыс, дені де сау. Бір қарағанда Үсен көш ілгері жатыр. Өмірмен бетпе – бет келгенде Асанның әлсіз, мүгедектігіне кінәлі да Үсеннің өз құрдасынан асып түсіп, бетпе – бет келген өмір қиыншылығымен алыса кетуіне негіз болатын тұрмыс талқысы. Өз бетімен жерден еңкейіп шөп алмай өскен Асанды өскен ортасы мен ақылсыз – пұлсыз асыраған тұрмыс өз бетімен күн көруге келгенде әлсіздікке, бейшаралыққа ұшыратса, әкесін де өзін де өз күші өз еңбегімен күн көруге дағдыландырған қиыншылық тұрмыс кедей баласы Үсенді кішкентай күрес үлкен етіп шығарады. Асан да, Үсен де жай ғана алына салған балалар емес.

Бірі бай баласының екіншісі кедей баланың типі жазушы өз ортасынан үздік шығатын бірен – саран ақылды Үсендердің бар екендігін аңғартады. Бірақ ол бай баласы мен кедей баласын салыстырғанда, алдыңғысы ақылды, соңғысы ақылсыз, келеді деген ескі ұғымға да жазушы соққы бере кетеді. Сөйтіп, Алтынсарин «Бай баласы мен кедей баласында» өз кезіндегі қазақ даласындығы, Обломов, Обломовшылдықтардың кіші – гірім бір көрінісін суреттеу арқылы, соны туғызып отырған негізгі себептердің бетін ашып, оқушылардың оған қарсы тәрбиелейді

«Надандық» әңгімесі де көлемі шағын, бір – екі эпизодтан болса да әңгіменің мәні зор. Өйткені оны қазақ даласындағы ғасырлар бойы серпілмелі келген қараңғылықтың бір алуан көрінісі

және сол қараңғылыққа дін надандығы қосылып, ескілікке жаңа заман жаңа адамның шығарған үкімі деуге болады. / 8. 234 – 239 /.

Ыбырай Алтынсарин баланы тәрбиелеуде ананың роліне ерекше маңыз беріп, көңіл бөлген. Оның аналық махаббатын, бала өсірудегі үздік қызметін тамаша суреттеген. Баланың алғашқы тәрбиесі ананың қолында болатынын айтқан өйткені бала ананың бауыр еті, соғып тұрған жүрегі деп бағалаған.

Бала тәрбиелеуде бұл ана еңбегін қадірлей білген үздік баға деуге болады. Балаға осындай өлеңдерді оқып берсе, өздеріне жаттатса, ана қадірінің теңдесі жоқ қымбат та қадірлі екіні сонда ғана сезіне бастар еді. Ананың көңілі балада, баланың көңілі далада деген сияқты ана еңбегін қадірлемеу, сыйламау, кейде тыңдамай кету болмас та еді. Балаға бірінші берілетін тәрбие әрқашан ата – анасын, өзінің жақын достарын сыйлауға үйретуден басталады. Ата – анасын сыйламаған бала ол жолдасына да, қоғамға да ешқандай дұрыс қасиет ете алмайды. Өзін әлпештеп өсірген адамға немқұрайды караудан, опасыздық етуден ауыр қылмыс. Сондықтан да ана қадірін түсіне білу керек дейтін жалпы халықтық қағиданы әрқашан баланың зердесіне салып отыру әрбір тәрбиешінің борышты міндеті дегенді Ыбырай Алтынсарин көп ескерткен мақтасақ әйелді мақтайық та, құрметтелік те әйелді деген әдемі сөз де бар. Ал «Ананың сүйюі» деген өлеңі бала жанын тебіренерліктей мұнан да күшті, мұнан да әсерлірек жазылған.

«Кім сағынар сендерді келгенінше,
Құлындарын көзімен көргенінше
Сендер қайтып келгенше адам болып,
Еш арманым блемас ед өле - өлгенше».

Әдебиет адам тану құралы дейміз ғой Ыбырай Алтынсарин ана құдіретін ана образын жас өспірімдерге әдебиет арқылы танытып отыр. Бұл жолдар баланы ананың жан дүниесіне үңілтеді. Ананың балаға берілгендік сезімі мен оған бақыт тілеген ізгі ниетті жас өспірімдерді тебіреніп жібереді. Ата – ананы сыйлай білген бала, оның қадір – қасиетін өз ата – анасындай құрметтей алатын боп өседі.

Балалар әдебиеті алдымен тәрбие жұмысымен тығыз байланысты болғанмен, ол бір жақты дамымаған. Оның әр алуан саласы тармақтары бар Бала тәрбиелеу, балаға өмір жолын танытып, білім беру, сана – сезіміне қозғау салып, әр жақты

тәрбиелеу болып табылады. Сондықтан да Ыбырай Алтынсариннің балаларға арналған шығармалары да тәрбие, оқу – білімге, еңбек етуге бағытталғанын көреміз. / 7. 285- 290 /.

Осы талданған әңгіме өлеңдерді қорытындылай келеменің түсінгенім, ойыма түйгенім Ыбырай Алтынсарин әңгімелері мен өлеңдерінің тақырыптары бір бірімен үндес көтерген мәселесі оқу, білім алу, надандыққа қарсы тұру болса. Әңгімелері тек қана еңбекке, адамгершілікке, мейірімділікке, жомарттыққа шақырады.

Абай (Ибрахим) Құнанбайұлы (1845 -1904)мұрасының
жиналуы, жариялануы, зерттелуі

Абай енгізген жаңалықтар

Бірінші, ең алдымен Абай түр-мазмұнының түрі болуы ерек, ұлттық түр, әлеуметті қадам баласылық идеяны айтып беру үшін жұмсалуы керек, әр сөз мағына жағынан дәл, пікірі анық, түсінуге жеңіл және сөйлемде екі ұшты не ойға қатысы жоқ сөз болмауы керек деген принципті ұстады.

Екінші, Абай қазақ тілінің араб, парсы, татар сөздерімен шұбарланып, қазақ тілінде деген кейбір өлеңдерді қай тілде екенін айыру қиын халге жеткен кезінде тарихи сахнаға шығып, қазақ тілін орынсыз шұбарлаушыларға аяусыз соққы беріп, ана тілін таза сақтады.

Үшінші, қазақтың өзіне дейінгі тіл байлығын, шығыстың, орыстың классик поэзияларының үлгілерін меңгеріп отырып, қазақтың әдеби тіліне дейінгі әдебиеттерде қолданылмаған жаңа сөз, жаңаша сөйлем құрылыстарын енгізді.Әрине, Абай енгізген жаңалықтарын жасанды сөздерден ойдан сөйлем құрастырған жоқ. Бұрынғы әдебиеттерде қолданылмаған, бірақ қазақтың сөздік құрамында бар сөздерді пайдалана білді. Абай сөздік қор мен сөздік құрамдағы бар сөздердің мағынасын шындай түсті. Сөйтіп ол қазақта сол сөздердің соны байланыстарын тауып, оны қазақтың әдеби тілінің классикалық үлгісіне айналдырды.

Төртінші, қазақ әдебиетінде ескіден келе жатқан ой-сананың сәбилік, бала кезімен байлынысты туған тілдегі әсірелеудің, литоталық поэтик тілдерді ескілік санап, оның орнына өмір шындығымен нық байланысты, өмір құбылысын суреттеудің жаңа әдісін ұсынды. Әр образ, әр суреттелген көрінісінің негізінде шындық болуы керектігінің айқын үлгісін көрсетті.

Бесінші, бұрынғы әдебиетте болса да, әлі дәуірлей алмаған сатиралық әдіс, оны өткір құралы саналатын сарказм, иронияларды ең жоғарғы сатыға көтеріп, халық тіршілігіне зиянды іс-әрекет, мінез-құлықтарды шенеудің күшті қоры етті.

Алтыншы, Абай өзіне дейінгі әдебиетте жоқ, адамның ішкі сезім дүниесін тікелей суреттеу әдісіне сондан жол салып, жан-күйді суреттеуде дүние жүзінің аты шулы ақын, жазушыларының

шығармаларымен тең түсетін шығармалар беріп, өзінің асқан шеберлік, ұсталығын ұрпаққа өнеге ретінде қалдырды.

Жетінші, Абай қазақтың өзіне дейінгі ауыз әдебиеті, тарихи әдебиетіндегі ақыл, нақыл сөздерінің үлгісін ала отырып дамытты, ілгерілетті. Сөздің бұл түрлерін тек бұрынғы шеңберлерінде қалдырмай, философиялық ойлау шегіне жеткізді. Қиюын тауып қалай білсе, қазақтың сөз байлығымен де терең – терең философиялық ой-пікірді айтып беруге болатындығын айқындап, философиялық ой-пікірді қалай айтып берудің үлгілерін қалдырды.

Сегізінші, қазақтың бұрынғы әдебиет нұсқаларында тек параллелизм түрінде ғана кездесетін табиғат құбылыстарын суреттеуді өз алдына өлеңнің бір жанрының түрі дәрежесіне жеткізіп, сұлу пейзаждық өлеңдерін жасады.

Тоғызыншы, орыс әдебиетінің ұлы классик ақындарының өлеңдерін аударып, олар арқылы дүние жүзілік әдебиетке қол созды. Қазақ жұртшылығын жер жүзінің даңқты ақын, жазушыларының сөз, идеяларымен таныстырып, классик аудармалардың үлгі, өнегелерін кейінгілерге сабақ етті. Орыстың ұлы ақындарын терең түсініп, аудара отырып, олардың үлгісімен қалай жаңа сөз, сөйлемдер құру және оларды қазақтың ұғымына жатық, көңіліне қонымды етіп шығару әдістерін көрсетті. Сөйтіп, қазақтың әдеби тілін байыту, күшейтуде бұл мүмкіншілікті де толық пайдалана білді. Дүние жүзілік әдебиетпен өзінің жақсы таныстығы арқасында, адамның мінезін суреттеу әдісі, кейде “диалог” түрінде, кейде “қыстырма сөз” түрінде, сөйлем араларында қолданылатын “төл сөздердің” өзіне шеін әдебиетте болмаған жаңа үлгілерін жасады.

Оныншы, поэзияның әлеумет өміріндегі мәні мен орны үлкен екендігін терең түсініп, шын мәніндегі көркем поэзия жасаудағы негізгі құрал тіл екендігін дұрыс ұғынып, оған айрықша көңіл бөлу керектігін танытты. Тілді бағаламаушылыққа, оған жүрдім-бардым қарап, сөз “қадірін” кетірушілікке, ар мен ақындық міндетін арзандатып, “мақтау” өлең айтушылыққа тағы басқа осылар сықылды сөздің мазмұнын және искусстволық қасиетін төмендетушілікке., түр қуалап жасанды сөз, шындықтан тыс образ жасаушылыққа да күрес ашып, сөздің әрі көркем, әрі түсінікті, әрі мазмұнды болуын талап етіп, өзі оның айқын нұсқаларын жасап берді.

Абайдың қара сөздері

Абайдың толық жинағында 1890жыл мен 1898жыл арасында жазылған бір алуан шығармалары – «қара сөздер» деп аталады. Жалпы саны қырық алты бөлек шағарма. Оның алты-жеті үлгісі қысқа келеді. Бұл қатарға қосылатындар Он алтыншы, Он тоғызыншы, Жиырмасыншы, Жиырма төртінші, Отыз бірінші, Қырық бесінші сөздері. Жалпы қара сөздерден мазмұн, тақырып жағынан өзгеше тұратын – Қырық алтыншы сөз. Ол тарихтық мақала- очерк тәрізді. Қазақ халқының қайдан шыққандығына арналған дәлелді, деректі қысқа зерттеу сияқты.

Жиыны барлық қара сөз, біздің аңғаруымыз бойынша, он-он бір тақырыпқа бөлінеді. Кейбір тақырыптар бір топ сөздердің көлемінде қайталап, әр алуан жаңа мысқыл, теңеулермен, дәлелдермен молайғаны болмаса, ой жағынан бір алуандас болады. Ал кей тақырып, бір-бір қара сөзде айтылумен тоқтап отырады. Мыс., Бірінші қара сөзінде Абай жазуға қалай кіріскені туралы сөйлейді. Бұнда өмірбаяндық дерек бар және өзінің жалпы шығармашылық еңбегіне ойлы түсінік береді. Бірақ кейін осы тақырыпқа өзге қара сөздерде оралмайды.

Екінші сөзінде – халықтарды салыстырады. Қазақ, ноғай(татар), сарт (өзбек), орыс сияқты елдерді оқушысы қазақ жұртшылығына әділетті достық көңілмен ұғындырып береді. Әңгімені жай бір тыңдаушылар тобында отырғандай, жеңіл әзіл тәрізді бастап, өз халқының дәлелсіз үстірт өзімшілдігін мысқыл ете келеді. Содан барып шын сыншыл ойларына ауысады. Еңбек сүйген ел атаулының бәрі де қазақтай еңбексіздікке мол салынған және сол еңбекті өнеркәсіпте, күндегі тірлікте көрші елдің бәрінен кейін қалып отырған халқына үлгі берерлік, артық елдер болып бағаланады.

Тақырып жағынан алғанда, Үшінші сөз де өзінше бөлек бір алуан. Бұнда қазақ сахарасын билейтін әкімдер, тергеуші билер, соттар туралы сөйлейді. Сол күндегі ел тірлігінің қайшылық, ауыртпалықтарын молайтып отырған патшалық өкімет туралы да ой қозғайды. Болыс атаулының елге сор болатын тынымсыз сойқанды мінездерін әшкерелейді. «Уақытша себеі бола ма» деп бірер ұсыныстар айтады. Сол ретте ендігі болыс орысша оқуы бар адамнан болса екен дейді. Және тергеу мен үкім шығаратын қазақтың биі, сот туралы пікір айтады. Ел ішіндегі дау онай шешілу

үшін, әділетпен аяқталу үшін патшалық өкімет сайлаумен қойып жүрген билер болмаса екен дейді. Оның орнына третей билікті ұсынады. Абайдың осы пікірі Герценнің «Былое и думасында» жазылған соттар турасындағы пікіріне өте дәл келеді. Герцен Россиядағы параны құрту үшін халықтың көз алдында әшкере тергеу болатын болсын және третей соты қайтадан заңға кірсін деген.

Абайдың ойында билік, тергеу халықтың қамына жақын болсын. Жұртшылыққа залалды жаманшылық атаулы орынды жазасын алатын болсын деген қамқорлық талап бар. Бұл қарасөз Абайдың өз тұсындағы күнделікті өмір шындығына қолма-қол қатынасып, жәрдем етсем деген талабын көрсетеді.

Төртінші сөздің де тақырыбы өзінше бір бөлек шығарма. Бұл өсиетте бұрынғы өлең сөзінде көп айтқан бір тақырыпты қозғайды. Онысы – күлкі туралы ойлаған ойы, сыны.

Бесінші сөз – қазақтың кейбір мақалдарын сынайды. Мұнда халық санасының өзіндегі надандық, қараңғылықтың салдарынан туатын мінді мінез, кемшін ой, айыпты әрекеттерді шеней өтеді.

Осы жоғарыда аталған бес сөзінде бес бөлек тақырып болса, келесі Алтыншы сөзден бастап белгілі ой мен сындардың, өсиет пен үгіттің арнаулы тақырыптары бірталай сөздерде қайталап отыратынын көреміз. Мыс., Алтыншы, Сегізінші, Тоғызыншы, Оныншы, Он төртінші, Жиырма үшінші, Жиырма алтыншы, Жиырма тоғызыншы, Отыз үшінші, Отыз тоғызыншы, Қырқыншы, Қырық бірінші, Қырық екінші және Қырық үшінші сөз сияқты үлкен бір топ сөздерінде Абай ел мінезін көптен-көп сөз етеді. Бұнда бірлік жөнінде, ол ақылды болыс-би сияқты ел әкімдерінің «пара алмайтыны» жөнінде кекету - әжуа айтылады (Алтыншы, Сегізінші сөздерде). Және де осы топта ол туралы толғанған ойдың ызалы ащы күйін уланған оймен көрсететін сөз бар (Тоғызыншы сөз).

Осы қатарда мінез жайын айта келіп, өтірік, батырсынған бояма мінезді сынау, адамдықты үгіттеу Он төртінші сөзде көрінеді. Ел мінезін сынайтын сыншыл-реалист жазушы кейде бұрынғы өлеңінде қолданатын қатты сатираны да өзіне үлгі етеді. Қуаныш пен жұбаныш жайын аса ащы сатирамен Жиырма үшінші сөзде, Жиырма алтыншы сөзде айқын көрсетеді.

Жиырма төртінші сөзінде тағы да мақалды шенеу арқылы ел мінезіне үлкен сыншылдық жасайды. Және де кәсіп, еңбек иесі адамды бұзып, аздыратын салтты Отыз үшінші сөзде баяндайды. Осыдан соңғы бір топ толғаулар қазақтың бұрынғы өткен адамдарының мінезін сөз етеді. Халықтың даналық мақалдарын елдің қасиеті есебінде ақынның қадірлейтінін көреміз (Отыз тоғызыншы сөз). Ел мінезіне арналған сөздердің Қырқыншысы – тындаушысымен көзбе-көз әңгімелесу үстінде туғандай. Жазушы көп сұрақтар бере отырып, қазақ қауымындағы адам мен адам арасындағы қарым-қатынасты қатты сынап сөйлейді. Және де ел мінезіне арналған Қырық бірінші сөзде Абайдың көп өсиет-сын өлеңдерімен ұштасатын жайттар қайта қозғалады. Елді тағылым-тәрбие түзер еді, ол жоқ деген арманды ой туады. Халық басындағы, қоғам ішіндегі ауыртпалық күйдің бәрін теріп көрсететін осыған тән сөздердің бір алуаны (Қырық екінші сөз) жұмыссыздыққа арналады еңбексіз жатып ішу қолы ұдайы бос болу жеке адамның басындағы және бар қауымдағы кеселдің үлкен себепшісі деген аса сыншыл, дұрыс ойлар айтылады. Осы бір топ сөздердің ең соңғысы Қырық үшінші сөз – алғашқы жолдарында Абай санасындағы дуализмді көрсеткенмен педагогик., психол., үлкен жүйрік ойды танытады. Қара сөздер ішіндегі көлемі үлкен, кенеуі мол сөздің бірі де осы деуге болады.

Енді бір бөлек тақырып боп, Жетінші сөз оқшаулау көрінеді. Ол – жас баланың психологиясын еске алып талдаған сөз. Балдағы білуге ұмтылу жақсы қасиет екенін атаумен бірге, үлкеннің надандығы сол жақсы баланы жаман тәрбиемен қорлап бұзғанын білдіреді.

Өзге қара сөздерден және де өз тақырыбымен оқшауырақ тұратын Он бірінші сөз – ұлық турасынан басталып, ұлықтарға қарсы, оларды қатты әшкерелеген сыншының ойын танытады. Халықтың, көпшіліктің өкілі болып отырған азамат жазушы жаңағыдай ұлықтар кесірінен бейнет шегетін ел үшін ширығып, ызалы турашылдық сөздерін сөйлейді.

Бұл тексерілгендерден бөлек қара сөздердің ішінде тағы бір қайталай түсетін тақырып – дін менен мораль, тәрбие жайларын қозғайды. Олар: Он екінші, Он үшінші, Жиырма жетінші, Отыз бесінші, Отыз алтыншы, Отыз сегізінші және Қырық бесінші сөздерде.

Осы сөздердің кейбірінде Абай құдаға құлшылық етудің мәнін айтып, иман жайын сөз етеді(Он екінші, Он үшінші сөздер). Бірақ сол мұсылманшылдықтың анық діндік үгітін айта отырып, Абайдың өз оқушысына жеткізбегі – адамгершілік өсиеттер болады. Сол адамгершілік қасиетті адам өзінің жаратылыс сырымен қоса бағалап, түсінсін деп ойлайды. Сондай түсінік адамды адамгершілік биік сатыға көтереді дейді. Осы ойына тіреп, дерек етіп (Жиырма жетінші сөзінде) әдейі ұстаздық, тәрбиешілік ниетпен Сократ сөзін береді.

Отыз бесінші, Отыз алтыншы сөздерде Абай қазақтың дін жолының өзіндегі өрескел мінді мінездерін шенейді. Пайғамбар өсиетін айта отырса да, сыншыл ақылдың талаптарын Абай айқын атап отырады. Осы топта көлемі мен мазмұны бойынша ең үлкен орын алатын Отыз сегізінші сөз – Ғақлиат – тасдиқат. Бұнда Абай аят, хадистерден цитаталар келтіріп сөйлейді. Жазу тілінің, басқа қара сөздердегі анық қазақтың түрін өзгертіп, кітапшалап (түрікше) тың үлгі, стиль іздейді. Сыртқы стильдегі, тілдегі өзгешеліктер бұл сөздегі діндік мазмұнменен нық байланысты. Осы кезде Абай өзінің дінін түп наным жағынан да, моральдық қасиеттер турасынан да және адамгершілік тәрбие мақсатымен де анықтап, таныта түспек болады.

Он бесінші, Он жетінші, Он сегізінші, Жиырма бірінші, Жиырма екінші, Жиырма сегізінші, Отызыншы, Отыз екінші, Отыз төртінші және Қырық төртінші сөздерде әр алуан түрде қайталап келіп отыратын бір тектес тақырыптар бар. Сол ортақ тақырыптар адамның адамдық қасиеттерін тереді. Үлкен адамгершілік, ақтық, тазалық, азаматтық жөніндегі тәрбиелік ойлар айтылады.

Он бесінші сөзде мораль мәселесін мінез белгілерімен байланыстыра отырып, әрбір жақсы адам боламын деген кісіге өз-өзіне есеп беру қажет екенін айтады.

Он жетінші сөзде Абайдың өз тұсындағы және Абайдан бұрынғы үлкен моралист, педагог ойшылдардың, ұстаздардың көп айтқан пікіріне жанасатын ой-толғау жүргізеді. Ол – толық сапалы адам болудың шарты жайындағы ойлар. Адам жан-жақты, асыл қасиетті болу үшін оның бойындағы қайрат, ақыл, жүрек үшеуі бірдей болып, тең табыссын деген талап қояды.

Он сегізінші сөзінде және де қысқа қайырып, адамды адам етіп өсіретін, ұлғайтатын ақыл, ғылым, ар, мінез деген ой түйеді.

Қорыта келгенде, Абайдың қара сөздері – оның ақындық мұраларына қосылған бағалы қазына дейміз. Қара сөздердің бағасы – Абай заманындағы жағдайды, тарихтық шындықты өз қалпында бұлжытпай толық танытып береді. Екінші – Абайдың адамгершілік жөніндегі моральдық өсиеттерін алсақ, олардың ішінде біздің заманға да бағасы зор шындықтары, тәрбиелік ойлары аз емес. Бұл жағы айрықша таратып, талдауды қажет етпейтін түсінікті жайлар.

Ал, осы аталғандардан басқа Абайдың поэзиялық мұрасына қоса қара сөздері беретін әр заманда бағасы жойылмайтын бір үлкен қымбат қазына бар. Ол – Абайдың осы қара сөзді жазған тілі. Өлең сөзінде өзінің барлық шеберлігі, жаңалығы, көркемдік таланты бойынша қазақ тілінің сапасын әдебиет тілінің дәрежесіне көтерген ұлы тарихтық еңбегі қандай болса, қара сөздерінің тілімен де Абай осындай еңбекті біздің мәдениет тарихымызға мол сіңірді.

Абайдың аудармалары

Лермонтовтан:

1. Бородино
2. Әм жабықтым, әм жалықтым
3. Жас балаға
4. Ал, сенейін, сенейін
5. Өзіңе сенбе, жас ойшыл
6. Қайтсе жеңіл болады жұрт билемек?
7. Тұтқындағы батыр
8. Рахат, мені тастап қоймадың тыныш
9. Ғашықтық іздеп тантыма
10. Ой
11. Қанжар
12. Альбомға (Сал демеймін сөзіме ықыласыңды)
13. Босқа әуре боп келдің бе тағы мұнда?
14. Менің сырым, жігіттер, емес оңай
15. Дұға (Өмірде ойға түсіп кем-кетігің)
16. Қасиетті дұға
17. Теректің сыйы
18. Жолға шықтым бір жым-жырт түнде жалғыз
19. Шайтан
20. Жалау
21. Жартас

22. Көңілдің күйі тағы да
23. Күнді уақыт итеріп
24. Асау той, тентек жиын, опыр-топыр

Ф. Шиллер-М. Ю. Лермонтовтан:

1. Кең жайлау – жалғыз бесік

Дж. Байрон-М. Ю. Лермонтовтан:

1. Көңілім менің қараңғы

И. В. Гете-М. Ю. Лермонтовтан:

1. Қараңғы түнде тау қалғып

Буниннен:

1. Қорқытпа мені дауылдан А. Мицкевичтен:

1. Тұтқындағы поляк жандаралының сөзі (Дүрілдеген
нажағай) А. А. Дельви́гтен:

1. Сұрғылт тұман дым бүркіп Я. Полонскийден:

1. Жүректе көп қазына бар, бәрі жақсы

А. С. Пушкиннен:

1. Онегиннің сипаты (Жасынан түсін билеп сыр бермеген)

2. Татьянаның Онегинге жазған хаты (Амал жоқ қайттым
білдірмей)

3. Онегиннің Татьянаға жауабы (Таңғажайып бұл қалай хат)

4. Онегин сөзі (Хатыңнан жақсы ұғындым сөздің бәрін)

5. Онегиннің Татьянаға жазған хат (Құп білемін сізге жақпас)

6. Татьянаның сөзі (Тәңрі қосқан жар едің сен)

7. Ленский сөзінен (Барасың қайда, қайда болмай маған)

8. Онегиннің өлердегі сөзі (Жарым жақсы киім киіп)

Абай туралы құнды ойлар

Қазақтың бас ақыны Абай Құнанбаев. Онан асқан бұрынғы-соңғы заманда қазақ баласында біз білетін ақын болған жоқ.

Ахмет Байтұрсынов.

Абай лебі, Абай үні, Абай тынысы – заман тынысы, халық үні. Бүгін ол біздің де үнге қосылып, жаңғырып, жаңа өріс алып тұр.

Мұхтар Әуезов.

Шын хакім, сөзің асыл – баға жетпес,
Бір сөзің мың жыл жүрсе дәмі кетпес.
Қарадан хакім болған сендей жанның
Әлемнің құлағынан әні кетпес!

... Ай, жыл өтер, дүние көшін тартар,
Өлтіріп талай жанды, жүгін артар.
Көз ашып, жұрттың ояу болған сайын,
Хакім ата, тыныш бол, қадірің артар.
Мағжан Жұмабаев.

Хронологиялық кесте

1845 10 тамыз	Ақын Абай Семей облысы, қазіргі Абай ауданы, Шыңғыс тауында дүниеге келген
1855	10 жасынан Семейде Ахмет-Риза медресесінде дін сабағын, араб, парсы тілдерін меңгереді
1860ж. соңында	Аздап оқыған орысшасын дамытып, орысша кітаптарды көп оқиды
1870	Петербургтен жер аударылып келген жас революционер Е.П. Михаэлиспен кездеседі
1880	Михаэлис арқылы Долголопов, Леонтьев т.б. демократтармен танысады
1882	Абай ақынның өлеңдері жүйелі, ақындық үлгіде жазыла бастады
1882	Абай Құнанбаев орыс әдебиетін аударып бастайды
1880-1886	Абай ақын өз өлеңдерін жақын досы Көкбай атымен таратып жүрді
1886	Ақын ең алғаш рет өз өлеңдерін өз атына көшірген
1889	А.С. Пушкин шығармаларын аударумен көбірек шұғылданады
1891	Ақынның жақсы көретін інісі Оспан қайтыс болады
1896	Ақынның әкесі Құнанбай Меккеге барып, қажы атанады
1900-1904	Ақын ауруға шалдығды
1904 23маусым	Ұлы ақын дүниеден өтеді
1909	Омбыда ақынның тұңғыш өлеңдер жинағы жарық көрді
1906-1907	«Хабарларда» ақынның суреті және ол туралы Ә.Бөкейхановтың көлемді мақаласы жарияланады
1917	Орынборда Құрманов дегеннің редакциясы бойынша ақынның таңдамалы өлеңдерінің шағын жинағы басылып шықты
1914	А.Н.Веселовскийдің құрметіне арнап шығарылған «Шығыс жинағының» 3-бөлімінде ақынның кейбір өлеңдері бірнеше рет орыс тіліне аударылды [2;867-868]
1995	ЮНЕСКО келісімі бойынша дүниежүзінің 26 елінде ұлы ақын Абай Құнанбаевтің 150 жылдық мерейтойы аталып өтті

Дәріс № 13
Ақылбай Абайұлы Құнанбаев (1861-1904).

Өмірі мен шығармашылығы

Ақылбай Абайдың Ділдә деген бәйбішесінен 1861 жылы туған тұңғыш баласы. Құнанбайдың кіші әйелі Нұрғаным, өзінен бала болмағандықтан, Ақылбайды кішкенесінен өз бауырына басады. Ақылбай туғанда Абайдың өзі жаңа отау иесі еді. Сөйтіп, Ақылбай жас күнінен Нұрғаным тәрбиесінде болып, Құнанбай баласы болады. Ақылбайды тек 9-10 жасында, Құнанбайдың указной молдасы атанған Гибатқанға оқуға береді. Ақылбай 4-5 жылдай оқып, одан әрі оқымайды. Абайдың 16 жасында туған баласы болғандықтан, өз әкесі Абайға баласы сияты емес, ағайындас Ырғызбайдың бір мырзасы сияқты.

Құнанбай, өзі сияқты қарадан шығып «хан» болған, яғни аға сұлтан болған Қисықтың Жұмақан деген баласының қызы Ізіқанға құда түсіп, үйлендіреді.

Үйленген соң Ақылбайға енші бөліп беріп, жеке бір ауыл етеді. Жасынан көрген тәрбисі, ұшқан ұясы, Құнанбай аты Ақылбайды масаттандырады. Ақылбай жас күнінен талантты домбырашы, өлеңші де болады. Бірақ, ол Құнанбай атағына, нағашыларының ата аруағына масаттанатын. Бұл кездегі Ақылбай айтатын өлең сарыны:

Нағашым ер Қазыбек әулие өткен.

Фәниден уақыт жетіп о да кетті.

Сасқан жан жер шетінен бабам десем,

Аруағы көз ашқанша келіп жетті,-

деген сияқты болатын. Ақылбайдың «Нағашым ер Қазыбек» дейтіні: Қаздауысты Қазбек би. Оның баласы Бекболат би, оның баласы Тіленші би, Тіленшінің баласы Алшымбай би, Алшымбайдың баласы Жүсіп. Жүсіптің баласы Ділдә.

Ақылбайдың жас күнінен әкесі Абайдан аулақ өскенін, оның ақ көңіл аңқаулығын пайдаланып, Абай дұшпандары әке мен баланың арасына от жағып, зұлымдық айла жасап, екеуін мүлде ажыратпақ та болған.

Абай баласының осындай мінездеріне, жасынан көрген жағымсыз тәрбиесінен пайда болған әдеттеріне қатты кейіп «Ата-анаға көз қуаныш » деген өлеңін (1890) жазады.

Абайдың бұл өлеңі талпымбай жүрген талантты Ақылбайға үлкен ой салып, қатты толғандырады. Енді бұдан былайғы Ақылбай өмірі Абай алдында ақын шәкірт болып, өзінің талантты інілеріне ақын аға, Ақыл аға атанып өтеді. Ақын аса шебер музыкант, домбыра, гармонь, скрипкаға жүйрік, мақтаулы өнерпаз болды.

Құнанбайдың мырзасы атанып, «бұлғыннан ішік киіп » бұлғақтап өткізген мағнасыз өмірін Ақылбай қалжың-шыны аралас:

Бұлғыннан ішік кидім кәмшат жаға,

Сарп еттім дүниені білмей баға.

Талай қыз «Ақылжан» деп тұрушы еді,

Дейтұғын сұмдық шықты-ау: «Ақыл аға», - деп кейін өлең етеді.

Ақылбайдың ақындығымен бірге ән шығаратын композиторлық өнері де болған.

«Ақылбай сауықшыл әнші, скрипкашы болатын.....Домбыраға қазақтың ескі күйлері: «Азамат қожа», «Бұлаң жігіт», «Бес төре», «Асыр қалша» деген күйлерді тартатын. Скрипкаға Абайдың әншісі атанған Мұқадан үйренген бірнеше түрлі орыс күйлерін тартатын. Дойбы ойынына Ақылбайды ұтатын бала қойған жоқ », - дейді Ақылбайдың замандасы, Рақымжан Мамырзақов.

Ақылбай, ұстазы Абайдың ақылымен тау халқының өмірінен «Дағыстан», «Зұлыс» сияқты романтикалық поэма жанрының жаңа түрін дамытқан, талантты мәдениетті ақын.

Ақылбай Абай өмірінен қырық күннен соң, әкесінің қыркын берген күні, 1904 жылы 43 жасында Семей қаласында кенеттен қайтыс болады.

«Дағыстан» поэмасының тақырыбын Абай ақын шәкірттеріне өзі берген. Поэманың тықырыбы жауыздық пен әділет күресі, «Махаббат пен ғадауат майдандасқан» күрес. Әділет пен жауыздақ тартысы Абай поэзиясында негізгі бір желісі. Махаббат мәселесі мен әділет, адамгершілік мәселесі Абайда бір-бірінен бөлек емес. Махаббаттың мәні адамның бас бостандығы. Байлық пен ескі әдет-ғұрып, зорлық, жауыздық үстем болып тұрғанда махаббат бостандығына, адамның бас еркіне, бостандыққа жол жоқ. Ондай бостандықтың жолы- күрес. Поэма осыны жырлайды. Ескі әдет-ғұрып, салт-сананы бұзып, еркіндікке бой ұрған, махаббаты үшін құрбандыққа бас байлаған ер мінезді тау халқының ер ұлы, өжет қызы сипатталады.

Поэманың оқиғасы: Пушкин мен Лермонтов бастатқан орыстың ұлы ақын, жазушыларының ақындақ қиялын қанаттандыратын, еркіндік аңсаған көңілдерін шалқытып, өлең-жырының «бесігі болған» қарт Кавказда өтеді.

Поэманың басты тұлғасының бірі - кәрі Жүсіп. Бұл ежелгі каталдық, зұлымдық, жауыздық бейнесі. Жүсіп басынан бір сөз асырмайтын, қаһары мен қаңжары бірге жүретін Дағыстанның әрі бай, әрі батыры. Жүсіпте адамға деген рахымшылық жоқ. Поэмадағы жауыздық бейнесі қаһарлы қарт Жүсіптің бір беткей кесек тұлғасы суреттеледі.

Жүсіптің өзіне тартқан бес бірдей ұлы бар. Оның бәрі де ер, бәрі де қайсар жандар. Осылардың ортасындағы жалғыз қыз Зәһира. Поэмадағы жауыздыққа қарсы қойылатын тұлға осы Зәһира мен ғашығы Жәбрәһил.

«Дағыстан» поэмасының құрлысы, оқиғаның даму жолдары қазақ поэзиясында бұрын болып көрмеген жаңалық. Ақын поэмасын тәкәппар қарт Кавказдың тамаша тұлғасын суреттеуден бастайды.

Қазақтың «Қап» дегені Кавказ серек,
Тәңірім сұлу, биік еткен ерек.
Ақырып айдаһардай жүз толғанып,
Тауды бұзып тас жарған долы терек....
Кавказды сұлу қылған құдай қалап,
Көрген адам кете алмас тамашалап.
Белгілі ер черкестен көп халық бар,
Сол тауда өмір сүрген жанасалап,-

деп поэманың оқиғасын қай елде, қандай жерде өтетінін әйгілеп айтып берген соң, сол елдің өзіне тән ерекше мінезін сипаттайды.

Поэманың идеялық мазмұнында, Абай заманы үшін зор саяси-элеуметтік мән бар. Поэманың оқиға желісі ескі мен жаңаның күресі. Ақын поэмасының ескіге қарсы күресті арман етеді. Ескіліктің бейнесі есебінде қайырымсыз, катал, қара күш пен зорлықтың иесі Жүсіп образы беріледі.

Поэмадағы бұл қара күштер ескіліктің шеңберінен аттауға ұрғандыққа барынша қарсы. Жүсіп өзінен басқа ешбір жанның қандай жақсылық ісі болса да дәріптелмесін деген мақсатта. Ол, адам баласының жеке басының еркіне қарсы. Адамның өнері мен талабына қарсы. Ондай істен ескілікке қарсы шығатын күш туады

деп үрейленетін Жүсіп, өзіне жағымсыз деп білгеннің бәрін құртып отырмақ. Жүсіп адамшылық армен, адам қанымен есептеспейтін, ескі сеніммен қатып қалған қатыгез, қайырымсыз жан.

Поэмадағы Ақылбай романтизм сарыны шындық өмірмен тығыз байланыста.

«Дағыстан» негізінен нағыз романтизм үлгісіндегі поэма. Поэманың басты геройларының іс-әрекеттерінде, мінез-құлықтарында әрбір геройдың өзіне тән ерекше бір сезімі сипатталып, асқақтата жырланады.

Қызғаныштан туған кек қуу жолынан түскен қатал мінезді бірбеткей қаһарлы Жүсіпті көрсек, махаббат жолына басын байлаған, айнымас адал жүректі, өр мінезді, ізгі көңілді Зәһира мен Жәбрәһилді көреміз.

Оқиға құрлысы мен көркемдік идеяның ерекшеліктері поэмадағы романтизм стилінің белгілерін әбден аңғартады. Поэманың сөз қолдану жолдары, өлең құрлысы, тіл көркемдігі даусыз Абай үлгісі.

Ақылбайдың «Дағыстан» поэмасын жазғанда черкестердің тұрмыс-салтын дұрыс суреттеуіне, поэмадағы кейіпкерлердің мінез-құлқы, іс-әрекеті шындықпен берілуіне, сөйтіп, дұрыс көркем образ жасалуына 1892-1893 жылдары бірнеше черкестер Абай аулында болған.

«Дағыстан» поэмасын еліктеп жазушы ақындарда болған. Сондай ақындардың бірі—марқұм Иса Байзақов. Исаның «Кавказ» поэмасының Ақылбайдың осы «Дағыстан» поэмасының әсерімен жазылған.

«Зұлыс»

Ақылбай ақын осы үлкен поэмасын 1900 жылдары жазған. Ақылбай поэмасын толық жазып біткен соң қолжазбасы қолдан-қолға тарап кеткен.

«Зұлыс» поэмасының оқиғасы ағылшын жазушысы Хаггард, Генри Райдердің \1856-1925\ «Сүлеймен патшаның қазынасы» атты әйгілі романынан алынған. Хаггардтың бұл романы 1886 жылы ағылшын тілінде баспадан шығып, 1891 жылы орысшаға аударылған. Орыс тілінде 1891 жылдан бастап бірнеше рет баспадан шықты. Соңғы кезде орыс тілінде 1957 жылы басылды.

Ақылбай романның атын да өзгертіп, өзінше «Зұлыс» деп атаған.Тегінде Абай романдағы Сүлеймен қазынасы деген аңыздан гөрі Англияның жаулап алған елі Зұлыстардың тағдырына көңіл бөлген.

Ақылбай ақын романның оқиға желісін өз шығармасының негізі ете отырып, өзінше жырлап кетеді. «Сүлеймен патшаның қазынасындағы» әңгімені Кватермэн аузынан емес, ақын негізінен өзі баяндайды. Қажетті жерінде кейіпкерлердің диалогтерін береді. Романдағы суреттелетін Сүлеймен тауының орнына, Ақылбай Зұлыс тауы деп алып, сол тауды сипаттайды. Ақын поэманы Зұлыс тауын суреттеуден бастайды.

Поэманың кейін табылған бөлімі осы айтылған оқиғаның жалғасы.Генри інісін іздеу сапарында Кватэрменнің серік, жолдас болуын өтінеді. Романда Генри бұл сапарға тек інісін іздеу мақсатымен аттамбақ. Оны дүние-Сүлеймен қазынасы қызықтырмайды. Егер қазына табыла қалса ол байлыққа ортақ емес.

Ақылбай бұл арада Генри бейнесін өзінше береді. Оны байлықа бас имейтін адам деп романдағыша дәріптемейді.

Генридің аузына:

Осы жолы менімен болсан жолдас,

Дос боламын өмірге жанды аямас.

Сыбағаң өзімменен бірдей болсан,

Құдай ондап табылса брильянт тас,-

деген сөз салады. Ал, Кватермэн бұл сапарға Генридің беретін ақшасын алмайды.

Басым сатып бармаймын мен пұлыңа,

Сізді қимай еремін бұл жолыңа,-

дейді.

Ақылбай ақын поэмада өр мінезді, алған бетінен аумайтын, айнымайтын, қиындықтан қашпайтын, табанды, жігерлі, қайратты ер адамдардың дара бейнесін ақын тілімен сипаттап береді. Бұлар үйреншікті тұрмыс, күнделікті таныс өмірдің жағдайында әрекет ететін жандар емес. Олар қауіп- қатері мол, қиын сапарда сан алуан шытырман оқиғаларға кездесіп жат жерлерде таңғажайып оқиғаларға ұшырап, сырлы табиғат аясында тартысқа түсетін нағыз романтикалы поэманың геройлары.

Поэмада енді нағыз қызықты оқиғалар басталады. Жолаушылар жеті күн жол жүріп, піл жайлаған жерге жетеді. Осы арада

бұлардың піл атқаны, жаралы пілден Гудт аман қалып, өзі қаза тапқан бала зұлыстың ерлігі айтылады.

Генри атқан піл жығылады да, Гуд атқан піл жараланып, оның өзіне қарсы ұмтылады. Ақын бала зұлыстың (Хива) ажалға ара түскен жанқиярлық ерлігін емірене жырлайды.

Ақылбай поэманың соңғы тарауын:

Баланың бар денесін алды теріп,

Әрқайсысы жыласты бойы еріп.

Жас жаның жолдас үшін құрбан қылған,

Әділ ер, кез болмас деп, мұндай серік.

деп аяқтайды. Әзірге поэманың жалғасы табылмағандықтан «Зұлыс» жайындағы мәселені осымен аяқтаймыз. Поэма толық табылған соң әдеби зерттеу ісі тереңірек жүргізілуі тиіс.

Мағауия Абайұлы (1870 - 1904). Өмірі мен шығармашылығы

Мағауия Абайдың Ділдә деген бәйбішесінен, әкесінің жиырма бес жасында туған. Ділдәдан төре ұл, екі қыз болған. Тұңғыш баласы –Ақылбай. Одан соңғы ұлы Әкімбай, ол сегіз жасында өлген. Қыздары Райхан және Күлбәдан, бесінші баласы Әбдірахман. Мағауия Абайдың кенже баласы. Бұлардың Ақылбайдан басқалары Абайдың өз тәрбиесінде болған.

Мағауияны әкесі сегіз-тоғыз жасында мұсылманша оқуға береді. Ауылда, «кішкене молла» деп аталатын, Мұхаметкәрімнен төрт-бес жыл оқыған соң, Абай оны қалаға апарып, оқуға бергені туралы айта келіп, М Әуезов былай деп жазады:

«Семейдегі Городское училище дейтін орысша мектепке түсірді. Мағауияның алдында орысша оқуға берген ағасы Әбдірахман Түмен қаласында оқып жүреді. Абай Күлбәдан деген қызын да орысша оқуға береді».(М.О. Әуезов - «Абай Құнанбаев. Мақалалар мен зерттеулер». Алматы, 1967 ж. 221-бет. Архив мағлұматтарына қарағанда, Мағауияның Семей қаласында: «Семипалатинская мужская киргизская школа» деген мектепте 1884 жылы оқып жүргенін көреміз.

Оқуға аса қабілетті, зерек, талант иесі жас шәкірт Мағауия қалада екі-үш жыл оқыған соң, денсаулығы төмендеп, науқасқа шалдыға бастайды. Баласының денсаулығына қауіптенген Абай сол кездегі Семей қаласындағы ең тәуір, тәжірибелі дәрігер деп танылған –Становқа қаратады. Мағауияның өкпе ауруына ұшырағанын анықтаған дәрігер, енді оның қалада тұрып оқуына болмайтынын айтады. Сонымен амалсыз оқуын тоқтатып, Мағауия ауылына қайтады. Бұл-1886-1887 жылдар еді.

Мағауия орыс мектебінен алған бастауыш білімін әкесінің өнегесімен өз бетімен дамытып, орыс тіліне жетік болады. Абай оқитын кітаптары –орыстың ұлы ақын, жазушыларының еңбектерін Мағауия да зер салып, көп оқиды.

«Мұқа, Ақылбай, Кәкітай, Мағауия сияқты жас таланттар, ақындар, жыршылар Абайдың төңірегіне топталады. Олардың кейбіреулері Абайдан үлгі алып, өздігінен білімін көтереді, орыс әдебиетін оқып, үйренеді», -дейді М.Әуезов.

Мағауия он алты-он жеті жасында қолына қалам алып, өлең жаза бастаған. Мағауияның лирикалық өлеңдері, Абай айтқандай :« тілге жеңіл , жүрекке жылы тиетін», «айналасы теп-тегіс жұмыр» келген нағыз көркем шығарма.

Ақынның алғаш жазғын шығармаларының бірі- «Ай жарық, жаздың түні ат терлетіп» деп басталатын өлеңі. Ақын бұл өлеңінде, екі жастың жазғы жайлауда, ай жарық бір түнде ел көзінен ұрланып, ауылдан аулақ бір сайда, бірін-бірі аңсап табысқан сәттегі көңіл-күйін, сезім-сырын сипаттайды.

Сүйген жарымен көріскенше, көңілі жай таппай, жүрегі алып ұшып тұрған жігіт бейнесін аса нанымды, әрі әсерлі етіп суреттейді. Ауылдан ұрланып шығып, күткен жарына, жан ұшырып келе жатқан қыз бейнесін суреттейді.

Шыққан жарын көрінсе о да беттеп,
Өрең шыққан секілді ептеп-септеп,
Қара шапан, ақ көйлек, кәмшат бөрік,
Көк шалғынның үстінде көлбелектеп.

Абайдың «Желсіз түнде жарық ай» өлеңнің үлгісі байқалады. Сонымен қатар Мағауияның махаббат тақырыбын жырлауында үлкен мәдениеттілік, Абай арқылы келген орыс әдебиетінің жақсы өнегесі көрініп тұр.

Мағауияның жастық-махаббат тақырыбына жазылған белгілі бір өлеңі-«Түсімде бүгін түнде көрдім дұхтар». Ақын бұл өлеңінде өз басынан кешкен бір халды баян етеді.

Абайдың жақын достарының бірі, әрі әнші, әрі жыршы Бейсенбай Жәнібековтың (1858-1917) Шәкежан атты бір қызы болады. Айттырып қойған күйеуін өзіне тең көрмей, қыздың көңілі Мағауияда болады. Оған өлеңмен хат жазып, махаббат сырын білдіреді. Шәкежанның адамгершілігі, Мағауияға қатты ұнайды. Бірақ, қосылып өмір сүруге жол жоқ. Қыздың жастай айттырып қойған қайыны - Сатыбалды бай, Ырғызбай тұқымының жуан бір жұдырығы.

Амалсыздан айырылған сүйген жардың күйігі Мағауияны қатты толғандырған. Осы оқиғаны түнде көрген түсі етіп, өлең жазып, өзінің сүйген жарымен кездесуін көрген түсі етіп суреттейді. Өзін ақ көңіл, адал жүрегімен шексіз сүйген қыздың махаббат сезімін ақын:

Тұрмады сыпайысып о да шыдап,
Қосылған адамбыз ғой тегінде ұнап.
Арта сап мойыныма ақ білегін,
Кеудеме келіп қалды басы құлап,-
деп суреттейді .

Аз өмірінің ішінде Мағауияның басынан кешкен өмір кезендерінің ең қайғылы, ауыр кезеңі ағасы Әбдірахман қазасы болады. 1894 жылы Алматыда қатты науқастанып жатқан Әбіш тағдыры Абай ауылын қатты күйзелтеді. Әбіштің науқасын естігеннен бастап, оған арналып жолдаған, әке махаббатын жеткізетін, Абай жүрегін жарып шыққан сағыныш, тілек жыры туады. Мағауия да ағасына арнап өлеңмен хат жазған.

«Дейтұғын сөзің қайта «Мағатайым», «Жалғыз міне отырмын әр нәрсе ойлап», «Бірге туған бауырлас»- деген өлең – жырларын туғызды.

Ыңқылдап жатыр екем жаңа барсам,
Жасымды тоқтата алмай, болдым сарсаң.
Сұп-сұр болып жатқанын шалқасынан,
Көкірегім көреді, көзімді алсам,-
деп, науқастың аянышты бейнесін суреттеп, өзінің мұңды сезім-сырын жазады. Еліне қайғы арқалап қайтпай, қуанышпен қайтуды арман, тілек етеде.

...Жолықсам күлкіменен құшақтасып,
Сөйлесіп, қалжындасып, көңіл басып.
Құдай-ау, өзің сақта жолығудан,
Жыласып, шуылдасып, ойбайласып,-
дейді.

Әбіштің науқасы күн сайын асқынып, Мағауияның үмітін үзгізе бастайды. Туған елден аулақта, ауыр науқасқа душар болып жатқан ағасының қасында жалғыз өзі болған кездегі басынан кешкен қасірет шегін шертеді.

Жалғыз міне отырмын әр нәрсе ойлап,
Тістеніп, көзге келген жасты «қойлап»,
Ауру тыныш болғанда мен де тыныш,
Ыңқ еткен дыбыс шықса жүрек ойнап –

Ыңқыл қағып жатады сұп-сұр болып,
Сырылдап қақыра алмай кеуде толып.

Жалғыздық, биғилаждық еске түсіп,
Жүрек болмай еридi мұны көрiп,- деп келiп, Әбiштiң ерлiк,
адамгершiлiк қасиетiн сипаттайды.

Шыншыл тiл, әдеби зор, таза жүрек,
Ақ көңiл сақталмайтын iшiнде кек.
Өмiрден үмiтi жоқ, бейнетi көп,
Жатады бiр қозғалмай зор көкiрек.

Болады байқағанға айтуға ер деп,
Тайсалмай еш нәрседен жатыр «кел» деп.
- Азабыңнан құтқар да, бар тiлегiм-
Айтады: жаным әзiр ала бер деп.

Әбiштiң халi күннен-күнге асқан сайын төмендей бередi.
Жанындай жақсы көретiн аяулы ағасын өлiмге қия алмай, жаны
күйзелiп, жас басына қайғы – қасiреттiң қара бұлты төнген
Мағауия:

Дейтұғын сөзiң қайда «Мағатайым»,
Жүректiң тоқтауы жоқ барған сайын.
Жарқ-жұрқ етiп жайнаған жас шағында,
Шынымен қор бола ма ағатайым!

Жас татымас жылауға көздi бұлап,
Құдай-ау, жалбарынам жанын сұрап.
Сыртыңа ешбiр белгi қоймасаң да,
Күймесiңе болмайды жүрек жылып,-деп күнiренедi.

Ұзақ төсек тартып жатқан Әбiш 1895 жылы бiрiншi январь күнi,
27 жасында қайтыс болады. Ағасын «аманат» деп, Алматыға
уақытша жерлеп, қалың-қайғы арқалап, Мағауия елiне қайтады.
Әбiш өлген соң, Мағауияның ағасына шығарған өлеңi бар. «Жас
шыбық» атты лирикасы, әлеуметтiк тақырыпқа жазған бiр өлеңi
ғана сақталған.

Мағауия Абайдың сегiз қырлы өнерпаз шәкiртi болды. Ол
ақындығымен қатар әрi әншi, домбырашы, гармонь, скрипка сияты
музыка аспаптарын жақсы меңгерген шебер музыкант та едi. Ол
мәдени-ағарту iсiне ат салысты. Мысалы, 1890 жылдар, Семейдегi
бастауыш бiлiм беру iсiне қамқорлық жасайтын қоғамның толық
мүшесi болғаны мәлiм.

Мағауия аз жасады, жасынан жабысқан науқас ақыры оны мендетіп жеңіп, 1903 жылы қараша айында, ақын төсек тартып жатып қалады. 1904 жылы, 14 май күні 34 жасында Мағауия дүниеден қайтады. Мағауияның бейіті қазіргі Семей қаласы, Абай ауданы, Ақшоқы дейтін жерде.

Мағауияның әйелі, Дәмеғой 1933 жылы өлген. Дәмеғойден туған қызы, бала күнінен Абай тәрбиесінде болған- Уәсила (1891-1954) Алматы қаласын да қайтыс болды. Құтайба атты ұлы 1918 жылы, Бабыр деген баласы жас шағында қайтыс болды. Кәмиля деген қызы, Жағыфар деген ұлы 1934 жылы дүниеден кайтқан.

Жағыфардың (1899-1934) қыздары, Мағауияның немерелері – Ишан мен Ғазел қазіргі Алматы қаласында тұрады.

Мағауияның паэмалары.

Мағауияның қазақ әдебиеті тарихында атын қалдырған еңбегі – оның поэмалары.

Мағауияның тұңғыш жазған поэмасы - «Еңлік-Кебек». Бұл поэманы 20 жасында жазған, 1890 жазған. Поэма ол кезде кең тараған. Оның себебі «Еңлік-Кебек» поэмасын сөз еткенде айтамыз. Поэманың қолжазба көшірмесі ғана бізге жеткен. Мағауияның өз қолжазбасы сақталмаған. «Абылай» поэмасының да толық нұсқасы сақталмаған. Қолжазба көшірмелерде шығарманың үзінділері ғана сақталған. Мағауияның ең соңғы жазған поэмасы - «Медігат-Қасым». Поэманың жазылған уақыты 1900 жыл шамасы. Бұл жөнінде Рақымжан Мамырзақов былай дейді: «Медігат-Қасым» 1900 жылы шамасында жазылған. Себебі біз 1902 жылдан бастап айтушылардан еститін болдық.»

«Медігат-қасым» поэмасының 1908 жылы көшірілген нұсқасы қазіргі бар тарихи қолжазба. Поэманы ертеректегі қолжазбалардан көшіріп алып жатпаған: Әрхам Ысқақов, Рақымжан Мамырзақов, Шәбден Әлмағамбетовтордың ауызша айтқандарын 1908 жылғы қолжазбамен салыстырып, зерттеп қарағанымызда ешбір қайшылық, бұрыс кетушілік байқалмады. Сондықтан «Медігат-Қасым» поэмасының 1908 жылғы қолжазбасын Мағауия жазған түпнұсқадан ешбір айырмасы жоқ деп кәміл сеніп айта аламыз. Поэманы сол 1908 жылғы жазылған қолжазба бойынша зерттейміз.

Шәңгерей Бөкейұлының өмірі (1847-1920) мен ақын-жазушы ретіндегі шығармашылығының қалыптасу жолы

1. Шәңгерейдің ақындық талғамы.
2. Шәңгерей – лирик ақын.

1. Шәңгерейдің ақындық талғамы.

Шәңгерейдің ақындық талғамы, қоғам өміріне қояр талабы, дүниетанымы өзі тұстас қазақ ақындарынан өзгеше еді десек, бұл өзгешеліктердің түп төркінін біз аталмыш орыс, Европа мәдениетінен, әдеби көріністерінен, өнер өрнектерінен табамыз. Шәңгерей – қазақ топырағынан шыққан талант.

Шәңгерей – Махамбет те, Шортабай да, Дулат та, Сүйінбай да емес. Олардың әрқайсысын, бір-бірін ұқсастықтарынан емес, керісінше, бірін-бірі қайталмайтын, ұқсамайтын өзіндік ерекшеліктеріне орай өзгеше талант дейміз. Сөйте тұрса да оларда қазақтың ұлттық поэзиясы бұзылмайды.

Ақынның ой-сезім талғамы, қиянға негізделе бейнеленіп, қоғам қайшылықтарын, дәулет теңсіздігінің сырын қарастырудан гөрі, жеке адамның өмірін, тіршілік жайларын дүниенің пәнилігіне ұштастыра терең толғана суреттейді.

Ақын – қоғамдағы адамдарды тотарға бөлмей, бәрен ортақ е түйер образдар жасауға шебер. Оған адамның дәулетінен гөрі жеке басының қадір-қасиеті, мейірімділігі, қайырымдылығы, өнерлілігі керегірек сияқты. /1.295/ Сондай-ақ ақын творчествосында тұрмыс-тіршілік қамы да көп сөз бола бермейді. Қайта адамның жан дүниесінің тазалығы, әділдігі, қарпайымдылығы, батылдығы, сырты мен іші сай, айтарлықтай көз тартар сұлу болуы баса жырланады.

Шәңгерейдің шығармаларына арқау боларлық ортақ бейне – оның ақындық «мені». Ол барлық шығармаларында өзінің жайын, өмір жолын, дүниеге келгеннен кейінгі бастан кешкендерін айтар ойына ұштастыра отырып, образдар арқылы терең толғайды. Кейде өз атынан сөйлей отырып, оны басқа бір жанама хайуанат өміріне немесе соның тағдырына, әдет-мінезіне, іс-әрекетіне ауыстыра бейнелейді.

Ақынның бұлайша суреттеулері аллегориядан гөрі кейіптеуге, салыстырмалы бейнелеулерге ұқсас. Ол айтар ойларын қаз калпында туралап баяндаудан гөрі бейнелі сурет жасауға әуес.

Шәңгерей көбіне өзінің жастық өмірін жырлады./1,26/
Өмірінң ішіндегі ең қызықты кезі жастық деп білді. Өсе келе, оған сол жастық өмір де қызығын жоғалтып, басқа түске енді.

Бұл күнде, жас көңілім, судай тастың,
Тасқындап кемеріңнен шалқып астың.

Төрт бұрыш дүниені көрмей болжап,
Қиялмен көп қапасын барып аштың.

Албырып жас кезінде дүниеге құлашын жайып, қиялын көкке шарықтатқан Шәңгерей ес біліп, айналасына өзінің көзқарасы беки бастағасын-ақ дүниеден суынып, жастық өмірдің келешегін емес, иек ашпада таяу тұрған қысқалығын жыр етті.

Шәңгерей ескі өмірді сұғына жырлап, оны қайта орнату керек демесе де, өз кезіндегі жаңалықтардың көбімен келісе алмады. Міне осыдан барып әлеумет өмірінен аулақтау, оның әр түрлі құбылысына берілу, көлемі шағын тақырыптарды алып жырлау, өзінің ой-пікірін соның айналасына жиыстыру, жалаң көркемдікті машықтау, «дарашылдыққа» ұшырады. Бұл үзінді келтірілген өлеңдердегі айтылған «жермен жексен болайын деп тұрған қиялда», «қарасын үзіп бара жатқан дүниеде» бір жағынан, өз өмірін жырлау болса, екінші жағынан, феодалдық өмірдің іріп бара жатқандығымен байланысты туған болатын-ды. Мұндай бағыт, жалғыз Шәңгерейдің басында ғана болған оқиға емес. Бұл XIX ғасырдағы орыс әдебиетінде де болды. Орыстың Фет, Тютчев тәрізді ақындары да искусство (көркемөнер) әдемілік үшін ғана керек, ол қоғам күресінен аулақ, «ерікті» деген көзқарасты ұсынды. Қазақ әдебиетіндегі Фет, Тютчевтің сыңары – Шәңгерей болды. /4.253/

Үстірт карағанда бұл бағыттың өмірдегі – күрес-тартыспен еш байланысы жоқ жоқ тәрізді. Шындығына келгенде, сенде мені қызықтыратын еш нәрсе жоқ деп, жеке өмірімен байланысты ғана нәрселерді жыр қылудың өзі – қарсылық көрсету. Ақынның өз кезіндегі әлеуметтік құрылысқа жасаған наразылығы еді. Әдебиет тарихына көз жіберсек, кейбір ақындар өз кезіндегі құрылысқа риза болмай, өткен өмірді жырлады, кейбірі, өз дәуіріне риза болмағанмен, жақсылығы келешектен күтті. Ол күннің қандай болатынына көзі жетпесе де, өз елінің сол қалыпта тұра

алмайтындығын, ол қалыпта тұрса да, оңбайтындығын, сондықтан оның өзгеруі және оны өзгерту керектігін айтты. Соны өзгертетін келешек жастар деп сене білді. /3.256/

Нұғыман Манаевтың айтуынша, Шәңгерей өмірінің соңғы кездерінде көлемді екі әңгіме жазған. «Шәңгерейдің «Қара мұрт» деген қара сөзбен жазған әңгіме-романы болған. Сол романын уақыында бастыруға бермеген.

Қолжазба күйінде әркім ұрлап алып оқып жүріп, аяғында жоғалтқан. «Қара мұртты» қолжазба күйінде ұрлап алып оқушының бірі Абдол Бөкейханов...» дей келіп: «Бесінші жылдың төңкерісі, 16 жылдың оқиғасы, баяғы орыс-жапон соғысы, 1917 жылғы Октябрь Революциясы – бұлардың барлығы да Шәңгерейдің тұсында болған ірі оқиғалар. Шәңгерей сияқты ақындардың бұл сияқты ірі оқиғаларға селт етпей қалатын жөні жоқ. Бірақ бұл оқиғалар туралы ақынның не ойлап, не істегені туралы біздің қолымызда ел ауызында қалған бас-аяғы жоқ, азғана сөзден басқа ешқандай дерек те жоқ» – деді Н.Манаев. Шәңгерей ең алдымен ғылым мәселесіне үлкен сеніммен қарады. Қоғамның дамуы үшін ғылым негізгі шарттардың бірі екендігін ұғындыруға күш салды. Өлеңдерінде жастарды оқуға, ғылыммен шұғылдануға шақырады.

Оқысаң ғылым нұрын білім асар,
Көңілдің кіршік басқан көзін ашар.
Мас болған біліміне кейбір жастар
Жерлерге аяқ жетпес аяқ басар.
Апыр-ай, кімге аян бұл жаһанның
Белгісіз ұлылығы асқар-асқар.

Ақын бір жағынан, жастарды ғылымға үндесе, екінші жағынан, олардың «аяқ жетпес жерлерге аяқ басуын» аңғартады. Ғылым түпсіз тұңғық немесе асқар тауға ұқсас. Оның барлығын түп-түгел уысына сыйғызу мүмкін емес.

Ғылымға ұмтылушылар өзіне белгілі бір шек қоюы керек деген пікірді метзейді. Ақынның Эдисонға арнаған өлеңі ғылым мен надандықты бір-біріне қарама-қарсы қойып, молдаларды мысқылдап, Эдсонды мадақтау тұрғысынан жазылған. «Жансыз затты сөйлеткен өнер-ғылымды» – молдалар «шайтани» іс деп бағалайды. Бұдан артық надандық бола ма дей келіп, молда біткендердің бәрін де зілді кекесін түрінде шенеп, ғылымға төмендегіше анықтама береді.

Бұл ғылым бір бәйтерек шектен асқан,
Шұлғанған бұтағына ғаршы-гүрсы.
Бар ғалам он сегіз мың саясында,
Таусылмас бұтақ сайын бар жемісі.
«Шайтани» бұл өнерді қалай дейміз,
Әр өнер сол жемістің бірдемесі.

Шәңгерей кезінде ғылымның қоғамдық мәнінің зорлығын, халқымыздың мәдениетті елдер сапына кіруі үшін ғылымның керектігін көпшілікке түсіндіру көзі ашық, оқыған азаматтардың ойын дәл жеткізген. Оған төмендегі өлең толық дәлел бола алады.

Сөйлеткен жансыз затты – өнер ісі,
Есітіп таң қалады көрген кісі.
Білмейді қалай етіп түсінерін,
Айтпаса түсіндіріп білген кісі.

Шәңгерей – тек көркем шығарма жазушы ғана емес, сонымен қатар көрнекті аудармашы. Лермонтовтың «Қашқын» поэмасын шебер аударған. Поэмада екі ағасы, әкесі жауларымен белдесіп, қан майданның төрінде қазақ тауып, зор ерлікпен өледі. Һарун кек алудың орнына, өз басын аман сақтақ мақсатымен қашады. Бұл қорқақтық, Отанын сату, әкесі, ағаларынан өз жанын артық санауы нағыз ездік деп көрсетеді ақын. Һарунның «іштен шыққан ала жыланның ирендеуінің жақсысы-ай!» дейтін анасы қара басын қамтып жаудан қашқан ұлына жүрегі жылымайды. Оған ана теріс батасын беріп лағынет айтады.

Қимадың жақсы өлімге бір басыңды...
Кет жалғыз, қашқын болған масқаарқмен,
Қояйын қарайтпай-ақ ақ шашымды,
Қорқақ құл! Енді маған бала емессің,
Сұрттірмен ұятыңмен көз жасымды, – дейді.

2. Шәңгерей – лирик ақын.

Шәңгерей – ең алдымен, лирик ақын. Оның біз білетін өлеңдері, түгел дерлік, лирикалық өлеңдер. Жоғарыда келтірілген «Өмірдің өтуі», «Бір күнде жас көңілім судай астың», «Алла яр», «Жаздым аға Көлборсыдан», «Қорытынды» тағы басқа өлеңдері азаматтық (саяси) лирика. Бұл өлеңдерінде ақын өмір, заманның ағымы туралы өзінің наным-сенімдерін жалпы дүниеге көзқарастарын аңғартады.

Ақынның философиялық, сүйіспендік тақырыптарға арналған лирикалық өлеңдері де бар. Оқыған, ойлы, саналы ақын өмірдің әр алуан құбылыстарын өзінше бақылай келіп түйгені – өмірдің әрдайым өзгеріп отыратындығы. Бұл – қоғамдық құрылысқа да, табиғат құбылыстарына да тән нәрсе. «Жалғаншы жарық дүние!» деп басталатын өлеңінде кешегі атасы Жәңгір хандық құрған заман мүлде өзгеріп, қазір басқаша түрге енгеніне қайғыра, жаны аши жырласа, екінші бір жерінде, өлім мен өмір, бұл дүние мен о дүние туралы да, өзінің ой-кият көзқарасын аңғартады. «Шағалалы көлдер шалқыған» деген өлеңінде әр алуан өмір құбылыстарының өзгерістерін, олардың аяғы немен тынатындықтарын көрсетеді. Бірақ бұл өлеңінде, не басқа өлеңдерінде болсын ақын өмірде болатын әр түрлі өзгерістерді тәңірге тірмей, табиғаттың өз заңы деп біледі. Мысалы «Ұршық» деген өлеңінде:

«Ағаш едім құрма өскен,
Ұршық болдым шуда ескен.

Бір қалыпта тұрмақ жок,
Шығармалық мұны естен.

Шәңгерей лирикасының дені махаббат-сүйіспендікке арналады. Жасында Қадиша деген қызға ғашық болып, әр түрлі бөгеттерден кейін, ақыры, сол қызға үйленеді. Замандастарының айтуынша Қадиша сұлу да, ақылды әйел болған. Бірақ көп отаса алмай, дүние салады.

Махаббат тақырыбына арналған шығармаларының объектісі реальдық болса да, оны романтикалық пафос түрінде тым дәріптеп, түгел беріле жырлайды.

Ғаламға он сегіз мың патша болсам,
Алтыннан асқар таудай тақыт құрсам.
Көлінен Нұрлхаят сулар ішіп,

Дүниеде болса өмірім неше мың сан, – деген сияқты сөздермен дүниедегі ең «қымбат» деген нәрселерді айта келіп:

Солардың бәрін қойын сені алар ем,

Бір өзің ен Нарында есен тұрсаң, – деп бітіреді ақын – атшекейге арналған бір өлеңін. Немесе келесі өлеңді қарайық:

Адамнан артық ажар, ақыл айлаң,
Ажары ақ бетінің асқа айдан.
Адасқан арық қудай болдым асық,

Айдындай ақ төсіңе, асыл айнам, — деген шумағын ғашықтық жырына шеберлердің қай көрмесін болса да ұялмай ұсынуға болады.

Әрбір халық өзара тап-тапқа бөлініп алып, бірін-бірі қырып-жоюға кіріскен күрес заманы гуманист Шәңгерейге ұнаған жоқ. Себебі, ол — күресшіл ақын емес, адамгершіл, бейбіт ақылға негізделген мәдени жаңарудың жақтаушысы еді. Әрине, халқының тәуелсіз, дербес ел болғанын ол көкसेген жоқ — деп айта алмас едік. Абзалы, оның осы жолдың анық — қанығына көзі жетпеген. Осыдан болса керек, ол кей тұста қазақтың дербес хандық құрғанын жөн көріп, Абылай туын ала аттанар шақ туса, өзінің сол туды ұстағандардың соңынан ерем деп, өз кезіндегі күрестен бас тартқан. Соның салдарынан ба, ақын адам баласына ортақ мұндай ұл армандардың орындала қоймасын сезіп, кейбір шығармаларында түңілу, күңіренуге жол беріп алады. Дүниенің пәнилігін мойындап, адам өмірінің мөлшерлі, санаулы болатынын айтып, ондай аспандағы арманға жету мүмкіншілігінің жоқ екенін ескеріп, даралануға бой алдырған. Тіршіліктің қамын көбірек айтып, өнер, білім, адал кәсіптерге үндеуден көп аса алмаған.

Ақын «Мен» деген сөзге философиялық мән беріп, оны дүниенің өзгерісімен, дәулеттің тұрақсыздығына, өмірдің өткіншілігімен байланыстырады.

«Кімсің?» — деп біреу сұраса,

Өзім болып «Мен» деген.

«Мен» деген кетсе дүниеден,

Өзім болып «Менмін» деп,

Жауап берер қай адам?!

«Менмін» деген — сол менмін,

Жалпылама алам, әр заман. — деп, «Мен» деген сөздің мағынасы жалпы халық, адам баласы екенін өзі-ақ айтады. Бұл тұста ақын пікірі Абайдың «Өлсе өлер табиғат, адам өлмес» атты өлеңіндегі пікірлермен үндес шығады.

Шәңгерей, сөз жоқ, дарынды ақын және оның өлеңдерінде романтикалық сарын да айқын сезіледі. Суреттеулердегі кейбір шарттылық, қай мәселені сөз етуге әзір екенін білдіреді. Оның бұл пікірін ақынның қалыптасқан нысанасы деу орынсыз болар еді. Асылы, бұл сөз арасында айтылған тұрақсыз пікір. Сондықтан бір осы сөзіне сүйеніп, ақынды феодалшыл, ханшыл болған деу

орынды бола қоймас. Қалай болғанда да ол – Абылай заманын аңсаушы емес, өзін-өзі басқарған тәуелсіз ел болуды қолдаушы. Біздіңше, ол бостандық идеяларын қан төгіспен жететін нәрсе емес, цивилизацияның жеңісі деп түсінген. Осыдан барып, ақын бостандық жолының орындалуы қиын, бұл жол ұзақ уақытты, тәлім-тәрбиені, адам санасының жетілуін керек ететін ұлы арман етсе де, бір шектен екінші шекке бой ұру, кейде сөз образдарындағы бұлдырлық, ұшығын ғана көрсетіп тағы басқа осылар тәрізді романтизм әдісіне тән ерекшеліктер өлеңдерінде жиі кездеседі.

Шәңгерей ақынның шығармалары XX ғасырдың басында ғана баспа бетін көрді. Кейбір ақындар жинақтарына жекелеген шығармалары ғана еніп жүрді.

Қорыта айтқанда, өмірге көзқарасында ескі хандық дәуірін аңсаушылық бола тұрса да, ғылымға шақыру молдалардың надандық іс-әрекеттерін әшкерелеу, өнер-ғылым жолында ерінбей еңбек етіп, жаңалық ашқан ғалымдарды келешек жастарға үлгі ету, өлімге қарсы өмірді жырлау, орыс халқының ұлы ақыны М.Ю. Лермонтовтың патриоттық идеяны жыр еткен тамаша поэмасын аударып жұртшылыққа таныстыру, ұрпағына үздік көркем лирикалық өлеңдер қалдыру – бәрін жинақтасақ Шәңгерейдің әдебиетіміздің дамуы үшін елеулі үлес қосқан ақын екендігін мойындауымызға тура келеді. Сондықтан да ол әдебиет тарихынан орын алып отыр. Оның бізге қалдырған мұрасы саны жағынан аз болса да, сапасы мығым. Ақының өмірбаянын толықтырып, жоғалған шығармаларын іздестіру, әлі де зерттей түсу – жас ғалымдардың міндеті.

Студенттердің өзіндік жұмысының жоспары
(СӨЖ)

СӨЖ – ТАҚЫРЫПТАРЫ

№	Тақырыптардың атауы
1.	XIX ғасырдағы қазақстанның әлеуметтік өмірінде болған өзгерістер және оның әдебиетте көрінуі.
2.	Д.Бабатайұлы поэзиясы және сол кезеңдегі тарихи дәуір болмысы.
3.	М.Өтемісұлы жырларындағы күрескерлік, жауынгерлік, азаматтық әуендер («Ереулі атқа ер салмай», «Атадан туған аруақты ер», «Ұл туса», «Күн қайда», т.б.)
4.	Махамбет жырларындаты акын тұлғасы. («Менің атым Махамбет», «Махамбеттің Баймағамбет сұлтанға айтқаны», «Мен тауда ойнаған қарт марал» т.б.).
5.	Шернияз шығармаларындағы Исатай- Махамбет көтерілісіне байланысты туған өлеңдерінің мәні.
6.	Шортанбай-реалист, сыншыл ойлы суреткер акын («Зар заман», «Келер заман», «Тар заман», «Заман ақыр»).
7.	Шортанбай Қанайұлының (1818-1881) өмірі мен шығармашылығы
8.	С.Аронұлының адамгершілік тәрбиесі туралы толғаныстары («Жақсы менен жаманның айырмасы», «Нақылдар», «Жақсы болса ағайын» т.б.).
9.	С.Аронұлының әйелге, адамның жастық, кәрілік, жас кезеңдеріне арналған өлеңдері. («Әйелдердің нұр сипаты», «Жиырма беспен қоштасу», «Өмір ағысы» т.б.).
10.	Майлықожа табиғат құбылыстарының шынайы суреттерін қазақы ауыл тұрмысымен байланыстыра жырлаушы («Жылдың төрт мезгілі»).
11.	Б.Оңдасұлының дастандарындағы фольклорлық сипаттар мен авторлық,реалистік көркемдік шешімдер.
12.	Мұраттын арнау, хат - өлең, тойбастар жанрларындағы мұраттын шығармалары («Қыз», «Боранбайға айтқаны», «Оқудан қайтқан жігітке хат», «Қаратоқай»).
13.	Ә. К. Боранқұлұлының айтыстары («Кердері мен Құлымбет», «Қожахмет пен Кердері Әбу бәкір» т.б.).
14.	Ш. Қаржаубайұлының айтыстары. О.Бертағылұлының арнау өлеңдері.
15.	Мәделі Жүсіпқожаұлының (1816-1888) өмірі мен шығармашылығы. Н. Жаршағұлұлы – толғау, терме, арнау, өлеңдері.

16.	Біржан сал Қожағұлұлының – көңіл-күй, философиялық өлеңдері («Ер жігіт дүниені көрген артық», «Орынбор», «Талай заман», «Жамбассапар» т.б.).
17.	А.Қорамсаұлының лирикалық өлеңдеріндегі көңіл-күй, философиялық ерекшеліктері («Адамның біліміне ақыл серік», «Айтамын замандасқа біраз кеңес», «Әйелдер сипаты», «Жігіт сипаты», «Жастық шақтар» т.б.).
18.	Сегіз Серінің шығармашылығының ұлттық сөз өнері, мәдениет тарихындағы маңызы.
19.	Сара Тастанбекқызының әулеттік теңсіздік, заман зары тақырыбындағы лирикалық өлеңдері («Жүрек», «Ашындым», «Ортақ мұң»).
20.	Ә.Найманбайұлының толғау – термелерінің, өлеңдерінің әншілік орындаушылықпен, сазгерлікпен тығыз байланыстылығы. Жаяу Мұса Байжанұлының (1835-1929) шығармалары. Балуан Шолақ Баймырзаұлының (1864-1919) өмірі мен шығармашылығы.
22.	Шоканның қырғыз тарихы мен фольклорына байланысты зерттеулері («Манас» эпосы).
23.	Шоканның хаттары (Ата-анасына, Ф.М.Достоевскиге, А.Н. Майковке, К.К. Путновскиге т.б.) ондағы демократиялық, ағартушылық көзқарастары.
24.	Ы. Алтынсарин ағартушылық идеясының жаңашылдығы.
25.	Ы. Алтынсарин – халық әдебиеті мұраларын жинаушы, олардың ұстаздық жұмысына пайдалануы. («Қобыланды батыр мен Тайбурыл», «Орақ батырдың баласы Әлібек мырзаның бір ханға айтқан сөзі», «Нұрхан бидің бір сөзі» т.б.).
26.	Абай поэмалары.
27.	Абайдың табиғат пен адамдық мінез-құлық, іс-әрекет, сезім мәселелерін астастыра жырлаған өлеңдері («Желсіз түнде жарық ай», «Қараша, желтоқсан мен сол бір екі-ай» т.б.).
28.	Абайдың ақындық айналасы (Көкбай, Ақылбай, Мағауия шығармалары)
	Барлығы – 30 сағат

Әдебиеттер тізімі:

1. Асфендияров С.Д. История Казахстана /с др.вр./ 2-изд. –А., 1993
2. Әуезов М.О. Әдебиет тарихы. –А., Ана тілі, 1991
3. Байтұрсынов А. Әдебиет танытқыш//Ақ жол. –А., 1991
4. Бекмаханов Е. Қазақстан в 20-40 годы 19-века. –А., 1992
5. Жұмалиев Қ. 18-19 ғасырлардағы қазақ әдебиеті. –А., 1967
6. Қоңыратбаев Ә. Қазақ әдебиетінің тарихы. –А., 1994
7. Сүйіншәлиев Х. 19-ғасыр әдебиеті. –А., 1992
8. Сүйіншәлиев Х. Қазақ әдебиетінің тарихы. –А., 1994
9. Сыздықова Р. Қазақ әдеби тілінің тарихы /16-19ғғ./ .-А., 1993
10. Абай тағылымы/Құраст. Н.Ғабдуллин/. –А., “Жазушы”, 1986
11. Абайды оқы, таңырқа...А., 1993
12. Абай тілі сөздігі А., 1968
13. Айтыс. Үш томдық. –А., 1965
14. Айтыс. Екі томдық. –А., 1988
15. Ақжолтай Ағыбай батыр. –Алматы. Ғылым., 2002Ақын-жыраулар/Қысқаша өмірбаяндық мәліметтер мен библиографиялық деректер/. –А., 1979
16. Алтынсарин Ы. Мұсылманшылықтың тұтқасы. –А., 1991
17. Аничков И.В. Қазақ батыры Жанқожа Нұрмұхамедұлы (Орыстардың Сыр бойына алғашқы қадамының очеркі) Қазақ., Император университетінде типометодграфиясы, 1894. – Алматы.: “Терме” бірлестігі, 1991. –32б.
18. Ахметов З. Казахское стихосложение. –А., 1964
19. Ахметов З. Өлең сөздің теориясы. –А., 1973
20. Әбілұлы Меңдібай. Қазақ әдебиетіндегі діни-исламдық поэзия. –Тараз, 2003
21. Әдеби мұра және зерттеу. –А., 1961
22. Әдебиеттану терминдерінің сөздігі (құрастырғандар З.Ахметов, Т.Шанбаев). –А., 1996
23. Әлімқұлов Т. Жұмбақ жан. –А., 1993
24. Әуезов М.О. 18-19 ғ. ақындары//Әуезов М. 20 томдық шығармалар жинағы. Т.16. –А., 1985. –Б.176-198
25. Бельгер Г. Үндестік: Гете, Лермонтов, Абай. – А., 1982
26. Бердәулетов К. Бұқарбай батыр. –А., 1992
27. Бес ғасыр жырлайды. 2 томдық. Т.1. –А., 1989
28. Ғабдуллин Н. Абайдың назира үлгісі//Жұлдыз, 1991, № 11
29. Дәуітұлы С. “Диуани хикмет” және қазақ поэзиясы. –А., 2001

30. Досмұхамедұлы Х. Аламан. А., 1991
31. Дербісәлин Ә. Ыбырай Алтынсарин. –А., 1965
32. Дербісәлин Ә. Әдебиет туралы толғаныстар. –А., 1990
33. Есімов Ф. Хакім Абай. –А., 1991
34. Жармұхамедұлы М. Айтыс өлеңдерінің арғы тегі мен дамуы. –А., 2001
35. Жұбанов А. Замана бұлбұлдары. –А., 1975
36. Жұбанов Қ. Абай – қазақ әдебиетінің классигі//Жұбанов Қ. Шығармалары мен естеліктер. –А., 1990. –Б.28-59
37. Жұмабаев М. Ақан сері. Ақанның өмірі. Базар жырау//Жұмабаев М. Шығармалары. –А., 1989. –Б. 318-345
38. Жұмалиев Қ. Қазақ әдебиеті тарихының мәселелері және Абай поэзиясының тілі. Т. 2. –А., 1960
39. Залесский Б. Қазақ сахарасына саяхат. –А., 1991
40. Исмайлов Е. Ақындар. –А., 1956
41. Исабай Қ. Байжан-ата С.Қажыға барған қазақтар. –А., 196
42. Кәкішев Т. Сын сапар. –А., 1971
43. Кәкішев Т. Оңаша отау. –А., 1982
44. Қазақ поэзиясының антологиясы. –А., 1992
45. Қазақ прозасы. Хрестоматия. Үш томдық. /Құраст. , алғысөзін жазған Х.Ж.Сүйіншәлиев/
46. Кенжебаев Б. Әдебиет белестері. Зерттеулер, мақалалар. –А., 1966
47. Қирабаев С. Әдебиетіміздің ақтандақ беттері. –А., 1995
48. Қоңыратбаев Ә. Тарихи жырлар. Айтыс поэзиясы//Қазақ фольклорының тарихы. А., 1991. Б. 261-287
49. Қоңыратбаев Т. Ел мұрасы. –А., 2003
50. Мағауин М. Ғасырлар бедері: Әдебиет зерттеулері. –А., 1991
51. Машанов А. Әл-Фараби және Абай. –А., 1994
52. Мәдібай Қ. Зар заман ағымы. –А., 1997
53. Мұқанов С. Өсу жолдарымыз. –А., 1960
54. Мұқанов С. Жарқын жұлдыздар. –А., 1964
55. Мұқанов С. Халық мұрасы. –А., 1974
56. Мұхамедханов Қ. Абай шығармаларының текстологиясы жайында. –А., 1959
57. Мұхамедханов Қ. Абайдың ақын шәкірттері. –А., 1994
58. Мырзахметов М. Мұхтар Әуезов және Абайтану проблемалары. –А., 1982
59. Мырзахметов М. /Библиогр. көрсеткіш/. –А., 1988
60. Мырзахметов М. Абайтану тарихы. –А., 1994

61. Нұрқатов А. Абайдың ақындық дәстүрі. –А., 1958
62. 18-19 ғғ. Қазақ ақын-жазушыларының шығармалары. –А., 1962
63. 19 ғасырдағы қазақ поэзиясы. –А., 1985
64. 19 ғасырдағы қазақ ақындары /зерттеу, мақалалар/. – А, 1988
65. Омаров Б. Зар заман поэзиясы. – А., 2000
66. Оспанұлы Ә. Қаратау шайырлары. А., 1991.
67. Өмірәлиев Қ. Қазақ поэзиясының жанры мен стилі. – А., 1983
68. Өмірәлиев Қ. Абай афоризмі. – А., 1993
69. Радлов В.В. Алтын сандық. – А., 1993
70. Сапаралы Б. Құнанбай қажы. –А., 1995
71. Сәтбаева ш. Достық дастандары. –А., 1983
72. Сейтжанұлы З. Шыңжаң қазақ әдебиеті. –А., 1999
73. Сыздықова Р. Дулатты танып болық па?// «Қазақ әдебиеті», № 52, 25 желтоқсан, 1992
74. Тәжімұратов М. Шәңгерей. –А., 1998
75. Тебегенов Т. Халық ақындары. –А., 1997
76. Тебегенов Т. Әдебиет тарихының мәселелері. –А., 1998
77. Тебегенов Т. Әдебиет тарихы. –А., 1999
78. Тебегенов Т. Халық ақындары шығармаларындағы әдебиет пен фольклор дәстүрі. –А., 2001
79. Тілепов Ж. Тарих және әдебиет. –А., 2001
80. Уәлиханов Ш. Таңдамалы. 2-басылуы. –А., 1985
81. Хан Кене. Тарихи толғамдар мен пьеса, дастандар. – А., 1993
82. Ыбырай Алтынсарин. Әдебиеттер көрсеткіші. А., 1979.
83. Ыбырай Алтынсарин. Қазақ хрестоматиясы (Киргизская хрестоматия). –А., 2003.
84. Ысмағұлов Ж. Абай: ақындық тағлымы. –А., 1994.
85. Янушкевич А. Күнделіктер мен хаттар /аударған М. Сәрсекеев/. –А., 1970.

**«XIX ғасырдағы қазақ әдебиеті» пәні бойынша
Оқытушының басшылығымен студенттердің өзіндік жұмыс
жоспары (ОБСӨЖ)**

№	СТУДЕНТКЕ АРНАЛҒАН ТАПСЫРМАЛАР ТІЗБЕСІ
1.	XIX ғасырдағы ұлттық сөз өнері дамуының ерекшеліктері.
2.	Д.Бабатайұлының арнау, толғау өлеңдері.
3.	Д.Бабатайұлының «Еспембет» дастаны-патриоттық мәні зор шығарма.
4.	М.Өтемісұлының шығармаларындағы халық тұлғасының және Исатай батыр бейнесінің жырлануы.
5.	М.Өтемісұлының өлеңдерінің құрылысы мен стилі. Ақынның тіл шеберлігі.
6.	Шернияз шығармаларындағы Исатай- Махамбет көтерілісіне байланысты туған өлеңдерінің мәні.
7.	Ш.Жарылғасұлының Махамбетпен, Абылмен, Қашағанмен диалогтағы өлеңдері.
8.	Ш.Канайұлы – реалист, сыншыл ойлы суреткер ақын («Зар заман», «Келер заман», «Тар заман», «Заман ақыр».)
9.	С.Аронұлының адамгершілік тәрбиесі туралы толғаныстары («Жаксы мен жаманның айырмасы», «Нақылдар», «Жаксы болса ағайын».)
10.	Майлықожа Сұлтанқожаұлының (1835-1898) өмірі мен ақындығы.
11.	М.Сұлтанқожаұлының шығармаларының жанрлық түрлері, көркемдігі.
12.	Б.Оңдасұлының халық тағдырына арналған азаматтық әлеуметтік әуендегі толғаулары («Түбі туыс байтақ ел», «Ел жақсылары», «Қарындастың камы үшін» т.б.)
13.	М.Мөнкеұлының айтыстарының көркемдік ерекшеліктері, тілдік – көркемдік нақыштары.
14.	О.Бертағылұлы өлеңдеріндегі көркемдік ерекшеліктер.
15.	Біржан сал – айтыс ақыны («Біржан мен Шөже»), Біржан мен қыз» т.б.)
16.	Ақан сері Қорамсаұлы – қоршаған ортаның әсемдік әлемін, сұлулық тағлымын жырлаушы суреткер ақын.
17.	Сергіз Серінің арнау өлеңдері мен дастандары («Өкініш», «Ақ бұлақ», «Үбі батырға», «Алуа Жарылқамыс», «Зейне-Зайып» т.б.)
18.	С.Тастанбекқызының арнау өлеңдеріндегі лирикалық кейіпкер тағдыры хақындығы зар, мұн және оның әлеуметтік мәні («Аққу», «Қарлығаш», «Торығу», «Қош бол елім» т.б.)

19.	Ә.Найманбайұлының шығармаларындағы өнер, сұлулық, асыл мінез-құлық, еңбексүйгіштік, халық бақыты үшін еңбек ету («Ән басып меір кандыра салғандай қып», «Жігіттің жігіт боларбейнесінде», «Жас жігіт надандықпен алданады») тақырыптарының жырлануы.
20.	Ш.Уәлиханов – публицист жазушы («Құлжа күнделіктері», «Алты шаһар немесе Қашқария туралы», «Іл өлкесінің географиялық очеркі» т.б.)
21.	Ш.Уәлихановтың фольклор, әдебиет тарихы, поэзия жанрлар туралы зерттеу еңбектері. («Қазақ шежіресі», «Қазақ халық поэзиясының түрлері жөнінде», «Қазақтардағы шамандықтың қалдығы» т.б.)
22.	
23.	Ы.Алтынсарин әңгімелері – ұстаздық тәлім-тәрбие құралы, казак жазба прозасы қалыптасуының бастау негізі.
24.	А.Құнанбайұлының лирикалық өлеңдері.Азаматтық көңіл күй, философиялық толғаныстар. («Көңілім қайтты», «Патша құдай», «Көкбайға», «Сегіз аяқ», т.б.)
25.	Абай поэмалары – оқиғаларды суреттеу арқылы өсиеттік, ұстаздық ой туғызатын шағармалар.
26.	Абайдың кара сөздерінің тақырыптық, идеялық, көркемдік ерекшеліктері.
27.	«Зұлыс» Ақылбайдың роман-поэма түрінде жазылған үлкен көлемді шығармасы.
28.	Мағауия Абайұлының «Медғат-Қасым» поэмасының романтикалық көркемдік әдіс тұрғысындағы ерекшеліктері.
29.	Көкбай Жанатайұлының (1864-1927) шығармашылығы.
30.	Ш.С.Бөкеевтың лирикалық өлеңдеріндегі көңіл-күй философиясы. («Өмірдің өтуі», «Таудағы тас ұядан», «Қайран жерім», т.б.)
	Барлығы – 30 сағат

Әдебиеттер тізімі:

86. Асфендияров С.Д. История Казахстана /с др.вр./ 2-изд. –А., 1993
87. ӘуезовМ.О. Әдебиет тарихы. –А., Ана тілі, 1991
88. Байтұрсынов А. Әдебиет танытқыш//Ақ жол. –А., 1991
89. Бекмаханов Е. Казахстан в 20-40 годы 19-века. –А., 1992
90. Жұмалиев Қ. 18-19 ғасырлардағы казак әдебиеті. –А., 1967
91. Қоңыратбаев Ә. Қазақ әдебиетінің тарихы. –А., 1994

92. Сүйіншәлиев Х. 19-ғасыр әдебиеті. –А., 1992
93. Сүйіншәлиев Х. Қазақ әдебиетінің тарихы. –А., 1994
94. Сыздықова Р. Қазақ әдеби тілінің тарихы /16-19ғғ./ .-А., 1993
95. Абай тағылымы/Құраст. Н.Ғабдуллин/. –А., “Жазушы”, 1986
96. Абайды оқы, таңырқа...А., 1993
97. Абай тілі сөздігі А., 1968
98. Айтыс. Үш томдық. –А., 1965
99. Айтыс. Екі томдық. –А., 1988
100. Ақжолтай Ағыбай батыр. –Алматы. Ғылым., 2002 Ақын-жыраулар/Қысқаша өмірбаяндық мәліметтер мен библиографиялық деректер/. –А., 1979
101. Алтынсарин Ы. Мұсылманшылықтың тұтқасы. –А., 1991
102. Аничков И.В. Қазақ батыры Жанқожа Нұрмұхамедұлы (Орыстардың Сыр бойына алғашқы қадамының очеркі) Қазақ., Император университетінде типометодграфиясы, 1894. – Алматы.: “Терме” бірлестігі, 1991. –32б.
103. Ахметов З. Казахское стихосложение. –А., 1964
104. Ахметов З. Өлең сөздің теориясы. –А., 1973
105. Әбілұлы Меңдібай. Қазақ әдебиетіндегі діни-исламдық поэзия. –Тараз, 2003
106. Әдеби мұра және зерттеу. –А., 1961
107. Әдебиеттану терминдерінің сөздігі (құрастырғандар З.Ахметов, Т.Шанбаев). –А., 1996
108. Әлімқұлов Т. Жұмбақ жан. –А., 1993
109. Әуезов М.О. 18-19 ғ. ақындары//Әуезов М. 20 томдық шығармалар жинағы. Т.16. –А., 1985. –Б.176-198
110. Бельгер Г. Үндестік: Гете, Лермонтов, Абай. – А., 1982
111. Бердәулетов К. Бұқарбай батыр. –А., 1992
112. Бес ғасыр жырлайды. 2 томдық. Т.1. –А., 1989
113. Ғабдуллин Н. Абайдың назира үлгісі//Жұлдыз, 1991, № 11
114. Дәуітұлы С. “Диуани хикмет” және қазақ поэзиясы. –А., 2001
115. Досмұхамедұлы Х. Аламан. А., 1991
116. Дербісәлин Ә. Ыбырай Алтынсарин. –А., 1965
117. Дербісәлин Ә. Әдебиет туралы толғаныстар. –А., 1990
118. Есімов Ф. Хакім Абай. –А., 1991
119. Жармұхамедұлы М. Айтыс өлеңдерінің арғы тегі мен дамуы. –А., 2001
120. Жұбанов А. Замана бұлбұлдары. –А., 1975
